

БІЛІМ Республикалық педагогикалық ғылыми әдістемелік журнал **МӘРТЕБЕСІ**

№5 (65) 2026 мамыр

МЕНШІК ИЕСІ

ЖК «БІЛІМ МӘРТЕБЕСІ»

ДИРЕКТОР

Жазира Жеңісқызы

БАС РЕДАКТОР

Қанжар Мырқы

Журнал Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникация
министрлігі Байланыс, ақпарат-
тандыру және бұқаралық Ақпарат
құралдары саласындағы
мемлекеттік Бақылау
комитетінде 10.10.2019
жылы тіркеліп, тіркеу туралы
№KZ47VPY00015867 куәлігі
берілген

БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:

120014, Қызылорда қаласы,
Байсейітова көшесі 100 үй
Тел: 8 707 510 08 91,
8 778 380 53 74
E-mail: zhazi_0091@mail.ru

Журнал «БІЛІМ КЕНІ»
редакциясында теріліп, беттеліп,
«Принт» баспаханасында
басылды.

Жарияланған материалдар
редакцияның пікірін білдірмейді.

Мақаладағы мәліметтердің
дұрыстығына авторлар жауапты.

Қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды.

Редакция алқасы:

Ризаходжаева Гүльнара Абдумажитқызы -
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, педагогика ғылымдарының докторы,
доцент

Лазура Қазыханқызы - Түркия Республикасының
«Хажеттпе» Университеті философия ғылымдары-
ның докторы

Абдикаликова Достыккуль Садировна - Қызылорда
облысы, Арал ауданы №83 орта мектебі КММ, ше-
бер педагог

Меншікті тілшілер:

Оразбекқызы Гүлжанат
Ақмола облысы

Абылшеева Мадина Карахожаевна
Ақтөбе облысы

Асқарқызы Салтанат
Алматы қаласы

Амантаева Жадыра Аманбайқызы
Түркістан облысы

Білім мәртебесі журналының айдарлары

Мектептегі мерекелер

Ағылшын тілі

Тәрбие сағаттары

География

Шәкірттер жетістіктері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Қызықты мәліметтер

Информатика

Тарих

Менің мектебімнің тарихы

Қазақ тілі және әдебиеті

Білікті басшы

Математика

Әдістемелік қоржын

Ән-күй

Алғашқы әскери дайындық

Бастауыш сынып

Құқық негіздері

Ашық сабақтар

Орыс тілі және әдебиеті

Өзін-өзі тану

Тест жинағы ұстаз туралы жыр – шәкірт шығармашылығы

Технология – қолөнер

Физика – Химия

Дене тәрбиесі

Сурет және сызу

Өлкетану – экология

МАЗМҰНЫ

1. Ашенова Гульнур. HTML тілінде кесте құру	4
2. Барманбекова Айжан. Математикадан оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту	7
3. Еламанова Айгерим. Ағылшын тілінен сөздіктерді бастауыш сынып оқушыларына оңай меңгертудің жолдары ...	8
4. Жанайдарова Камария. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында химия пәнін оқу процесін ұйымдастыру ерекшелігі	9
5. Бектасова Гулмира. Қазіргі білім берудегі инновациялық технологиялардың рөлі	11
6. Лайсова Назым. Кері итеруші күш. Архимед заңы	12
7. Меңлібаев Жасұлан. Оқушылардың стандартты емес есептерді шешу дағдыларын қалыптастыру	15
8. Мукашева Кульпаш. Оқушы жетістігі - мұғалім шеберлігі	16
9. Нурсейтова Кенжегуль. Ұлттық құндылықтарды физика сабағында оқытудың маңызы	17
10. Нығмет Кәмшат. Дебат технологиясын сабақта қолдану мүмкіндіктері	18
11. Оразбекова Асель. Математика пәнінен дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыру	20
12. Саркенова Аида. HEALTH: Body parts	21
13. Сейтенова Асель. Математика пәнін оқытуда бастауыш және негізгі орта білім деңгейлері арасындағы сабақтастық	23
14. Серік Арайлым. Summarizing the chosen books	24
15. Төлегенова Фариза. Құстар туралы не білемін?	26
16. Тұяқбаева Алуа. Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы	28
17. Берсүгірова Алтынгүл. Математикалық практикум	30
18. Бөкенбаева Ақтолқын. Менің ататегім	31
19. Төребаева Айзада. Жасанды интеллект құралдарын информатика сабағында тиімді қолдану: педагогтің цифрлық құзыреттілігін дамытудың жаңа мүмкіндіктері	34
20. Сыздықова Эльмира. Балабақша әдіскерінің педагогикалық процесті ұйымдастыру, басқару және әдістемелік көмек көрсету бойынша қызметін тиімді жүзеге асыру үшін дайындау	36
21. Кәрібаева Жансая. Мектептегі ағылшын тілі: жаһандық білімге бастар маңызды қадам	38
22. Калымбетова Меруерт. Балабақша: баланың жарқын болашағына бастар алғашқы баспалдақ	40
23. Марсбек Назерке. Балабақшадағы тәрбие – болашақтың берік іргетасы	41
24. Әбуова Жанар. Ішкі бағалау жүйесін жетілдіру жолдары	42
25. Кенжебекова Майра. Жаңартылған білім беру жағдайында ағылшын тілін меңгертудің тиімді жолдары ..	44
26. Туремуратова Гульдана. Оқу-тәрбие жұмысының сапасын бағалау және мониторинг жүргізу әдістері ..	46
27. Тұрсынбек Нұрәулет. Жасанды интеллект – дене шынықтыру сабақтарында ұлттық құндылықтарды дәріптеудің инновациялық құралы	48
28. Қапбарова Гүлзира. Балалардың шығармашылық дамуы мен жеке тұлға ретінде қалыптасуы	50
29. Ж.Бекберген. Үй және дала құстары	51
30. Тажиева Шолпан. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін пәнаралық интеграцияны ұйымдастыру	52
31. Баймбетова Сандигүл. Баланың болашағы балабақшадан басталады	53
32. Меңлібай Айзат. Инклюзивті білім беру жағдайындағы мектеп логопедінің кәсіби қызметінің ерекшеліктері .	54
33. Жанаев Бауыржан. Қайталанатын жергілікті қауіпсіздік мәселелерін ведомствоаралық басқару: «қауіпсіз орта» регламентінің жобалық моделі	56
34. А.С.Курумбаев. От информирования к соуправлению: оценка механизмов взаимодействия государственных органов с молодежью в Павлодарской области	58
35. Құсан Еркін. Ішкі көшіп-қонушыларды бейімдеуді басқарудың институционалдық моделі: Павлодар облысының мысалы	61
36. Д.С.Мауленов. Тарихи қаладағы құрылыс инвестицияларын мемлекеттік реттеу: Түркістанға арналған тәуекелге негізделген интеграцияланған модель	64




HTML тілінде кесте құру



Ашенова Гульнур Жамсаповна

Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейінің информатика пәні мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы	
Педагог аты - жөні	
Пән атауы, сынып	Информатика 10-сынып
Бөлім, тоқсан	<i>IV-бөлім. Web-жобалау, 3 тоқсан</i>
Сабақтың тақырыбы	<i>HTML тілінде кесте құру</i>
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	<i>10.4.2.1 web-парақшаларды әзірлеуде HTML-тегтерін қолдану</i>
Сабақтың мақсаты	Барлығы: Web парақшаларын әзірлеуде HTML тегтерін қолданып кесте құрады. Көпшілігі: Құрылған тегтерді компьютерде тәжірибе арқылы көрсетеді. Кейбірі: HTML тегтерін қолданып кестені безендіру.

Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар										
САБАҚ ТЫҢ БАСЫ	I. Ұйымдастыру кезеңі <i>А) Сыныппен амандасу, түгендеу</i> <i>Ә) оқу құралдарын түгелдеу</i> Оқушыларды 3 топқа бөлемін <u>1топ-HTML, 2топ -HEAD, 3топ-BODY</u>			«FIPPITY» платформасы										
5 мин	Өткен білімді еске түсіру: «Миға шабуыл» әдісі арқылы үй тапсырмасын тексереді. Оқушылардан интербелсенді тақта арқылы үй тапсырмасының орындалуы тексеріледі. 	❖ Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады 1ұпай	Информатика Г.И. Салғараева Ж.Б. Базаева А.С. Маханова Арман ПВ 2019 https://learn-ingapps.org/watch?v=ps6kex11524 										
САБАҚ ТЫҢ ОРТАСЫ	II. Жаңа сабақ <u>Тақырып: HTML тілінде кесте құру</u> <u>Оқушыларға тақырыпты өздігінен оқын танысу тапсырылады</u> <table border="1"><tr><td><table>...</table></td><td>Бұл HTML кестесін анықтайтын тег.</td></tr><tr><td><th>...</th></td><td>(Ағылшын «table headings» – кесте тақырыбы). Кестенің тақырыбын анықтайтын тег. <th> тегі кестенің бірінші қатарында орналастырылады. Браузер <th> элементіндегі мәтінді қалың бөліткен шығарады және оны ұшыақшын ортасында орналастырады.</td></tr><tr><td><tr>...</tr></td><td>(Ағылшын. «table rows» – кесте қатары). Кесте жолын құруға арналған тег. <tr> саны қанша болса, сонша кестеде жол болады.</td></tr><tr><td><caption>...</caption></td><td>Кестенің атауын анықтайтын тег.</td></tr><tr><td><td>...</td></td><td>Кесте ұшыақшын анықтауға арналған тег. Ұшыаққа әр түрлі HTML элементтері болуы мүмкін: мәтін, суреттер, тізімдер, басқа кестелер және т.б.</td></tr></table>	<table>...</table>	Бұл HTML кестесін анықтайтын тег.	<th>...</th>	(Ағылшын «table headings» – кесте тақырыбы). Кестенің тақырыбын анықтайтын тег. <th> тегі кестенің бірінші қатарында орналастырылады. Браузер <th> элементіндегі мәтінді қалың бөліткен шығарады және оны ұшыақшын ортасында орналастырады.	<tr>...</tr>	(Ағылшын. «table rows» – кесте қатары). Кесте жолын құруға арналған тег. <tr> саны қанша болса, сонша кестеде жол болады.	<caption>...</caption>	Кестенің атауын анықтайтын тег.	<td>...</td>	Кесте ұшыақшын анықтауға арналған тег. Ұшыаққа әр түрлі HTML элементтері болуы мүмкін: мәтін, суреттер, тізімдер, басқа кестелер және т.б.	❖ Оқушылар жаңа тақырыпты меңгереді		Презен Тация 
<table>...</table>	Бұл HTML кестесін анықтайтын тег.													
<th>...</th>	(Ағылшын «table headings» – кесте тақырыбы). Кестенің тақырыбын анықтайтын тег. <th> тегі кестенің бірінші қатарында орналастырылады. Браузер <th> элементіндегі мәтінді қалың бөліткен шығарады және оны ұшыақшын ортасында орналастырады.													
<tr>...</tr>	(Ағылшын. «table rows» – кесте қатары). Кесте жолын құруға арналған тег. <tr> саны қанша болса, сонша кестеде жол болады.													
<caption>...</caption>	Кестенің атауын анықтайтын тег.													
<td>...</td>	Кесте ұшыақшын анықтауға арналған тег. Ұшыаққа әр түрлі HTML элементтері болуы мүмкін: мәтін, суреттер, тізімдер, басқа кестелер және т.б.													
5 минут	<u>Кесте тұрғызу</u> <TABLE> және </TABLE> тегтері көмегімен орындалады.													



10 мин	Тапсырма №1 Топтық жұмыс Әр топта оқушылар Жиексіз кесте, Жиекті кесте және кесте жиегіне түс қою тегін жасайтын болады. Мұнда кесте құрудағы әр түрлі тегтерді қолданатын болады HTML топ оқушылары жиексіз кесте тегтерін құрады  HEAD топ оқушылары жиекті кесте тегтерін құрады  BODY топ оқушылары кестенің жасақтауын қалыңдату тектерін құрады 	❖ Тақырыпты меңгергенін анықтау Дескриптор: -Кестеде қанша жол бар екенін анықтайды; - Кестеде қанша баған бар екенін анықтайды.   	✓ ҚБ Бағалау критерийлерін ұсыну: ✓ Тақырыпты біледі, түсінеді. 1 ұпай ✓ Топпен жұмыс жасай алады. 1 ұпай	
15 мин	Жеке тапсырма ұсыну №2 Топпен жасалған тапсырманы яғни құрған тегтерін компьютерде теріп нәтижесін экранға шығарады және кестені безендіреді	Жаңа тақырыпты тәжірибе арқылы меңгеру Дескриптор -Web парақша-ларын әзірлеу-дегі HTML тілінде тегтерді қолданады -Web парақшаларын әзірлеудегі HTML тегтерді компьютерге жазып, кестенің нәтижесін экранға шығарады. -Блокноттағы Web-парақша-ларын әзірлеу-дегі HTML тілінде тегтерді браузерге айналдырады -Web парақшаларын әзірлеудегі HTML тілінде тегтерді кестені безендіреді.	✓ ҚБ Бағалау критерийлерін ұсыну: -Блокноттағы тегтерді браузерге айналдырады. 1 ұпай -Компьютерге жазып, кестенің нәтижесін экранға шығарады. 1 ұпай -Блокноттағы тегтерді браузерге айналдырады. 1 ұпай -Компьютерге жазып, кестенің нәтижесін экранға шығарады. 1 ұпай -Кестені безендіреді. 1 ұпай	Компьютер, блокнот, интернет




5 мин	Өткен тақырыпты бекіту тапсырмасы: Сұрақ жауап әдісі 1. Кестені анықтайтын жұптық тег: (<u><table></u> тегі) 2. Кестенің жолын анықтайтын тег: (<u><tr></u> тегі) 3. Кестенің ұяшығын анықтайтын тег: (<u><td></u> тегі) 4. Кестенің шетін қою үшін қандай атрибут қолданылады? (<u><border></u> тегі) 5. Кестенің бағаналарының біріктірілуін қандай тег анықтайды? (<u><rowspan></u> тегі) 6. Кесте тақырыбын жазу жолын анықтайтын тег? (<u><caption></u> тегі)	❖ Оқушылар алған білімдерін сұрақ жауап арқылы бекітеді		SPINTHE WHEEL.IO платформасы
САБАҚТЫҢ СОҢЫ 5 мин	А) Кері байланыс «Бағдаршам» әдісі бойынша өтеді  Ә) Бағалау Б) Үй тапсырмасы Оқулық 150 бет, 1 және 4 тапсырма	«Classroomscreen» платформасы арқылы сабаққа кері байланыс жасайды	✓ Белсенді оқушының мұғалімнің бағалауы 1 ұпай ✓ Топ басшысының бағалауы 1 ұпай сабақ барысында оқушылардың ұпайын санау арқылы бағалаймын	«Classroom screen» платформасы https://docs.google.com/spreadsheets/d/1j3da-L7iXX-EWL-jA_5736a1zm_qit-_iu4Z1z-vLkarwE/edit?usp=sharing



Математикадан оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту

Барманбекова Айжан Тлұхановна

Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы «С.Сейфуллин атындағы
гимназиясы» КММ математика пәні мұғалімі



Математика пәнінде оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту-бұл олардың терең білім алуына, сыни ойлау қабілетінің артуына және шығармашылық әлеуетінің ашылуына жол ашатын маңызды процесс. Зерттеушілік дағдылар оқушыларға математикалық заңдылықтарды өз бетінше ашуға, жаңа идеялар ұсынуға және проблемаларды шешудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі. Міне, математика сабағында оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытудың тиімді жолдары:

1. Зерттеушілік орта құру. Оқушыларды жеке, жұппен, топпен зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беру. Кейбір оқушылар жеке жұмыс жасай отырып жеке жетістікке жеткісі келсе, кейбір оқушылар жұптаса жұмыс жасағанды қалайды, себебі ортақ идеялар туындатып, тапсырмаларды бірлесе шешеді.

- **Сұрақтар қою:** Оқушыларды ойландыратын және зерттеуге итермелейтін ашық сұрақтар қою. Сол сұрақтар төңірегінде оқушылар ойланып, жауап іздейтіндей мүмкіндік алады. Сұрақ қою арқылы мұғалім оқушының бойындағы білімге құштарлықты дамытады, зерттеуге ынталандырады, сын тұрғысынан ойлануға көмектеседі, тақырып бойынша өз ойын ашық жеткізуге, сындарды сойлеуге ынталандырады.

- **Еркін ойлауға мүмкіндік беру:** Оқушылардың өз идеяларын еркін білдіруіне және болжамдар жасауына мүмкіндік беру. Оқушылар бірнеше идеялар ұсына алады, барлығының нәтижесін көргісі келеді. Қолпаштаңыз, ойының дұрыс екенін, жүзеге асырып көру керек екенін

- **Қателіктерді қабылдау:** Қателіктерден қорықпауға үйрету, оларды оқу процесінің бөлігі ретінде қарастыру. Оқушыға бірнеше мүмкіндіктерді ұсыну. Мүмкін оқушы бірінші зерттеуінде айтарлықтай нәтиже көре алмаған болар, зерттеуді жалғастыра беруі керек екенін түсіндіру, нәтижелерін салыстыра отырып, қорытынды жасауға үйрету.

- **Қолдау көрсету:** Оқушыларға өз зерттеулерін жүргізуге қажетті ресурстар мен қолдауды ұсыну. Оқушыларға бағыт-бағдар беру, қандай қосымша әдебиеттермен жұмыс жасау керектігін, қандай сайттардан іздеп, қарап көруге болатынын нұсқау.

2. Зерттеушілік тапсырмалар беру:

- **Ашық есептер:** Бірнеше шешімі бар немесе шешу жолдары әртүрлі болатын есептерді беру.

- **Проблемалық жағдаяттар:** Күнделікті өмірмен байланысты проблемалық жағдаяттарды ұсыну және оларды математикалық тұрғыдан шешуді талап ету. Мысалы, күнделікті тұтынатын ауыз судың мөлшерін үнемді тұтынуды есептеу, тамақтардың калориясын есептеу, ара қашықтыққа қатысты мәселе есептер туындату, банктерден несие алу мен өтеу, т.б.

- **Жобалық жұмыстар:** Оқушыларға математикалық тақырыптар бойынша жобалар жасауды

тапсыру, олардың зерттеу жүргізу, мәліметтерді талдау және қорытынды жасау дағдыларын дамыту. Бұл жобалар тек математика пәні сабағында қалып қоймай, мектепшілік, қалалық сайыстарға ұсына алатындай дәрежеде жазылғаны дұрыс.

- **Тарихи зерттеулер:** Математикалық ұғымдардың, теоремалардың және ғалымдардың өмірін зерттеуге бағытталған тапсырмалар беру.

3. Зерттеу әдістерін үйрету. Оқушыларға зерттеу жұмысын бастамас бұрын зерттеу этаптарымен таныстырып, қалай жұмыс жасау керектігін түсіндіру.

- **Мәліметтер жинау.** Ақпаратты әртүрлі көздерден (кітаптар, интернет, эксперименттер) жинауды үйрету.

- **Талдау.** Жиналған мәліметтерді талдау, заңдылықтарды анықтау және қорытындылар жасау.

- **Болжам жасау.** Мәліметтерге негізделіп болжам жасау және оларды тексеру.

- **Дәлелдеу.** Өз тұжырымдарын дәлелдеу үшін математикалық құралдарды пайдалану.

- **Қорытынды жасау.** Зерттеу нәтижелерін қорытындылау және оларды нақты түрде ұсыну.

- **Презентация жасау.** Зерттеу нәтижелерін сыныптастарына және мұғалімге презентация жасау арқылы ұсыну.

4. Ресурстармен қамтамасыз ету.

- **Кітапхана.** Математикалық кітаптарға, журналдарға және энциклопедияларға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

- **Интернет.** Интернеттегі математикалық ресурстарға, сайттарға және форумдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

- **Бағдарламалық қамтамасыз ету.** Математикалық есептеулерді жүргізуге және моделдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсыну (мысалы, GeoGebra, Wolfram Mathematica).

- **Құралдар.** Зерттеулер жүргізуге қажетті құралдармен (сызғыштар, циркульдер, калькуляторлар) қамтамасыз ету.

5. Бағалау:

- **Процесті бағалау:** Тек нәтижені ғана емес, зерттеу процесін де бағалау (мысалы, мәліметтерді жинау, талдау, болжам жасау, дәлелдеу).

- **Кері байланыс:** Оқушыларға өз зерттеулері туралы кері байланыс беру, олардың күшті және әлсіз жақтарын көрсету.

- **Портфолио:** Оқушылардың зерттеушілік жұмыстарын жинақтау және бағалау үшін портфолио пайдалану.

Математика пәнінде оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту-бұл олардың математикаға деген қызығушылығын арттыруға, сыни ойлау қабілетін дамытуға және болашақта табысты болуға көмектесетін маңызды қадам.



Ағылшын тілінен сөздіктерді бастауыш сынып оқушыларына оңай меңгертудің жолдары

Еламанова Айгерим Байғалиевна

*Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімі*

Ағылшын тілінен сөздіктерді бастауыш сынып оқушыларына оңай меңгертудің бірнеше тиімді жолдары бар. Мұнда балалардың жас ерекшеліктерін және олардың қабылдау қабілеттерін ескеру маңызды. Себебі кейбір оқушылар тез меңгеріп алса, кейбіреулеріне сөздіктерді бірнеше қайталану керек болады. Ағылшын тілінен сөздіктерді оңай жаттатудың бірнеше түрлерін ұсынып отырмын:

1. Қызықты және ойын элементтерін қолдану:

- **Суретті сөздіктер:** Әрбір сөздің суреті берілген сөздіктерді пайдалану. Балалар визуалды түрде жақсы есте сақтайды.

- **Сөздік ойындары:** Сөздерді табуға, жаттауға және қолдануға арналған ойындар ойнау. Мысалы, “Hangman”, “Scrabble Junior”, “I Spy” және т.б.

- **Карточкалар (Flashcards):** Әрбір карточкада сөз және оның суреті болсын. Оқушыларға әрбір карточкалардағы сөздерді жаттап алу қиынға соғатындықтан, сөздерді бірнеше рет қайталау, сәйкестендіру тапсырмасын орындату және жарыс ойындарын қолдануға болады.

2. Тақырыптық тәсілді қолдану:

- **Тақырыптар бойынша сөздіктер:** Сөздерді күнделікті өмірде кездесетін тақырыптарға бөлу (мысалы, отбасы, жануарлар, тағам, түстер, сандар және т.б.).

- **Әңгімелер мен мәтіндер:** Сөздіктерді жаңа сөздерді үйрету үшін әңгімелермен және мәтіндермен байланыстыру. Балалардың күнделікті естіп жүрген әндері арқылы да сөздерді жаттатуға болады. Мысалы, «Көк трактор» («Синий трактор») әні арқылы жануарлардың атауларын, түстерді, «Әйелдерге гүл сыйландар» («Дарите женщинам цветы») әні арқылы гүлдердің атауларын, т.б. жаттатуға болады. Жануарлардың суреттерін көрсетіп, олардың ағылшынша атауларын үйрету. Одан кейін оқушыларға өздерінің сүйікті жануарлары туралы қысқаша әңгіме құрастыруды ұсыну. Түрлі түсті заттарды көрсетіп, олардың ағылшынша атауларын үйрету. Содан соң оқушыларға сыныптағы түстерді табуды және оларды атауды тапсыру.

3. Сөздерді контексте үйрену:

- **Сөйлемдер:** Жаңа сөздерді сөйлемдердің ішінде қолдану. Бұл сөздердің мағынасын түсінуге және оларды қалай қолдану керектігін үйренуге көмектеседі. Сонымен бірге оқушы қысқа сөйлемдерді де құрап үйренеді.

- **Рольдік ойындар:** Оқушыларға жаңа сөздерді қолдана отырып, рольдік ойындар ойнауды ұсыну. «Мен

кіммін?» ойыны арқылы мамандыққа қатысты сөздерді, «Мен қайдамын?» ойыны арқылы қалалардың атауларын, немесе бөлмелердің атауларын, «Менің бақшам» ойыны арқылы жеміс-жидектердің атауларын оңай жаттатуға болады.

4. Қайталау және бекіту:

- **Үнемі қайталау:** Жаңа сөздерді үнемі қайталап отыру.

- **Әртүрлі жаттығулар:** Жаңа сөздерді бекіту үшін әртүрлі жаттығулар жасау. Мысалы әрбір сабақтан кейін 5 минуттық сөздік диктанттарын жазғызу үлкен нәтиже береді. Себебі оқушы мұғалімнің айтқан сөзін тыңдайды, іштей қайталайды, жазады. Яғни оқушының тыңдалым, айтылым, жазылым дағдылары дамиды. Сөзжұмбақтар, сөздерді сәйкестендіру тапсырмаларын да қолдануға болады.

Қосымша кеңестер:

- **Кішкентай қадамдармен бастау:** Алдымен ең көп қолданылатын және оңай сөздерді үйрету.

- **Сөздіктерді үнемі қолдану:** Сабақтарда сөздіктерді үнемі қолдану.

- **Үй тапсырмасы:** Үй тапсырмасы ретінде жаңа сөздерді қайталау, сөйлемдер құрастыру немесе шағын әңгіме жазу.

5. Дыбысталуға көңіл бөлу:

- **Дұрыс айтылуы:** Әрбір сөздің дұрыс айтылуын үйрету.

- **Дыбыстық ойындар:** Дыбыстарды үйренуге арналған ойындар ойнау (мысалы, рифмалар, аллитерациялар).

Бәрінен бұрын сабақ барысында сыныпта жағымды атмосфера, оқушыларға қолдау мен уәж (мотивация) қажет болады. Баланы мадақтаған сайын жақсы оқуға талпынады. Оқушылардың кішкене де болса жетістігін мадақтап отыруды әдетке айналдыру керек. Осы әдістерді қолдану арқылы сіз бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілінен сөздіктерді қызықты және тиімді етіп үйретуге көмектесесіз. Ең бастысы-оқушылардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын ескеру және оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалану.



Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында химия пәнін оқу процесін ұйымдастыру ерекшелігі

Жанайдарова Камария Ажигбековна

Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі



Білім беру мазмұнын жаңартылуы білім алушының өз бетімен білім ала алатын және алған білімін өмірдің түрлі жағдайында химия пәнінен оқу қолдана білетін жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін оқытудың жаңа форматына көшірілді. Сонымен жеке тұлғаның дамуына және қалыптасуына әсер ететін факторлардың бірі құзыреттілік. «Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н.Хомский болды. Оның пайымдауынша, «құзыреттілік» термині грамматика білімдеріне негізделген. Жалпы алғанда құзыреттілік дегеніміз-жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік, дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі.

Құзыреттілік дегеніміз-оқушының алған білім мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандайда бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алатын қабілеттілігі. [1,49 б.]

Жаңартылған білім мазмұны білім алушылардың сыни ойлауын зерделеу мақсатында мектепте шығармашылық топ құрылды. «Lesson study» жобасы бойынша білім алушылардың ғылыми жаратылыстану бағытындағы пәндердің оқытылуын зерделеу үшін, химия сабағында білім, білік, дағдыларын қалыптасуын зерделеу негізінде үш тізбектелген сабақтар топтамасы бірігіп құрылды. Сабақтар топтамасын негізге ала отырып, химия пәнін оқыту процесін ұйымдастырудағы ерекшелігі қарастырылды.

Бірінші сабақ химия пәні бойынша «Отынның жануы және энергияның бөлінуі» тақырыбы бірлесе отырып, құрылды. Сабақта қамтылған оқушы саны-24.

Сабақтың басы. Сабақта психологиялық ахуал туғызу мақсатында шаттық шеңбері құрылды. Білім алушылардан «10 сұрағым бар?» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау үшін, сынып топтық жұмысқа жұмылдырылып, тапсырмалар бойынша жұмыс жасалды. Жұлдызша арқылы бағаланды.

Сабақтың ортасы. Тақырыпты ашу мақсатында көрсетілім ретінде видео материал ұсынылды. Жаңа сабақты болжау мақсатында «Болжау» стратегиясы бойынша бірнеше сұрақтар қойылып, жауап алынды. Жаңа тақырыпты меңгеруге 7 минут уақыт беріліп, оқулықпен жұмыс жүргізілді. Білім алушыларға жану реакциясының тәжірибесі көсетілді, әрқайсына жеке тапсырмасын орындау үшін жану реакциясын жазу берілді. Осы тапсырманы бағалауға арналған дискриптор ұсынылды. Сондай-ақ, жұптық тапсырма ретінде отынның түрлерін

сәйкестендіру ұсынылды. Отының түрлері көрсетілген үлгілер қолданылып, тапсырманы өзара бағалауға дискриптор берілді.



Топтық жұмыс

Топтық жұмыста сынып 4 топқа бөлінді. Білім алушыларға жағдаяттық тапсырмалар берілді, оның шешу жолдарын ұсынады. I-ші «Тас көмір», III-ші «Газ» топтарына отын жанғанда бөлінген газдан уланған адам бейнеленген визуалды тапсырма таратылды; II-ші топ «Мұнай», IV-ші топ «Сұйық отын» топтарына «Парниктік эффектін пайда болуын көрсететін иллюстрацияны толықтыр» әдісі бойынша талдау жасап, ұсынысын білдіреді. «Жапондық бағалау» әдісімен қалыптастырушы бағалау жүргізілді. Мысалы, «Ооооо» - 5, «Ммммм»-4. Бұл берілген тапсырмалар білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастырады.

Сабақтың соңы. «Бес саусақ» әдісі арқылы сабақтың өң бойына кері байланыс жасалды.

Қорыта келгенде, өткізілген сабақтың жоспары сәтті құрылған, оқушылардың жас ерекшелігі ескерілген, оқушылар формативті бағалау түрлерімен таныс, алайда топтық жұмыс кезінде ынтымақтастық, бірлескен іс-әрекет байқалмады. Пән мұғалімі өз пәнін жетік біледі, дәстүрлі сабақ пен жеті модульді кіріктіре отырып топтық жұмыс формасында өтетін сабақтың ерекшеліктерімен, тиімділік жағын ажырата алды. Шығармашылық топпен бірігіп құрылған қысқа мерзімді жоспарда ұсынылған әдіс-тәсілдер тиімді қолданылды. Алайда білім алушылар өлшемдерді қолданып, бір-бірімен сындарлы кері байланыс жасауда кемшіліктер байқалды. Сонымен қатар, жеке жұмыс жасауда сынып оқушылары өздігінше тақырыпты меңгеруде қиындықтарға тап болып, мұғалімнің көмегімен жаңа материалды меңгеру жүзеге асты.

Ерекшелігі: Білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, уақытты тиімді бағамдау, өтілген тақырыпты жан-жақты түсінуге қол жеткізу үшін, қорытындылау сапалы құрастырылды. Шығармашылық топ



кезекті кездесуінде, қысқа мерзімді жоспарда тиімді қолданылған әдіс-тәсілдерді келесі басқа пәндерде қолданылу ұсынылды. Жеке тапсырманың орынына жұптық, топтық тапсырмаларды көбірек беру туралы пікірлер білдірді.

Екінші сабақтың тақырыбы «Иондық байланыс». Сабақтың басы шаттық шеңберінде ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырумен басталды. Білім алушылар сандар арқылы 1, 2, 3, 4 деп 4 топқа бөлінді.

Ұжымнан үй жұмысын сұрау «Конверттегі сұрақтар» әдісі арқылы жүзеге асты. Жұлдызша арқылы қалыптастырушы бағалау жүргізілді.

Жаңа материалды меңгерту кезінде электронды оқулықтан иондық байланыстың түзілу механизмін тақтада көрсете отырып, талдау сәтті қолданылды. Жаңа материалды бекіту үшін жеке тапсырма орындалды.

A) Иондық ionic bond	1. F_2
	2. O_2
B) Ковалентті полюсті Covalent pole	3. H_2O
	4. NH_3
C) Ковалентті полюссіз Without covalent pole	5. $NaCl$
	6. MgF_2

A _____ B _____
C _____

Мына кестені қолданып, қосылыстардағы байланыстың типін «сәйкестендіреді» білім алушы жұппен жұмыс жасады. Қалыптастырушы бағалау кезінде жұптар «Өзара бағалау» әдісін қолданды.

«Топтас ойлан бөліс» әдісін пайдаланып топтық жұмыс ұйымдастырылды. Көрсетілген LiF , $CuCl_2$, MgF_2 , KI заттардың химиялық байланыс түрін ажыратып, «Крест және нүкте» диаграммасын пайдаланып механизмін дәйектейді. Топтық жұмыс «кластер» әдісімен жалғасын тапты. «Ойлаудың 3 шеңбері» бағалау әдісі арқылы қалыптастырушы бағалау жүргізілді.

Сабақтың соңы. «Блоб ағашы» әдісі арқылы сабақтың өң бойына кері байланыс жасалды.



Осы сабақты қорыта келгенде, үй тапсырмасы мен жаңа сабақтың арасы сатылай жалғасын тапты. **Білім алушылар сабақ барысында топтық жұмысқа жаттыққандығы, бағалау түрлерімен таныстығы, өзара сындарлы кері байланыс ұсына алатындығы көрінді.**

Ерекшелігі: сабақтың құрылымын сақталған, оның бөлек элементтері, жүйелігі және уақытты тиімді мөлшерлеуі, сабақтың мазмұны мен мақсатының сәйкестігі көрініс тапты.

Білім алушылар қазіргі таңда топпен, жұппен жұмыс атқара білді. Өз ойларын ашық, нақты және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін білдірте алды. Білім алушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді.

«Мен еш уақытта еш нәрсе үйретпеймін, тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын» - деп, Альберт Эйнштейн айтқандай, мектептің әкімшілігі өз мұғалімдеріне заманауи талаптарға сәйкес жаңаша жұмыс жасауда өз қолдауын көрсетіп отырғаны осы шығармашылық топтың кезіндегі ынтымақтастықта жұмыс жасау кезінде көрінгенін ризашылықпен айтуға болады. Сонымен қатар мұғалімнің шығармашылық тұрғыда өсуіне көмек көрсетілді. Егер де жаңа технология элементтерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық үшінші (негізгі) деңгей, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 ж. -106 б.

2. Lesson Study: сабақты зерттеу бойынша мұғалімше арналған нұсқаулық, Астана - 2013 ж. -110 б.



Қазіргі білім берудегі инновациялық технологиялардың рөлі

Бектасова Гүлмира Сарсенбековна

Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейінің информатика пәнінің мұғалімі



XXI ғасыр-ақпараттық технологиялар заманы. Бұл кезеңде білім беру жүйесінде де үлкен өзгерістер мен жаңашылдықтар орын алуда. Инновациялық технологиялар білім сапасын арттыру, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту және білімді өмірде қолдану мүмкіндігін күшейту үшін кеңінен енгізіліп жатыр. Әлемнің үздік тәжірибелері көрсеткендей, қазіргі білім беру үрдісінде әдіс-тәсілдер мен платформаларды дұрыс әрі тиімді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың болашақтағы табысты дамуына негіз болады. Білім берудегі инновациялық әдіс-тәсілдердің тиімділігі

Инновациялық әдістер мен технологиялар білім беру үрдісін түрлендіріп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, жобалық оқыту, интерактивті сабақтар, геймификация (ойын арқылы оқыту) сияқты әдістер оқушыларды оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандырады. STEAM білім беру (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика салаларын біріктіру) сияқты тәсілдер оқушылардың сыни ойлауын, топпен жұмыс жасау дағдыларын дамытады.

- VR технологиялары оқушыларды виртуалды зертханаларда тәжірибе жасауға үйретеді;

- Жасанды интеллект арқылы әр оқушының білім деңгейіне бейімделген жеке оқу траекториясы құрылады;

- Онлайн курстар арқылы әлемнің кез келген түкпіріндегі үздік университеттердің курстарын меңгеру мүмкіндігі пайда болды. Инновациялық технологиялар арқасында білім барлығына қолжетімді бола бастады. Ертеңгі күні білім алудың шекарасы болмайды: кез келген адам онлайн арқылы сапалы білім ала алады, жаңа мамандықтарды игере алады.

Білім беру платформаларын қолданудың артықшылықтары

Цифрлық платформалар білім беру процесін тиімділігін бірнеше есе арттырады. Бүгінгі күні Google Classroom, Kahoot, Quizizz, Edmodo, Zoom, Microsoft Teams, BilimLand сияқты платформалар білім беру жүйесінде кеңінен қолданылады.

Олар:

- Қашықтан оқытуды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

- Интерактивті сабақтар өткізуге жағдай жасайды;

- Бағалау мен кері байланыс алу үдерісін жеңілдетеді;

- Тапсырмаларды жеке деңгейде беруге және орындауға мүмкіндік береді;

- Уақыт пен ресурстарды үнемдейді.

Кері байланыс үшін осы платформаларды ұсына аламын:

- FeedbackFruits

- Report Genie

- HyperWrite

- Brisk Teaching

- Mentimeter

- Classroomscreen

- Wordwall

- Flippity

- ClassDojo

- Genially

- Socrative

- **Сабақ презентациясын дайындауға көмекші нейрожелілер**

<https://slidesgo.ai/>

<https://tome.app/>

<https://www.decktopus.com/>

<https://autoppt.com/>

<https://visme.co/>

<https://gama.app/ru>

<https://www.magicslides.app/>

<https://www.sendsteps.com/>

<https://www.beautiful.ai/presentation-maker>

<https://designs.ai/design-types/presentations>

<https://www.presentations.ai/features>

<https://tome.app>

- **Балалардың қызығушылығын арттыратын білім беру ойындары**

<https://www.abcya.com/games/category/science>

PBS KIDS

<https://pbskids.org/games/science>

Science Kids

<https://www.sciencekids.co.nz/gamesactivities.html>

- **Napkin AI**-бұл идеяларды визуализациялауға және карапайым түрде процестерді құрастыруға арналған ақылды құрал. Ол қолданушыларға өз ойларын түсінікті, креативті және тиімді түрде жеткізу үшін жасалған.

Qaz Comics-бұл қазақ тіліндегі авторлық комикстер мен аңыз-ертегілерді ұсынатын онлайн платформа. Мұнда ұлттық құндылықтарды, тарихи кейіпкерлерді және ұлы дала аңыздарын заманауи форматта бейнелейтін комикстер бар. Сондай-ақ, кейіпкерлермен танысу, бейнебаян көру, галереяны шолу мүмкіндіктері де ұсынылған. (<https://qazcomics.kz/kz>).



Берілген мәтіннен видео жасайтын нейрондық желілер

<https://www.genmo.ai>

<https://app.pixverse.ai/>

<https://hailuoai.video>

- Текстен видео жасайды (мысалы, «теңіз астында балықтар жүзіп жүр» десең, AI өзі видео жасайды).

- Анимацияланған суреттер жасайды.

- Фото мен видеоны өңдеу (edit) мүмкіндігі бар.

- Креативті 3D эффекттер жасауға мүмкіндік береді.

- Видеороликтер жасау (презентацияларға, жарнамаға)

- Анимациялық клиптер құру

- Жобалар мен ғылыми жұмыстар үшін иллюстрациялар жасау

- Ойындар, комикстер үшін визуалды контент дайындау. Genmo.ai — креативті жобалар үшін өте күшті құрал. Білім, өнер, маркетинг, робототехника саласында да пайдалы қолдануға болады.

Платформаларды қолдану арқылы мұғалімдер оқушылардың жетістіктерін дер кезінде бақылап, оқыту әдістерін үнемі жетілдіріп отырады. Ал оқушылар өздеріне ыңғайлы ортада білім алуға, тапсырмаларды қалаған уақытта орындауға мүмкіндік алады. Болашақта білім

беру саласы толықтай цифрландыру бағытына көшеді деп күтілуде.

Жасанды интеллект, виртуалды және толықтырылған шындық (VR/AR), блокчейн технологиялары білім беру үрдісіне белсенді енгізілуде

Қорыта келе, қазіргі білім беру саласында инновациялық технологиялардың рөлі орасан зор екенін айтуға болады.

Оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері мен цифрлық платформаларды тиімді қолдану білім алушылардың белсенділігін арттырып, білім сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Болашақта білім беру цифрландыру, автоматтандыру бағытында одан әрі дамиды және бұл процесс оқытушы мен оқушының мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Инновациялық технологияларды дұрыс әрі мақсатты қолдана отырып, біз білім беру сапасын арттырумен қатар, ұлттың зияткерлік әлеуетін де көтере аламыз. Сондай-ақ, оқушы-центрлік оқыту тәсілі арқылы әрбір бала өзінің қызығушылығы мен мүмкіндігіне сәйкес дамиды. Бұл әдістер оқытудың тек дәстүрлі лекция форматынан шығып, білім алушыны өз бетімен ізденуге үйретеді.




Кері итеруші күш. Архимед заңы

Лайсова Назым

Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейі физика пәні мұғалімі

Бөлім:	7.3А Қысым			
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 7	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	Кері итеруші күш. Архимед заңы			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.1.1.12 сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын түсіндіру; 1.1.1.13 7.3.1.13- есептер шығарудаАрхимед заңын қолдану			
Сабақтың мақсаты	Барлығы: Кері итеруші күштің физикалық мағынасын біледі. Көбісі: сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын ажыратады. Кейбірі: Кері итеруші күштің формуласын түрлендіре отырып,есептер шығаруда қолданады.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар



Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Сабақтың басы 5 минут Өткен білімді еске түсіру	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Үй тапсырмасын сұрау. Оқушылардың зейінін шоғырландыру үшін « Миға шабуыл»стратегиясын қолдандым: Яғни LeaningApps платформасы арқылы сәйкестендіру 1.Қалыпты атмосфералық қысым нешеге тең? (760мм.сын.бағ) 2.Түтікті металл манометр ойлап тапқан кім?(Бурдон) 3. Сфигмоманометр не үшін қолданылады? (Адамның қан айналымы жүйесіндегі қысымын) 4. Атмосфералық қысымды өлшеуге арналған құрал? (Барометр) 5. Қысымның өлшем бірлігі? Па-скаль 6. Қарапайым манометр? «Ой шақыру» әдісі арқылы сабақ тақырыбын тұжырымдаймыз: Кері итеруші күшті өмірмен байланыстырып мысалдар келтіремін. Архимед жайында айтамын. Бейне ролик арқылы тақырыпты ашамыз. Формуланы ашып түсіндіремін. 1 тапсырма. «Организер» әдісі (бос ұяшықтарды толтыру) <table><tr><td>Атауы</td><td>белгі-ленуі</td><td>Өлшем бірлігі</td><td>формула</td></tr><tr><td>Архимед заңы</td><td>FA</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Көлем</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Тығыздық</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Ер-кін түсу үдеуі</td><td>g</td><td></td><td></td></tr></table> 2-тапсырма Сөйлемдердегі бос орындарды дұрыс сөздермен толтырыңыз. Теориялық тапсырмалар ұсынамын. Физикалық диктант: 1. Сұйыққа немесе газға батырылған кез келген денеге күш әсер етеді.	Атауы	белгі-ленуі	Өлшем бірлігі	формула	Архимед заңы	FA			Көлем				Тығыздық				Ер-кін түсу үдеуі	g			Сәлемдесу Миға шабуыл сұрақтары арқылы үй жұмысын қайталау сұрақтары қою.  Берілген тапсырмаларды орындайды	Бағалау критерийлері Тақтаға шығып, сәйкестендіреді – мадақтау арқылы Жақсы! Жарайсың! Архимед туралы анықтайды; Кері итеруші күшіне анықтама береді; Архимед заңын түсіндіреді. Құбылысты түсіндіреді Кері итеруші күшінің формуласын анықтайды; Архимед заңының формуласын түрлендіреді Архимед заңының формуласын түсіндіреді. Дескриптор: Физикалық шамаларды белгіленуі мен өлшем бірлігін біледі – 1 б Формулаларды біледі- 1 б Жалпы 2 балл	https://learning apps. org/ watch?v= pjygur7et25  Оқулық LearningApps платформа Слайд Оқулық
Атауы	белгі-ленуі	Өлшем бірлігі	формула																					
Архимед заңы	FA																							
Көлем																								
Тығыздық																								
Ер-кін түсу үдеуі	g																							




5 минут	2. Егер денеге әрекет ететін ауырлық күші Архимед күшінен үлкен болса, онда дене ____. 3. Егер Архимед күші ауырлық күшіне тең болса, дене ____ қалады. 4. Гелий толтырылған шар ауада ____ көтеріле алады. 3-тапсырма. Жұптық тапсырма Функциональды сауаттылыққа арналған есептер; №1 Есеп Көлемі 2 дене суға батырылған. Денеге әсер ететін Архимед күшін табыңыз? ? кг/ №2 Есеп Көлемі 7,5 -ге тең тастың массасы 18,7 кг. Осы тасты суда батырмай ұстап тұратын күшті анықта. №3 Есеп Егер суда 8000 Н көтеру күші әсер болса, темірбетон плитасының көлемі қанша болады?	Берілген тапсырмаларды орындайды	Дескриптор: Кері итеруші күштің анықтамасын біледі - 1 б. Архимед күшін түсіндіре алады - 1 б. сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын ажыратады 1 б. Жалпы балл - 3	Оқулық
15 минут	Кері байланыс «Шам» әдісі. Рефлексия: Қарастырылған мәселелерді қаншалықты түсінгендеріңізді бойынша өзін бағалап, төмендегі белгілерді қой: №4.6 (1.2.3) Кері итеруші күш. Архимед заңы Қорытындылау. Бағалау	Оқушыларға сабақ соңында білімдерін жинақтау мақсатында берілген тапсырманы талдап, қорытындылайды.	Дескриптор: Физикалық шамаларды дұрыс жазады – 1 б. ХБЖ ға айналдырады -1б. Архимед күшінің формуласын жазады- 1б. Формуланы түрлендіре алады-1б. Мәнін орнына қойып есептеп шығарады-1б. Жалпы балл-5	
Кері байланыс 5 минут Үй тапсырмасы Бағалау Сабақтың соңы.			Сабақтағы тапсырмалардың жалпы бағалау критерий-10 баллдық жүйемен бағаланады.	



Оқушылардың стандартты емес есептерді шешу дағдыларын қалыптастыру

Меңлібаев Жасұлан Салдарбекұлы

Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі



Оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуда стандартты емес есептердің алатын орны ерекше. Мұндай есептер оқушыларды тек қана білімді еске сақтауға емес, сонымен қатар ойлауға, талдауға, салыстыруға, жалпылауға, болжауға және шешім қабылдауға үйретеді. Стандартты емес есептердің көмегімен оқушылардың ақыл-ой белсенділігі артады, шығармашылық қабілеттері дамиды және пәнге деген қызығушылығы оянады. Стандартты есептерді шешу арқылы оқушы пәнаралық байланысты ескеріп, басқа пәндерді де түсініп окитын болады. Олимпиада есептері де көбінесе стандартты емес есептер болып табылады. Сондықтан олимпиада есептерін оқу процесіне енгізу оқушылардың білім деңгейін көтерудің тиімді жолы болып табылады.

Стандартты емес есептердің түрлері:

- Логикалық есептер
- Жұмбақтар
- Ребустар
- Геометриялық есептер
- Комбинаторикалық есептер
- Олимпиадалық есептер
- Практикалық есептер

Стандартты емес есептерді қолдану әдістемесі:

- Оқушылардың жас ерекшеліктерін және дайындық деңгейін ескеру.
- Есептерді қызықты және тартымды етіп ұсыну.
- Оқушыларды шешу процесіне белсенді түрде қатыстыру.
- Әртүрлі шешу жолдарын талқылауға мүмкіндік беру.
- Қателерге дұрыс қарауға үйрету.
- Шығармашылықты және сыни ойлауды қолдау.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту, тез әрі нақты шешім қабылдау дағдыларын арттыруда Судок, Сангоку, Палиндром, Кен-кен, Танграмм есептерінің де маңызы зор.

Стандартты емес есептердің интеллектуалдық дамуға әсері:

1. Логикалық ойлауды дамытады: Стандартты емес есептер көбінесе логикалық ойлауды, дедукцияны және индукцияны қолдануды талап етеді. Оқушылар ақпаратты талдау, себеп-салдар байланыстарын анықтау және дұрыс қорытындылар жасау арқылы есепті шешуге тырысады.

2. Шығармашылық

қабілетті

дамытады: Стандартты емес есептердің шешімі әдетте стандартты тәсілдермен табыла бермейді. Оқушылар жаңа идеялар ойлап табуға, әртүрлі шешу жолдарын іздеуге және ерекше тәсілдерді қолдануға мәжбүр болады. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады және стереотиптік ойлаудан арылуға көмектеседі.

3. Проблеманы

шешу

дағдыларын

жетілдіреді: Стандартты емес есептерді шешу барысында оқушылар проблеманы анықтауды, оның құрамдас бөліктерін бөліп қарастыруды, шешу стратегиясын таңдауды және нәтижені бағалауды үйренеді. Есептің берілгенін мұқият оқып, не белгілі және негіз табу керек екенін анықтайды. Күрделі есепті кішігірім және оңай шешілетін бөліктерге бөліп қарастырады. Осыған ұқсас есептерді бұрын қалай шешкенін еске түсіреді және сол тәсілдерді қолданады. Нәтижені тексереді және есептің шешімін табу үшін қажетті түзетулерді енгізеді. Есепті топпен бірге шешу жандайларын да қолданады, әртүрлі көзқарастарды ескеріп, бір-бірінен үйренеді. Бұл дағдылар оларға кез келген саладағы қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

4. Талдау және салыстыру қабілеттерін

дамытады: Көптеген стандартты емес есептер ақпаратты талдауды, әртүрлі элементтерді салыстыруды және олардың арасындағы байланыстарды анықтауды талап етеді. Оқушылар әртүрлі деректерді салыстыру, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу арқылы тереңірек түсінікке ие болады.

5. Рефлексияны ынталандырады:

Стандартты емес есептерді шешкеннен кейін оқушылар өз ойлау процестері туралы ойлануға, қателіктерін талдауға және болашақта жақсырақ шешуге көмектесетін тұжырымдар жасауға шақырылады.

6. Қызығушылықты арттырады:

Стандартты емес есептер әдетте қызықты және тартымды болып келеді. Олар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және оқу процесін қызықты етеді.

Стандартты емес есептерді жүйелі түрде қолдану оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға, олардың оқуға деген ынтасын арттыруға және өмірде кездесетін кез келген қиындықты жеңуге дайын болуына көмектеседі.



Оқушы жетістігі - мұғалім шеберлігі

Мукашева Күлпан Байзадиновна

*Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі*

Мұғалім-тек білім беруші маман ғана емес, сонымен қатар балалардың дүниетанымын, дағдылары мен құндылықтарын қалыптастыратын басты тұлға. Кәсіби даму мұғалімдерге өздерін үздік нұсқаға айналдыруға көмектеседі, бұл оқушыларды шабыттандырады және олардың жетістіктеріне тікелей әсер етеді.

Мұғалімнің шеберлігінен күтілетін кейбір маңызды аспектілер:

1. **Оқыту әдістері мен тәсілдері:** Оқушының мүмкіндіктерін ескере отырып, әртүрлі әдістерді қолдану (топтық жұмыс, жеке жұмыс, инклюзивті әдістер).

2. **Мотивация мен қызығушылық:** Мұғалім оқушыны оқу процесіне қызықтырып, оның ынтасын арттыра білуі керек.

3. **Жеке көзқарас:** Әрбір оқушының жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеру, соның арқасында оқушы өз мүмкіндіктерін толық пайдалана алады.

4. **Бағалау және кері байланыс:** Оқушының жетістіктерін уақытында бағалап, дұрыс кері байланыс беру арқылы оның дамуына ықпал ету.

5. **Ұстаздың тұлғалық қасиеттері:** Мұғалімнің сабырлығы, адалдығы, оқушыларға құрмет көрсетуі, олардың сеніміне ие болуы да маңызды.

Осылайша, оқушының жетістігі тек оның өз қабілеттері мен талпыныстарына ғана емес, сонымен бірге мұғалімнің кәсіби шеберлігіне де тікелей байланысты.

«Оқушы жетістігі-мұғалім шеберлігі» деген ұғымды тереңірек ашқанда, оның мағынасы мен мәні мұғалімнің білім беру үрдісіндегі ерекше рөлімен тығыз байланысты екенін көреміз. Мұғалімнің шеберлігі-бұл тек қана педагогикалық білім мен дағдылардың жиынтығы емес, сонымен қатар жеке тұлғалық қасиеттер мен әдістемелік тәсілдердің нәтижесі.

1. Оқыту әдістері мен тәсілдері

Мұғалімнің оқыту тәсілдері оның педагогикалық шеберлігінің маңызды бөлігін құрайды. Әрбір оқушының оқу стилі, қабілеті, қызығушылығы әртүрлі болғандықтан, мұғалім өзінің әдіс-тәсілдерін сол ерекшеліктерге сәйкес таңдап, қолдануы керек. Мысалы, кейбір оқушылар үшін визуалды материалдар тиімді болуы мүмкін, ал басқалары үшін практикалық тапсырмалар немесе топтық жұмыстар пайдалы. Мұғалім әртүрлі оқыту әдістерін (мысалы, жобалық әдіс, сын тұрғысынан ойлау, сыни пікірталас) дұрыс таңдай білуі керек.

Әдістемелік тәсілдер мұғалімнің шығармашылығымен тікелей байланысты. Оқу процесі қызықты әрі танымды

болуы үшін мұғалім өз пәнін жаңаша, жаңа әдістермен ұсынуы маңызды. Мұндай тәсілдер оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, олардың қызығушылығын арттырады.

2. Мотивация мен қызығушылық

Оқушының жетістігі көбінесе оның оқуға деген мотивациясына тәуелді. Мұғалімнің оқушыға деген жеке көзқарасы, оның мақсатына деген сенімі, сабақ барысында көрсеткен қолдауы оқушының өзіне деген сенімін арттырады. Егер оқушы мұғалімнен оңды кері байланыс алып, өз жетістіктерін байқаса, ол одан әрі еңбек етуге, жаңа жетістіктерге ұмтылуға ынталанады. Мұғалімнің сабағын қызықты, әрі жан-жақты етіп өткізуі оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Оқушының шығармашылық мүмкіндіктері мен қызығушылығын дамыту үшін мұғалім әртүрлі әдістерді қолдана отырып, оқу процесін түрлендіріп отыруы керек.

3. Жеке көзқарас

Әрбір оқушының ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Мұғалім біртұтас және бірдей әдіс арқылы барлық оқушыларды үйрете алмайды, себебі әрқайсысының қабылдау деңгейі, түсінік беру жылдамдығы әртүрлі. Осы орайда мұғалім әрбір оқушының жеке қажеттіліктерін анықтап, сол қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін тиімді әдістерді қолдануы керек. Бұл оқушының өзін-өзі дамытуына, жеке дара тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Оқушының дарындылығын ашу және дамыту, оны ынталандыру және қиындықтарды жеңуге көмектесу – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Бұл ретте мұғалімнің сабырлы әрі әділ болуы, әр оқушыға жеке көзқарас танытуы өте маңызды.

4. Бағалау және кері байланыс

Бағалау жүйесі-мұғалімнің шеберлігінің тағы бір маңызды аспектісі. Оқушының жұмысы тек баға алу үшін ғана емес, сонымен қатар оның қателіктері мен жетістіктері туралы маңызды кері байланыс алуы үшін бағаланады. Кері байланыс арқылы мұғалім оқушының нәтижелерін талдайды, оның күшті жақтарын көрсетіп, даму үшін қажетті бағыттарды ұсынады. Бұл оқушының өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға, алға жылжуға деген ынтасын арттыруға көмектеседі.

Әрбір оқушы өз білімін ғана емес, өзінің даму процесін де бағалауы тиіс. Мұғалімнің дәл әрі әділ кері байланысы, оқушының жетістіктерін мадақтауы және қателіктерін түзетуі оның алға жылжуына үлкен септігін тигізеді.

5. Ұстаздың тұлғалық қасиеттері



Мұғалімнің тұлғасы оның шеберлігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұғалімнің сабырлығы, адалдығы, әділдігі, еңбекқорлығы, ашықтығы мен шынайылығы оқушыларға жақсы үлгі болады. Мұғалім өзінің бойындағы осы қасиеттерді көрсету арқылы оқушыларға құнды өмірлік сабақтар береді. Оның адамгершілік құндылықтары, адамға деген құрметі оқушыларға да әсер етеді, оларға өзіне деген сенімділік, өзін-өзі сыйлау сезімін қалыптастырады.

Ұстаздың сенімі мен қолдауы, сондай-ақ оның тыңдауы мен түсінуі оқушылардың ішкі дүниесіне әсер етеді. Егер оқушы мұғалімнің шынайы қызығушылығын және қолдауын сезінсе, ол өз мақсаттарына жету үшін көп күш

жұмсайды.

Қорытынды

Оқушы жетістігі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тығыз байланысты. Мұғалімнің әдістемелік тәсілдері, жеке тұлғалық қасиеттері, мотивация әдістері мен бағалау жүйесі оқушының оқу процесіне және оның нәтижесіне тікелей әсер етеді. Мұғалімнің шеберлігі тек білім берумен шектелмейді, ол оқушының тұлғалық дамуына, оның оқу мотивациясына, өз мүмкіндіктеріне деген сенімінің қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан мұғалімнің шеберлігі оқушының жетістігін анықтайтын ең басты факторлардың бірі болып табылады.

Ұлттық құндылықтарды физика сабағында оқытудың маңызы

Нурсейтова Кенжегүл Муханбетжановна

*Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейі физика пәні мұғалімі*



Уақыт бір орында тұрмай, үнемі өзгеріп тұратындықтан, заман ағымына ілесіп адамзат та жылдам өзгеру үстінде. ХХІ ғасыр жаңа ғасыр - технология ғасыры. Күннен күнге жаңа технология дамып жатыр, тіпті барлық бала ұялы телефонды, компьютерді пайдалана біледі, әлеуметтік желілерге кіріп, қажетті акпараттарды жүктей алады, кітапханаларға бармай-ақ керекті әдебеттерін ғаламтор көздерінен тауып, оқиды. Бірақ бір ғана жетіспейтіні ұлттық құндылықтардың ұмытылып қалуы. Ұлттық құндылықтарды физика сабағында оқыту оқушылардың мәдениет пен ғылымды терең түсінуіне көмектеседі. Ұлттық құндылықтардың маңызын оқушылардың санасына сіңіру үшін физика сабағында ұлттық элементтерді қолдану қажет. Себебі бұл:

➤ Ғылым мен мәдениеттің байланысын түсінуге көмектеседі:

Физикалық құбылыстарды түсіндіруде халықтың салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында көрініс тапқан түсініктерді қолдану арқылы оқушылар ғылымның мәдениетпен тығыз байланысты екенін түсінеді. Мысалы, қазақ халқының астрономиялық білімі, күнтізбе жасау тәжірибесі, музыкалық аспаптардың жасалу принципі физикалық заңдылықтарға негізделгенін көрсетуге болады.

Қазақтың ұлттық ойындарындағы физикалық заңдылықтарды талдау (мысалы, асық ату, садақ ату, күрес) оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және білімдерін практикамен байланыстыруға мүмкіндік береді.

➤ Отансүйгіштік сезімін оятады:

Қазақстандық ғалымдардың физика ғылымына қосқан үлесін көрсету арқылы оқушылар өз елінің ғылыми

жетістіктерімен мақтанып, отансүйгіштік сезімі артады. Мысалы, Қаныш Сәтбаевтың минералдық шикізатты зерттеудегі, атом энергиясын игерудегі еңбегін айтуға болады.

Физикалық жаңалықтар мен технологиялардың ел экономикасы мен әл-ауқатын көтерудегі рөлін түсіндіру арқылы оқушылардың өз еліне пайдалы болуға деген ынтасын арттыруға болады.

➤ Рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытады:

Ғылыми зерттеулердің этикалық жауапкершілігі туралы мәселелерді талқылау арқылы оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға болады. Мысалы, ядролық қарудың зардаптары, экологиялық проблемалар және оларды шешу жолдары туралы дискуссиялар ұйымдастыруға болады.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы оқушылардың бойында имандылық, әділдік, мейірімділік, сыйластық сияқты қасиеттерді қалыптастыруға болады. Мысалы, азан шақырған кездегі дыбыс жылдамдығы.

➤ Ғылыми дүниетанымды қалыптастырады:

Физикалық заңдылықтарды ұлттық салт-дәстүрлермен байланыстыра отырып, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге және ғылыми көзқарасын қалыптастыруға болады. Мысалы, қазақ халқының табиғатпен үйлесімді өмір сүру философиясын физикалық тұрғыдан түсіндіруге болады. Астрономияны үйрету кезінде қазақтардың аспан денелерін бақылау әдістерін қолдануға болады.

Халықтық педагогиканың ғылыми негіздерін ашу арқылы оқушылардың ғылымға деген сенімін арттыруға болады.

➤ Шығармашылық қабілеттерін дамытады:

- Ұлттық қолөнер бұйымдарын жасаудың



физикалық принциптерін зерттеу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады. Мысалы, киіз үйдің құрылысы, зергерлік бұйымдардың жасалу технологиясы, музыкалық аспаптардың дыбыс шығару ерекшеліктері туралы жобалар жасауға болады.

- Физикалық құбылыстарды пайдаланып, ұлттық ойындар мен көңіл көтеру шараларын ұйымдастыруға болады.

- Астрономияны үйрету кезінде қазақтардың аспан денелерін бақылау әдістерін қолдануға болады.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді ескере отырып, мынадай тапсырмалар құрастыруға болады:

1. «Мәдениет пен ғылым байланысы» тақырыбында қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен физика заңдарының арасындағы байланысты талдауға шағын зерттеу жұмысын жазуға оқушыларға ұсыныс тастау. Мысалы, қазақ халқының көшпелі өмір салтын зерттеу арқылы оқушылар механика принциптерін меңгере алады.

Оқушыларға жоба жасауды ұсыну. Мәселен, киіз үйдің құрылысын қарастыра отырып, оның физикалық ерекшеліктерін сипаттау. Құмсағаттың жұмысын қарастыра отырып, уақытты өлшеудің дәстүрлі әдістерін үйренуге болады.

2. Презентация жасау. Қазақ дәстүрлерін, мәдениетін физикамен байланыстыру.

3. Сыныпта ұлттық құндылыққа байланысты оқушылардың пікірін, ойын ашық айтып, мысалдар келтіретіндей дөңгелек үстел немесе ашық алаң ұйымдастыру.

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтарды физика сабағында оқыту оқушылардың жан-жақты дамуына, отансүйгіштік сезімін оятуға, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға және ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға зор ықпал етеді. Бұл оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, білімдерін практикамен байланыстыруға мүмкіндік береді, патриоттық сезімдерін нығайтады.



Дебат технологиясын сабақта қолдану мүмкіндіктері

Ныгмет Камшат Дүйсенбекқызы

Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы «Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп лицейі» КММ тарих пәні мұғалімі

Дебат-оқушылардың оқу дағдыларын айтарлықтай тиімді қалыптастыратын пікірталастың ерекше түрі болып табылатын заманауи педагогикалық технология, өйткені дебат – мақсатты және ретті, құрылымдық идеялар, пайымдаулар және пікірлер алмасу [1;1].

«Дебат» педагогикалық технологиясы тұлғалық қасиеттерді дамытады, ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады, оқушылардың ойлау процестерін жетілдіреді, ал мұғалім оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастырудың көшбасшысы ретінде әрекет етеді, өйткені бұл педагогикалық технологияны жүзеге асыру барысында ол болжанады.

Қазіргі замандағы шындық жағдайында мектеп оқушыларды жаңа формацияға өмірге бейімдеу бағдарламасын әзірлеу қажеттілігімен, тұлғалардың жеке қасиеттерін қалыптастырумен бетпе-бет келді. [1;2]. Бұл қасиеттер оларға демократиялық қоғамның құрушылары болуға және сол қоғамда өз мүмкіндіктерін іске асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі жағдайларда білім берудің нәтижелілігі тұлғаға бағытталған, дамытушы технологияларға көшумен байланысты, олар пән бойынша білім, білік және дағдыларды алуға ғана емес, сонымен бірге қазіргі қоғамға бейімделу үшін қажетті құзыреттерді қалыптастыруға көмектеседі. Мұндай технологиялардың бірі - «Дебат».

Дебат технологиясын проблемалы сабақ тақырыбын меңгертуге пайдалану және дебат ойындарына қатыстыру арқылы (экономика, философия, социология, саясат, халықаралық қатынастар) туралы таным көкжиегі кеңейтеді және Soft skills дағдыларына жатады: сыни тұрғыдан ойлау, мәселені шешу, дәлел келтіру; ғылыми-зерттеу дағдылары мен әдістері; шығармашылық, қызығушылық, қиял, инновация; тұрақтылық, өзін-өзі басқару, жоспарлау; ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жұрт алдында сөйлеу және презентация жасау, тындау; көшбасшылық, топтық жұмыс, ынтымақтастық; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-сауаттылық, деректерді түсіндіру және талдау, бағдарламалау секілді қазіргі заман сұранысына сай дағдыларды дебат технологиясы дамытады.

Дебат-бұл тек қызықты сабақ ойын ғана емес, сонымен қатар оқушыларды дамытуға, қазіргі қоғам жағдайында табысты өмір сүру үшін қажетті және пайдалы дағдыларды қалыптастыруға арналған тиімді құрал.

Дебаттар келесі дағдыларды дамытуға және тәрбиелеуге ықпал етеді:

- Жалпы мәдени көкжиегін кеңейту;
- Интеллектуалдық қабілеттерін дамыту;
- Зерттеу және ұйымдастыру дағдыларын дамыту;
- Шығармашылық қасиеттерін дамыту;



- Коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
- Ораторлық қабілеттерін дамыту;
- Азаматтық ұстаным мен өмірлік дағдыларды

қалыптастыру.

Қазіргі қоғамда кең таралған стереотип – жасөспірімдер тек телефондары мен компьютерлерінен басқа ешнәрсеге қызықпайды, мұғалімдер «ешқандай» білім бермейді деген пікір. Сондықтан мұғалім, соның ішінде тарих пәнінің мұғалімі де, жаңа материалды тек оқулықпен ғана емес, оқушыларды бұл процеске барынша тартуға мәжбүр. Тарих сабағында бұл міндетті шешуге іскерлік ойындар, дебаттар, дөнгелек үстелдер көмектесе алады. Бірақ ең тиімді әдістердің бірі – пікірталас, өйткені ол оқушыларды өз пікірін білдіруге ғана емес, сонымен қатар оны тарихи дереккөздермен, оқиғалармен, фактілермен растауға үйретеді. Сонымен қатар, пікірталас пікірталас мәселелерін талдау, ұжымда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру үшін өте маңызды – ол оқушыларға басқалардың пікірін тыңдап, құрметтеуді үйретеді, тіпті бұл пікір олардың өз көзқарасына қарама-қайшы болса да. [1;3].

Дебаттардың келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

1.Классикалық дебаттар: (ойын форматы бойынша – ережелерімен, төрешісімен, таймкиперімен, регламентімен). Дегенмен, барлық оқушыларды тарту қиын: тек алты адам ойнайды, қалғандары – көрермендер. Әдетте, бұл дебаттар – қорытынды сабақтар, білімді бақылау сабақтары, қорытындылау сабақтары. жалпы қайталау сабақтарында (бағалаушы реттеуші оқу іс-әрекеті) өткізіледі, оқушыларға әр түрлі қосымша әдебиеттерді пайдалануға мүмкіндік береді (логикалық оқу іс-әрекеті), сондықтан оларды дайындау уақыты жеткілікті болуы керек. : (рөлдік ойын түрі бойынша). Мұнда кейбір ережелер өзгертіледі: уақыт қысқарады, ойыншылар саны артады; қолдау топтары ұйымдастырылады; аудиториядан сұрақтар қабылданады.

Дебаттардың мәні мынада: екі команда ұсынылған тезиске қатысты өз аргументтерін және қарсы аргументтерін алға тартып, үшінші бейтарап тарапты және төрешілерді өздерінің дұрыстығына сендіруі керек. [1;4].

2. Экспресс дебаттар (немесе шағын пікірталастар): оқытылатын материалды бекіту үшін жүргізіледі (жалпы оқу-танымдық оқу әрекеті) және оқушылардың ақыл-ой әрекетін белсендіру үшін қолданылады (регламенттік оқу іс-әрекеті). Дайындық минималды деңгейге дейін азайтылған, бастысы – материалды жақсы білу. Дебаттар тікелей сабақта оқулық бойынша, мұғалімнің әңгімесі немесе шығарма тарауы бойынша туындайды; оларды оқу материалын бекіту кезінде немесе оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру формасы ретінде тиімді пайдалануға болады.

3. «Егер... не болар еді» айдары бойынша мини-дебаттар: қойылған сұраққа жауап нұсқаларын таңдау дағдыларын дамыту үшін іздену сұрағын тудырту мақсатында ұжымдық талқылауға ұсынылатын тақырыптар: «Алаш Орда үкіметі мен Түркістан автономиясы жойылмағанда, онда», «Әбілқайыр хан Кіші Жүзді Ресеге қоспағанда, онда», «Алаш идеясы толық жүзеге асырылғанда», «Кеңес үкіметі орнамағанда...», «Махамбет пен Исатай Тайманұлы жеңіске жеткенде онда,» т.б.

4. Жалпы негізгі сабақтардағы **-дебат**: ең жалпы және

маңызды ұғымдарды, заңдар мен заңдылықтарды, негізгі теориялар мен жетекші идеяларды анықтауға бағытталған; маңызды құбылыстар, процестер, оқиғалар арасындағы себеп-салдар және басқа да байланыстар мен қатынастарды орнатуға және ұғымдардың кең категорияларын, олардың жүйелерін және ең жалпы заңдылықтарын (логикалық когнитивтік) ассимиляциялауға мүмкіндік береді. Дебат технологияларын келесі сабақтарда қолдануға болады: тарих, адам және қоғам, құқық, қоғамтану, әдебиет, ағылшын тілі.

Қазақстан тарихы сабағында «Қазан революциясының ұрандары халық арасында қандай үміт тудырды?» оқу мақсаты 8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығарма шылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру жүзеге асыру барысында Сәкен Сейфуллиннің «Үш Жүз» партиясы саяси-идеялық қызметінің екі жақты тараппен дебат технологиясын негізінде сабақ тақырыбын ашуға әбден болады. Пікірталас тақырыбын анықтаймыз, мысалы: «Сәкен – революционерма, әлде консерватор ма?» Оқушыларды екі командаға бөліп, алдын-ала тапсырма береміз: осы пікірталасты шешу үшін тарихи дереккөздерден үзінділер табу. Бірнеше дереккөз түрлері бойынша шағын топтар құруға болады: бір шағын топ заңнамалық актілерді зерттейді, екінші топ – мемуарларды, үшінші топ шетелдіктердің жазбаларын, төртінші топ – көрсетілген жазушының көркем әдебиетін зерттейді. Осылайша, екіжақты міндет шешіледі – бір жағынан, оқушылардың зерттеу дағдылары қалыптасады, екінші жағынан – пікірталас жүргізу, өз көзқарасын дұрыс тұжырымдап, дәлелдеу қабілеті дамиды. Пікірталас барысында қатысушылар өз пікірлерін өзгертіп, қарсыластың жағына өтуі мүмкін, егер олардың проблеманы түсінуі дәлелдердің әсерінен өзгерген деп санаса. Мұғалім пікірталас барысын өте мұқият қадағалауы керек. Қатысушылардың бір-бірін бөліп тастауына, пікірге емес, баяндамашының жеке басына сын айтуына немесе келтірілген дәлелдерді мүлдем елемеуіне жол берілмейді.

Ұсынылған пікірталас нұсқасы оқушыларға тарихи дереккөздерді дұрыс жіктеп, талдауға, талас мәселелер бойынша өз ұстанымын білдіруге және оны дұрыс негіздеуге көмектеседі.

Дебат мұғалімнің тұлғасын, зерттелетін мәселеге көзқарасын, кәсіби шеберлігін де ашады. Пікірталас келесі қасиеттерді қалыптастырады: өз пікірін білдіру қабілеті, конструктивті диалог жүргізу, қоршаған адамдардың пікірін дұрыс қабылдау және тыңдау қабілеті, ұсынылған ақпараттың үлкен көлемінде бағдарлау және қойылған мәселені шешу үшін қажет нәрсені таңдау.

Әдебиеттер

1. Алексеева М. П. Метод телекоммуникационных проектов как основа формирования межкультурной коммуникативной компетенции обучающихся // Муниципальное образование: инновации и эксперимент. 2009. № 3. С. 50-52.

2. Короткова М. В. Методика проведения игр и дискуссий на уроках истории. М. : Владос-пресс, 2008.

3. Курицина С. И. Технология проведения дебатов. Лекции. Курсы повышения квалификации. Углич, 2007.



Математика пәнінен дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыру

Оразбекова Асель Камбаровна

Қарағанды қаласы “Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейі”

КММ математика пәні мұғалімі

Математика пәнінен дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыру – бұл олардың қабілеттерін ашуға, білімге деген құштарлығын арттыруға және болашақ жетістіктеріне жол ашуға бағытталған маңызды процесс. Бұл жұмыс оқытушыдан терең білімді, шығармашылықты және әрбір оқушының ерекшеліктерін ескеретін жеке тәсілді талап етеді. Міне, математика пәнінен дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі аспектілері:

1. Дарынды оқушыларды анықтау.

- Сабақ барысында оқушылардың математикаға деген қызығушылығын, логикалық ойлау қабілетін, проблемаларды шешу дағдыларын және жаңа материалды тез меңгеру қабілетін бақылау. Оқушыларға өтілген материалға байланысты күрделі есептерді ұсыну, нәтижесін саралау.

- Математикалық тесттерді, олимпиадаларды және конкурстарды пайдалану арқылы оқушылардың білім деңгейін және дарындылығын анықтау.

- Басқа пән мұғалімдерінен оқушылар туралы пікір алу. Басқа пән мұғалімдерінің көзқарасы бойынша оқушының қандай пәнге қызығушылығы басымырақ екенін салыстыру. Мектеп психологымен бірлесе отырып тренингтер өткізу арқылы оқушыны зерттеу.

- Ата-аналармен сұхбаттасу арқылы оқушылардың үй жағдайындағы математикалық қызығушылықтары, жетістіктері және ерекшеліктері туралы білу, олармен оқушылардың жетістіктерін және қиындықтарын талқылау, бірлесіп шешімдер қабылдау.

2. Оқыту бағдарламасын бейімдеу.

- Дарынды оқушыларға негізгі бағдарламаны жылдам қарқынмен өтуге мүмкіндік беру.

Дарынды және талантты оқушылармен тиімді жұмыс істеудің тағы бір оңтайлы нысаны экстернат болып табылады. Бұл оқушыларға оқу жоспарын тез әрі шұғыл игеруге мүмкіндік береді. (Мұғалімге арналған нұсқаулық, 3-базалық деңгей).

- Оқушыларға математиканың қосымша тақырыптарын, күрделі есептерді және шығармашылық жобаларды ұсыну.

- Әрбір оқушының қызығушылықтарына және қабілеттеріне сәйкес келетін жеке оқыту жоспарын құру.

- Оқушыларға өздері қызығатын математикалық тақырыптар бойынша элективті курстарға қатысуға мүмкіндік беру. Қазіргі таңда онлайн немесе офлайн жүргізілетін олимпиадалық курстарға қатыстыруға қолжетімділікті жасау. Дарынды оқушыларға арналған жазғы математикалық мектептерге қатысуға мүмкіндік беру. Оқушыларды тәжірибелі математиктермен немесе ғалымдармен байланыстыру, олардың кеңестері мен

қолдауын алуға көмектесу.

3. Оқыту әдістерін қолдану.

- **Зерттеушілік жұмыс.** Оқушыларды өз бетінше зерттеу жүргізуге, гипотезалар құруға және оларды дәлелдеуге шақыру. Дарынды оқушыларға жоғары оқу орындарындағы математикалық курстарға қатысуға немесе ғылыми жобаларға қатысуға мүмкіндік беру.

- **Проблемаға бағытталған оқыту.** Оқушыларға нақты өмірмен байланысты проблемаларды ұсыну және оларды математикалық тұрғыдан шешуді талап ету.

- **Жобалық оқыту.** Оқушыларға математикалық жобалар жасауды тапсыру, олардың шығармашылық қабілеттерін және ынтымақтастық дағдыларын дамыту.

- **Топтық жұмыс.** Оқушыларды топтарға бөліп, бірлесіп есептер шығаруға, идеялармен бөлісуге және бірін-бірі оқытуға мүмкіндік беру.

- **Дебаттар және дискуссиялар.** Математикалық мәселелерді талқылауға, өз пікірлерін білдіруге және дәлелдеуге шақыру.

- **Технологияларды пайдалану.** Оқу процесін жақсарту үшін интерактивті тақталарды, компьютерлік бағдарламаларды, онлайн ресурстарды және басқа да технологияларды пайдалану.

4. Ресурстармен қамтамасыз ету.

Математикалық кітаптарға, журналдарға және энциклопедияларға, интернеттегі математикалық ресурстарға, сайттарға және форумдарға қолжетімділікті, математикалық есептеулерді жүргізуге және моделдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсыну (мысалы, GeoGebra, Wolfram Mathematica). Зерттеулер жүргізуге қажетті құралдармен (сызғыштар, циркульдер, калькуляторлар) қамтамасыз ету.

5. Қосымша мүмкіндіктер ұсыну.

- **Олимпиадаларға және конкурстарға қатысу:** Оқушыларды математикалық олимпиадаларға, конкурстарға және конференцияларға қатысуға шақыру.

- **Математикалық үйірмелер:** Оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру және қосымша білім алу үшін математикалық үйірмелер ұйымдастыру.

6. Бағалау және кері байланыс:

Оқушылардың жетістіктерін үнемі бағалап отыру. Бұл бағалау ауызша жауаптарды, жазбаша жұмыстарды, жобаларды, портфолиоларды және басқа да әдістерді қамтуы мүмкін. Оқушыларға өздерінің жетістіктері және қателіктері туралы кері байланыс беру. Кері байланыс нақты, конструктивті және оқушылардың дамуына бағытталған болуы керек. Оқушылардың жетістіктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес оқыту бағдарламасын үнемі түзетіп отыру.



Кейде дарынды және талантты оқушылар жағымсыз тәртіп көрсетуі мүмкін, бұл олардың ерекше қабілеттеріне тікелей байланысты, мәселен: тәжірибеде қолданылатын, есте қалған кең ауқымды білімі талқылау кезінде басымдық көрсетуі мүмкін; зияткерлік ойнақылық, пайымдау мен қиялын көрсететін балалар үнемі тапсырмаға қызығушылық танытпауы, болмаса оны орындауға ниетінің жоқтығын білдіруі мүмкін; өз бетімен жұмыс істегісі келетіндер басқалармен бірлесе жұмыс істеуге қызу қарсылық көрсетуі мүмкін (Мұғалімге арналған нұсқаулық, 3-базалық деңгей).

Дарынды оқушылармен жұмыс істеу-бұл үнемі жетілдіруді қажет ететін күрделі процесс. Әр мұғалімнің дарынды оқушылармен жүргізетін жеке жұмыс жоспары болуы тиіс. Дарынды оқушылармен үнемі байланыста болып, жүйелі жұмыс атқарылса, оқушы талай биіктерді бағындырады сөзсіз. Оқушылардың қабілеттерін ашуға, олардың білімге деген құштарлығын арттыруға және болашақта табысты болуына көмектесу үшін оқытушы үнемі жаңа әдістерді, стратегияларды және ресурстарды іздестіруі керек.

HEALTH: Body parts

Саркенова Аида Азаматовна

Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі



Unit: 6	HEALTH			
Teacher’s name:	Sarkenova A.A			
Date:	12.02.2025			
Class: 3 “F”	Number present: 13		Number absent:	
Theme of the lesson	HEALTH: Body parts			
Learning objective (s)	3.1.2.1 recognise familiar words with visual support; 3.1.4.2 understand simple descriptions of people, actions, and objects with visual support. 3.2.3.1 respond to basic questions with single words or short responses;			
Lesson objectives	All learners will be able to: recognise familiar words with visual support; understand simple descriptions of people with visual support Most learners will be able to: understand simple descriptions of actions, and objects with visual support Some learners will be able to: respond to basic questions with single words or short responses;			
Value links	Knowledge, understanding			
Plan				
Stages of the lesson	Teacher’s activities	Students’ activities	Assessment	Resources
Greeting	Greet students; students respond to greeting and take their places. Good afternoon, children How are you?	Students respond to greeting of the teacher and take their places		



Beginning of the lesson 5 min	Warm-up • Listen to a song and ask kids to name the body parts. Teacher introduces lesson objectives and Assessment Criteria to the learners - What was your home task? Checking up the home task. “Method of the random number”	Students listen to a song and name the body parts	Descriptors: - pronounce the correct pronunciation - say the words 2 points	https://youtu.be/WX8HmogNy-CY?si=friVFu3p-mL125lwc Top stars grade 3, culture page 6
10 min Middle 15 min	Conveying the meaning of new words. Working with new words New words Health- денсаулық Head- бас Ear- құлақ Eyes- көз Hair- шаш Nose- мұрын Mouth- ауыз Foot- аяқ Arm-қол Tooth-тіс Pre listening. “The method of matching the word” Have Ss look at the pictures in the vocabulary section. Say the words again in random order  Ex-4. Listen and circle Yes/No Ex-5. Listening task. Listens and fills in have/has/haven't /hasn't. Key answers: 1. Have/have 2. Has/has 3. Have/haven't 4. Has, hasn't Formative task. Teacher shows parts of the body and say:	Learners should write the new words to their copybook. Say the words again and repeat Learners should match the words. Learners should listen and circle Yes/No Learners should put the correct word and answer the short question. And check it from board Learners should say parts of the body. I have got...	Criteria recognise familiar words with visual support; Descriptors: -match the words 1 point Criteria understand simple descriptions of people with visual support Descriptors: -find out yes/no 3 point Criteria: respond to basic questions with single words or short responses; Descriptors: -answer short responses 3 point Descriptors: -show parts of the body and say 1 point	PPT 7  CD 4 PPT 11-14, Top stars book grade 3 Card
Reflection 5 min	Feedback  Method “WhatsApp” Teacher gives the stickers. Giving home task: Ex-1,2 p.71 3 c book The lesson is over. Saying goodbye.	Learners reflect the lesson		Poster and stickers



Математика пәнін оқытуда бастауыш және негізгі орта білім деңгейлері арасындағы сабақтастық

Сейтенова Асель Есенгельдыевна

*Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейі математика пәні мұғалімі*



Сабақтастық дегеніміз - біріншіден, екі буын арасындағы ортақ мақсат – міндеттер, ортақ мазмұндық жүйе, баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау, екіншіден, білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі.

Осы уақытқа дейін жалпы орта мектепте математиканы оқытудың мазмұнындағы сабақтастық, оқытудың әдістері мен тәсілдері арасындағы сабақтастық едәуір зерттелгенімен, бастауыш сынып пен негізгі мектепте математиканы дамыта оқытудағы сабақтастық мәселелері орын алып отырғандықтан, математика пәнін меңгеруде көптеген қиыншылықтарға кездеседі.

Мектепте математика пәнін оқыту, қандай да бір құрылыс ғимаратының іргетасын қалағанмен тең. Іргетас мықты болса оқушыға берілетін білім де сапалы болады. Бастауыш сынып оқушысының ортаңғы буынға өту кезеңі қиындық тудыруы мүмкін. Оқушыға ғана емес, олардың ата-анасы, бастауыш сынып мұғалімдерінің де көңілінде алаңдаушылық туғызады. Осындай алаңдаушылықтан арылу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер қолдану қажет.

Бастауыш сыныптағы мұғалім мен ортаңғы буындағы математика пәнінің мұғалімі арасында пікірталас туындайды. Оған себеп сынып оқушысы есеп шығарғанда теорияны практика жүзінде қолдана алмауы; арифметикалық компоненттерді дұрыс қолдана алмағандықтан сөз есептерді шығара алмауы.

Ортаңғы буындағы математика пәні мұғалімі бастауыш сыныптағы оқу бағдарламасын, оқулығын меңгерту әдіс-тәсілін біле бермейді. Сондықтан оқушының жас ерекшелігін есепке алмай, қатаң талап қояды, бастауыш сыныптағыдай тәсілмен түсіндіре алмайды. Сол себепті, 5 сыныпқа келгеннен бастап оқушының математика пәніне деген қызығушылығы жоғалтады. Бұл мәселе – сабақтастықтың болмауы себебінен туындайды. Осындай келеңсіздікті болдырмау үшін бастауыш сынып пен ортаңғы буын мұғалімдерінің арасында өзара сабақтастық болуы керек.

Қазіргі заман – ғылым мен техниканың өркендеген, математика ғылымының өте жан – жақты тараған кезеңі. Қазіргі таңда Ұлттық Бірыңғай тестілеуде математиканың негізгі пән болуы да заман талабы. Сондықтан, математика пәні мұғалімдерінің әдістемелік дайындықтары жоғары деңгейде болуы қажет. Сыныптағы оқушылардың да ойлау қабілеті бірдей болмайды. Барлық бала бірдей математикалық қабілетке ие бола алмайды. Математика мұғалімі жұмысындағы қиындықтар, негізінен, пәнді оқуға қызығушылықтың болмауынан. Оқушының пәнге қызығушылығының жоғалуы себебі-ол пәнді түсінбейтін. Ал түсінбейтін себебі ол білім берудің әр сатысының арасында пәннің мазмұны, оқыту әдістері, оқыту құралдары арасындағы сабақтастықтың толық орындалмауынан. Білім берудің әр сатысында берілетін математикалық

білім бір-бірімен сабақтас болған жағдайда ғана түсінікті болмақ.

Ал, жақсы нәтиже көрсету үшін, оның сапасын

бастауыш сыныптан қолға алуымыз қажет. Тест жазу барысында оларға калькулятор, ұялы телефон ұстамауларын талап етеміз. Осы талапты біздер, «бірінші сыныптан» бастап қолға алуымыз керек. «Білім негізі – бастауышта» қаланатынын әр уақытта жадымызда ұстап, негізгі бақылауды бастауыштан бастау керек. Математикалық білім берудің сапасын арттырудың бір жолы бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастықты нығайту. Сабақтастықты нығайтудың тиімді жолдарының бірі – теория мен тәжірибені ұштастыру; іс – тәжірибе алмасу. Бастауыш мектеп – баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу, оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Бастауыш сыныпты бітірген оқушылардың орта мектептегі оқу – тәрбие процесіне бейімделіп кетуін қамтамасыз ету сабақтастықты нығайтудың негізгі міндеті болып табылады. Білім негізі бастауышта дейміз. Бастауыш сынып мұғалімдері «үшінші, төртінші сынып» оқушыларына өз бетімен жұмыс жасауға, өздігінен шешім қабылдауға үйретуі тиіс. Өйткені, бастауыш сыныпта мұғалімнің айтуымен ғана тапсырмаларды орындап үйренген оқушыға «бесінші сыныпта» қиындау соғады. Қарапайым алгоритм бойынша есеп шығара білуі қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын қалыптастыруда ең алдымен математикалық ұғымдарды қалыптастыру.

Жалпы егер математикадан оқушыларға қиын ұғымдарды енгізбестен, анықтамасын берместен бұрын бастауыш сыныпта ойын, есеп, өмірден алынған тәжірибемен байланыстырып дайындасақ, онда орта буынға келгенде оларға түсіндіру қиынға соқпас еді. Бұл жолды ғылыми тілмен айтқанда пропедевтика жүргізу дейді.

Осылайша сынып мұғалімдері бір – бірімен жүйелі байланыс жасап, оқушы білімінің, шеберлігінің, дағдыларының деңгейлерін нақты анықтап, оқыту талаптарына қаншалықты сәйкестігін біледі. Сонда әр сынып көлемінде қандай кемшілік кетіп отырғаны, қандай мәселелерге көбірек көңіл аудару керектігі белгілі болады.

Қорытынды: *Егер сабақтастық тұжырымдамасын белгілі бір мақсатта және тізбектелген оқытудың даму зонасы ретінде қарастыра отырып, бастауыш мектепте оқытудың жетекші компоненттері-мақсаты, мазмұны, оқыту әдістері, формасы, құралы арасындағы тығыз байланысты орнатсақ және мұғалімнің іс-әрекеті стиліндегі негізгі ұстанымдар мен дидактикалық шарттардағы сабақтастықты дұрыс орнатсақ, онда бастауыш мектепте және орта мектептерде математиканы оқытудың сапасын арттырып, оқушылардың білімдерінің кеңейіп, тереңдеуіне, олардың білім, біліктілік, икемділігінің біртұтас жүйесін қалыптасатынына көз жеткіземіз.*



Summarizing the chosen books

Серік Арайлым Серікқызы

Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейі ағылшын тілі пәні мұғалімі

Unit: 6	Reading for Pleasure
Teacher's name:	
Date:	
Grade: 5 G	Number present: absent:
Theme of the lesson:	Summarizing the chosen books Different activities, based on the content of the books
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to:	5.1.8 develop intercultural awareness through reading and discussion 5.4.2 understand with little support specific information and detail in short, simple texts on a limited range of general and curricular topics
Lesson objectives:	All learners will be able to: - name the main heroes of the story and memorize the parts of the story - recognize general specific information and curricular topics Most learners will be able to: - classify the parts of the story - recognize some details specific information of general and curricular topics Some learners will be able to: - respond to the questions clearly. - recognize full specific information of general and curricular topics
Value links	Knowledge, evaluation

Plan:

Part of the lesson/ Time	Teacher's activity	Student's activity	Assessment	Resources
Beginning of the lesson Warming-up 5 min.	Organization moment : 1. Greeting. Please stand in the circle. Let's say wishes for each others. 2. Checking up the homework using the strategy 'Lays'	Students should say wishes for each others. Students should translate the words in English	Descriptor -One correct answer 1p	Student's Book Excel, 5 Check this words 6c



Presenta-tion Pre-learning Group work. “Jigsaw” 10 min.	Introduction a new theme Which musical instrument is it from? What does it look like? Read the text to find out. Today we have new lesson. The theme our lesson is Lets read new words and repeat after me. So, Lets watch this video Teacher asks basic questions about today’s new lesson Teacher divides students into 3 groups Group A,B,C Teacher cuts the text into 3 parts. Give each group them.	Students should answer the questions Students should answer the questions Students in groups should read the given parts and translate	Descriptor: -read the text -translate it 2 point	Whiteboard https://www.youtube.com/watch?v=4mdT-fXqTT1s https://www.youtube.com/watch?v=rZYKeYT-Nk4 Student’s Book Excel, 5 page 82 Exercise 2
Middle of the lesson 3 min	Read the text. Who the younger brother (Y) or older one (O)	Students should read the topic and find the answers.	Descriptor: -read the story. -answer the questions 2 point	Whiteboard https://learningapps.org/29013122
Pair work. 4 min.	Complete the sentences. Exercise 4. Teacher gives the completing task to revise the story again.	Students should complete the sentences and read to the class for checking.	Descriptor: -understand the text -complete the sentences. 2 point.	Worksheet paper tudent’s Book Excel,5 Exercise 4, page 83.
Individual work. 3 min.	Complete the sentences. Use :played, made, gave, carried, got, smashed.	Students should complete the sentences using key words.	Descriptor: -reads the text -completes the sentences 1 point.	https://learningapps.org/24195307
Individual work 4 min	Teacher explain instructions the given exercise	Students should complete the words according to the pictures	Descriptor: -completes the words 1p	Worksheet paper
End of the lesson. Individual work: 5 min. Reflection 4 min	Formative task Teacher shows pictures and explain instructions the given exercise Giving home task Learn by heart the new words Conclusion of the lesson The strategy “Traffic light”	Students should match the words Differentiation: “Traffic light” strategy is used to finish the lesson	Descriptor: -matches the words 1 point	Whiteboard https://learningapps.org/24140453



Құстар туралы не білемін?

Төлегенова Фариза Болатбекқызы
Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейі бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы				
Педагог аты-жөні				
Пән атауы		Қазақ тілі		
Сынып		4		
Бөлім, тоқсан		II-бөлім, Қоршаған ортаны қорғау, 3 тоқсан		
Сабақтың тақырыбы		Құстар туралы не білемін? Тәуелдеулі зат есімдердің септелуі		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты		4.4.2.3*-зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу.		
Сабақтың мақсаты		Зат есім септіктерінің жалғауларын біледі. Тәуелдік жалғауы жалғанған зат есімдерді септей алады. Тәуелдеулі зат есімдер септелгенде қай септіктің жалғаулары өзгеретінін біледі.		
Сабақтың кезеңі, уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	ресурстар
Сабақтың басы 4 мин	1. Ұйымдастыру кезеңі.			
	Өткен білімді еске тексеру: « Genially» платформасында әзірленген «Пазл» әдісі арқылы ұй тапсырмасы тексеріледі.	Оқушылар сұрақтарға жауап береді Оқушылардың жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады. « Матрица» әдісі 1 ұпай	https://view.genially.com/
Жаңаны ашу 5мин+ 3 мин	Жаңа сабақ. «Ой қозғау» 8- жаттығу.Берілген сөзді септе. Жыл құсы. А.с жыл құсы І.с жыл құсының Б.с жыл құсына Т.с жыл құсын Ж.с жыл құсында Ш.с жыл құсымен «D-ID» платформасы арқылы түсіндіріледі. • <u>Ереже</u> III жақтағы тәуелдеулі зат есімдер септелген де төмендегі септіктерге мынадай септік жалғаулары жалғанады: Б.с. - на, -не : досына, дәптеріне. Т.с. - н: досын, дәптерін. Ж.с. -нда, -нде: досында, дәптерінде.	Көрсетілген сөзді септейді. Сөз құрамына талдайды.	Мұғалім оқушылар тексереді, бағалайды. « Матрица» әдісі 2 ұпай	Оқулық, оқу құралдары  Untitled video (1).mp4



Сабақтың ортасы 3 мин	Дескриптор ✓ Сөзге септік жалғауларын жалғайды. ✓ Сөз құрамына талдайды.. «Өз орнын тап» 9-жаттығу. Төмендегі сөздерді пайдаланып, өтірік өлеңді қалпына келтіріп жаз. Жарып өтіп _____ (т.с.) _____ , Жеттім _____ (і.с.) _____ . Түнгі _____ (ж.с.) _____ , Тымақ киген _____ (б.с.) _____ . Керекті сөздер: аяз, түнек, Ай, бас. Дескриптор. ✓ Бірінші тиісті сөзді табады, септейді. ✓ Екінші тиісті сөзді табады септейді. ✓ Үшінші тиісті сөзді табады, септейді. ✓ Төртінші тиісті сөзді табады., септейді. Жауабы Жарып өтіп түнекті, Жеттім айдың қасына. Түнгі аязда күн өтті, Тымақ киген басыма Сергіті сәті. « Дүрбі» әдісі. Жасырылған сурет арқылы мәтін кейіпкерімен таныстыру. Тақтамен жұмыс 11- жаттығу. Мәтінді оқы . Қарамен жазылған сөздерді көшіріп жазып, сөз құрамына талда. Олардың қай септікте тұрғанын айт. Ауылға, атасына, үйіне, қырғауылды, қолына, қалтасынан , қолорамалын, аяғын.	Берілген сөздерді септейді, өтірік өлеңді қалпына келтіріп жазады.	Оқушылар көршісінің жұмысын тексереді, дескриптор бойынша бағалайды. 4 ұпай	Оқулық, оқу құралдары
10 мин	Қарамен берілген сөздерді көшіріп жазады,			
Қорытындылау	WORDWALL платформасында әзірленген ВИКТОРИНА Өтілген тақырып бойынша оқушылардың білімін бекіту.	Сұрақтарға жауап береді	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	WORDWALL платформасы
Кері байланыс 5 минут	«Бағдаршам» әдісі	Кері байланыс жасайды	«Бағдаршам» әдісі	WORDWALL платформасы



Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы

Тұяқбаева Алуа Қайратқызы

Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы Қаныш Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейі тарих пәні мұғалімі

Бөлім:	Қазақстан Ресей империясының құрамында	
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 7	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	7.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау	
Сабақтың мақсаты	Барлығы: Капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтайды; Көбісі: капиталистік қатынастар дамуының Қазақстан ның экономикасына оң және теріс ықпалын талдайды; Кейбірі: Капиталистік қатынастардың қазақ халқының өміріне әкелген өзгерістерін бағалайды;	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Кезеңі 7 минут	Жағымды ахуал қалыптастыру. Амандасады. Түгендейді. Барлық оқушылардың назарын экранға аудартады  Бейнематериалға назар аударамыз. Сабақ тақырыбы, оқу мақсатымен таныстыру Мұғалім презентация бойынша негізгі тарихы фактілермен таныстырады	Мұғаліммен амандасады; Бейнероликті тыңдайды, слайд бойынша дәптерге шағын конспект жазылады Оқушылар топтасып отырады. Барлығы 4 топ	Ауызша мадақтау, сабаққа барынша ынталандыру	Оқулық Интерактивті тақта https://youtu.be/sBtd39YM8hM презентация
Сабақтың ортасы Жаңа білім (6 минут)	1-тапсырма Терминдермен жұмыс. «Домино» ойыны. Терминдер анықтамасымен беріледі Банк, акция, тау-кен өндірісі, дискриминация, маркшейдер, жұмысшы табы.	Топқа терминдер жазылғын домино карталары ұсынылады. Оқушылар капитализмнің 6 белгісін анықтайды. Топтық жұмыс Дұрыс жауабы тақтада шығады, оқушылар өз жұмысын сонымен сәйкестендіреді	Көшбасшының бағалауы мах-2 балл <u>Дескриптор</u> 5-6 терминді дұрыс тапса – 2 ұпай 3-4 терминді дұрыс тапса – 1 ұпай	Доминоға арналған карталар Бағалау парақтары Мәтін жазылған парақтар

Көмекші мәтін:

ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстан экономикасында капиталистік қатынастар дами бастады. Бұл кезеңде жергілікті өнеркәсіптің кейбір салалары айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Ең алдымен, тау-кен өнеркәсібі қарқынды дамыды: Қарағандыдағы көмір, Ембі өңіріндегі мұнай кен орындары игерілді. Оң өзгерістердің бірі – сауданың дамуы болды. Қазақтар мал өнімдерін жәрмеңкелерде сатып, басқа тауарлармен айырбастауға мүмкіндік алды. Сауда жолдарының кеңеюі қалалардың өсуіне әсер етті. Кейбір қазақтар кәсіпкерлікпен айналысып, өндіріс орындарында жұмыс істей бастады. Алайда капитализмнің теріс әсері де байқалды. Жер мәселесі күрделене түсті: отарлық саясаттың күшеюімен қазақтар атақоныстарынан айырылып, жайылымдық жерлер тарылды. Сонымен қатар, байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық ұлғайып, әлеуметтік теңсіздік артты. Қазақ шаруашылығы Ресей экономикасына тәуелді болып, дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығы біртіндеп әлсіреді. Капитализм қазақ даласына жаңа мүмкіндіктер әкелгенімен, оның салдары қазақ қоғамы үшін ауыр болды. Осылайша, капитализм Қазақстан экономикасына өндірістік және сауда даласында серпін берді, бірақ жергілікті халық үшін кейбір қиындықтар да туындады. Көптеген қазақ шаруалары өз жерлерінен айырылып, әлеуметтік теңсіздік күшейді.



Математикалық практикум

Берсүгірова Алтынгүл Әмірқызы

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, №79 негізгі мектебі
КММ Математика пәні мұғалімі

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім алушылардың алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана алуына жағдай жасау. Бұл міндетті жүзеге асыруда математикалық практикумның маңызы ерекше. Себебі практикум барысында білім алушылар тек формулалар мен ережелерді жаттап қана қоймай, оларды нақты есептерді шешуде тиімді қолдануды үйренеді.

Математика ғылымы кез келген саланың дамуына негіз болатын пәндердің бірі болып табылады. Инженерия, экономика, ақпараттық технологиялар, медицина және жаратылыстану ғылымдары математикалық есептеулерге сүйенеді. Сондықтан математикалық практикум болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды құралы болып саналады.

Математикалық практикумның мәні мен мақсаты

Математикалық практикум – теориялық материалды есептер шығару, зерттеу тапсырмаларын орындау және математикалық модельдер құру арқылы бекітуге бағытталған оқу жұмысының түрі.

Практикумның негізгі мақсаттары:

- теориялық білімді жүйелеу және бекіту;
- логикалық және сыни ойлауды дамыту;
- есеп шығару дағдыларын қалыптастыру;
- математикалық тілде сауатты ой қорытуға үйрету;
- шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерді дамыту;
- функционалдық сауаттылықты арттыру.

Практикум барысында білім алушылар есептің шартын талдайды, тиімді шешу жолдарын таңдайды, нәтижесін тексереді және қорытынды жасайды. Мұндай әрекеттер олардың аналитикалық ойлауын дамытып, дербес шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады.

Математикалық практикумның білім беру үдерісіндегі рөлі

Практикалық сабақтар оқу үдерісінің тиімділігін арттырады. Теориялық білімді практикамен ұштастыру арқылы білім алушылар оқу материалын тереңірек меңгереді.

Математикалық практикумның негізгі артықшылықтары:

- теориялық білімді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді;
- есеп шығару мәдениетін қалыптастырады;
- дәлдікке, ұқыптылыққа және жауапкершілікке тәрбиелейді;
- математикалық сауаттылық деңгейін арттырады;
- білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтеді.

Сонымен қатар практикум сабақтарында деңгейлік тапсырмалар қолдану әрбір білім алушының қабілетіне сәйкес жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бұл саралап оқыту қағидаларын тиімді жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Ақпараттық технологияларды қолдану

Қазіргі таңда математикалық практикумдарды цифрлық технологиялармен ұштастыру кеңінен қолданылуда.

GeoGebra, Desmos, MATLAB, Microsoft Excel, Python сияқты бағдарламалар есептеулер жүргізуге, графиктер салуға және математикалық модельдер құруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияларды пайдалану:

- есептердің көрнекілігін арттырады;
- уақытты үнемдейді;
- күрделі есептерді модельдеуге мүмкіндік береді;
- зерттеушілік жұмыстарды ұйымдастыруды жеңілдетеді;
- цифрлық құзыреттілікті дамытады.

Осындай бағдарламаларды пайдалану білім алушылардың зерттеу дағдыларын жетілдіріп, математиканы заманауи талаптарға сай меңгеруге жағдай жасайды.

Практикумды ұйымдастырудың тиімді әдістері

Математикалық практикумның нәтижелі болуы оны дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Сабақ барысында келесі әдістерді қолдану тиімді:

- деңгейлік есептер шығару;
- топтық және жұптық жұмыс;
- жобалық оқыту;
- проблемалық жағдаяттарды шешу;
- зерттеу элементтері бар тапсырмалар;
- өмірмен байланысты қолданбалы есептер орындау.

Осындай әдістер білім алушылардың өздігінен ізденуіне, шығармашылық қабілетін дамытуға және білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, математикалық практикум – білім беру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі. Ол теориялық білімді терең меңгеруге, практикалық дағдыларды қалыптастыруға және логикалық ойлауды дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, зерттеушілік қабілетін және математикалық мәдениетін қалыптастырады.

Қазіргі білім беру жүйесінде математикалық практикумды инновациялық технологиялармен және белсенді оқыту әдістерімен ұштастыру – сапалы білім берудің маңызды бағыты. Сондықтан математикалық практикум сабақтарын жүйелі ұйымдастыру білім алушылардың жан-жақты дамуына және олардың болашақ кәсіби қызметіне қажетті құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің жалпы орта білім беру стандарты.
3. Поля Г. Есепті қалай шығару керек. – Алматы.
4. Колягин Ю.М. Математиканы оқыту әдістемесі. – Мәскеу.
5. Беспалько В.П. Педагогикалық технология негіздері. – Мәскеу.
6. Математика пәні бойынша оқу бағдарламалары мен әдістемелік нұсқаулықтар.



Менің ататегім

Бөкенбаева Ақтолқын Бөкенбайқызы

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы Нағи Ильясов атындағы
№9 мектеп – гимназия

Педагогтіңаты-жөні:	Бөкенбаева Ақтолқын Бөкенбайқызы
Сыныбы: 2	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Менің ататегім
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	2.1.1.1 отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасау
Сабақтың мақсаты:	отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасайды
Құндылықты дарыту	Ай құндылығы: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы Апталық дәйек сөз: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Сабаққа психологиялық дайындық. Кіп-кішкентай баламыз, Өсіп,өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қанат қағамыз. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық тілейміз. Сәлеметсіздер ме апайлар! Сәлем,сәлем достар! Оқу материалын жариялау «АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін	Білім алушылар сұраққа жауап беріп көреді.	Жарайсындар!	слайд
2 минут	Күнне қарай талпынып, Көкке қанат қағамыз. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық тілейміз. Сәлеметсіздер ме апайлар! Сәлем,сәлем достар!			
3 минут	Оқу материалын жариялау «АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін Құндылық: Адам өміріндегі, отбасындағы, қоғамдағы еңбектің құндылығын түсіну «Миға шабуыл» әдісі. Қандай сөз құрадың? Ататек дегенді қалай түсінесің? Өзіңнің ататегің туралы не айта аласың? Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай болады?			



10 минут	Оқу мақсатын таныстырамын. ҚБ 1-тапсырма ОДД:білу,түсіну,қолдану Әдісі «Шежіре ағашы» «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңнен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін. Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық Нұсқау:Оқулықпен жұмыс. Мәтінді түсініп оқы. Әңгімелесу. Суретте берілген балалардың атасы жағынан таратқан ататегін айтып беру.  Арман мен Дәуреннің ататек бәйтерегі -Суретке қара. Ағайынды Арман мен Дәурен әкесі жағынан тараған туыстарды қалай берген? Олар жайлы не айта аласың ? ЕББҚ ететін(ойлау деңгейі төмен) балаға тапсырма Өз отбасының суретін салады.	Оқушы мәтінді түсініп оқиды. Суретте берілген балалардың ата- анасы жағынан ататегін айтып береді.	Бағалау критерийі: Отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасайды Дескрипторы – Мәтінді түсініп оқиды.2 балл – Атасы жағынан таратқан ататегін айтып береді. 2 балл	оқулық
10 минут	Оқу мақсатын таныстырамын. ҚБ 2-тапсырма Топтық жұмыс ОДД:білу,түсіну,қолдану Оқулықпен жұмыс Әдісі: «Мен білемін!» Нұсқау 1 жүйе Өз жеті атанды біліп, бәйтерек ағашына орналастыр. Ата-анасымен бірге орында саболады. 2 жүйе Отбасың жайлы достарыңа әңгімелеп бер. Анықтамалық тапсырма. Суреттер сенің ата-анаң, ата-әженің өмірі туралы баяндай алады. Отбасы альбомын сен де толықтыр. Көне суреттерді сақтауға тырыс. Отбасылық мұрағатты әр отбасы бағалап, көзің қарашығындай сақтайды. Оған фотосуреттер, естеліктер мен күнделіктер жатады. Портрет – бұл адамның суреті немесе оның жалпы сырт бейнесі мен мінезінің сипаты. Ауызша портрет – адамды тек сөзбен мінез құлқын сипаттау. ЕББҚ ететін(ойлау деңгейі төмен) балаға тапсырма Жеті атасын біліп жазады	Оқушы жеті атасын жазады. Өз отбасы туралы әңгімелейді.	Бағалау критерийі: Отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасайды Дескриптор: – Жеті атасын жазады. – Отбасы туралы әңгімелейді.	Оқулық, Суреттер
5 минут	Сергіту сәті Алақанды алақанға салайық, Күлімсіреп бір-бірімізге қарайық. Достығымыз мәңгілік болсын деп, Төсімізді төсімізге соғайық.	Балалар бірге орындайды	Жарайсыңдар	



тәжірибеде негізгі грамматикалық үлгілерін сақтауға септігін тигізеді. Сонымен бірге, оқыту үрдісінде пәнге деген қызығушылығын арттырып, тартымды ойындарға ұласады. [3,306.]

Ақын Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі — тұман» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. ХХІ ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпыеуропалық стандартқа сай жаңа білім беру — жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»,17.01.2014 ж.

2. Н.Ә.Назарбаев “Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты” атты Жолдауы, 2012.

3. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2011.

4. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.



Оқу-тәрбие жұмысының сапасын бағалау және мониторинг жүргізу әдістері

Турмуратова Гульдана Бекжигитовна

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Б.Шалғынбаев атындағы №217 ІТ-мектеп-лицей» КММ Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ІІІ санатты басшы орынбасары, педагог-зерттеуші

Аңдатпа. Мақалада мектептегі оқу-тәрбие жұмысының сапасын бағалау және мониторинг жүргізу әдістері қарастырылады. Автор оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру үшін қолданылатын жүйелі тәсілдерді талдайды. Сонымен қатар, педагогикалық бақылау, деректерді жинау және талдау арқылы оқушылардың дамуы мен тәрбие жұмысының сапасын бағалау жолдары ұсынылады.

Түйінді сөздер: оқу-тәрбие жұмысы, сапаны бағалау, мониторинг, мектеп әкімшілігі, педагогикалық бақылау, оқушылардың дамуы.

Кіріспе

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Директордың орынбасары оқу-тәрбие процесінің үйлестірушісі ретінде оқу-тәрбие сапасын жүйелі бағалап, мониторинг жүргізуі керек. Мониторинг пен бағалау әдістері мектептің ішкі тәртіптік, ұйымдастырушылық және педагогикалық үдерістерінің сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – оқу-тәрбие жұмысының сапасын бағалау және мониторинг жүргізудің заманауи әдістерін көрсету.

1. Оқу-тәрбие жұмысының сапасын бағалау маңызы

Оқу-тәрбие жұмысының сапасын бағалау мектептегі білім беру мен тәрбиенің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бағалау процесі:

- оқушылардың жеке тұлғалық дамуын қадағалау;
- тәрбие іс-шараларының нәтижелілігін анықтау;
- педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға негіз болады.

Бағалау кезінде мектеп әкімшілігі:

- оқу-тәрбие бағдарламаларының орындалуын;
- сынып жетекшілерінің жұмысының тиімділігін;
- қосымша іс-шаралар мен клубтардың

нәтижелілігін бақылайды.

2. Мониторинг жүргізу әдістері

Мониторинг – оқу-тәрбие процесін жүйелі бақылау және талдау. Оның негізгі әдістері:

2.1. Құжаттық мониторинг

- Жоспарлар мен есептерді талдау;
- Сынып журналы, іс-шаралар кестесі,

оқушылардың жетістіктері туралы ақпаратты тексеру.

2.2. Сауалнама және анкеталау

- Оқушылардың, ата-аналардың және

педагогтардың пікірін жинау;

- Тәрбиелік іс-шаралардың тиімділігін анықтау;
- Мәселелерді уақытында анықтау.

2.3. Бақылау және бақылау сабақтары

- Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің сабақтарын бақылау;
- Педагогикалық шеберлікті бағалау;
- Оқу-тәрбие іс-шараларының сапасын визуалды бақылау.

2.4. Психологиялық диагностика

- Оқушылардың әлеуметтік, эмоционалдық және танымдық дамуын бағалау;

- Тәрбиелік әсерлердің тиімділігін анықтау.

2.5. Электрондық мониторинг жүйелері

- Мектептің ақпараттық жүйесі арқылы деректерді жинау;
- Статистика мен талдау нәтижелерін автоматтандыру;

- Уақытты үнемдеу және объективті баға беру.

3. Бағалау критерийлері

Оқу-тәрбие жұмысының сапасын бағалау бірнеше критерий бойынша жүргізіледі:

1. Ұйымдастырушылық деңгейі – іс-шараларды жоспарлау, сынып жетекшілерінің жұмысы;
2. Нәтижелілік – оқушылардың тәрбие жетістіктері, қатысу белсенділігі;
3. Индивидуализация – оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру;
4. Инновациялық қолдану – жаңа әдістер мен технологияларды пайдалану;
5. Құндылықтық бағдар – мектептің тәрбиелік мақсаттарына сәйкестік.

4. Мониторинг нәтижесін талдау және қолдану

Мониторинг нәтижелері:

- мектептің оқу-тәрбие бағдарламасын жетілдіруге;
- педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға;
- оқушылардың дамуын бақылап, нақты шаралар қабылдауға;
- ата-аналармен кері байланыс орнатуға қолданылады.

Мониторинг нәтижесін талдау барысында проблемалық бағыттар анықталып, тиімді іс-шаралар жоспары жасалады. Бұл мектептегі оқу-тәрбие процесінің сапасын жүйелі түрде арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Оқу-тәрбие жұмысының сапасын бағалау және мониторинг жүргізу – мектеп әкімшілігінің маңызды қызметі. Жүйелі мониторинг оқу-тәрбие процесін жетілдіруге, педагогикалық тәжірибені дамытуға және оқушылардың толыққанды дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Заманауи әдістер мен ақпараттық технологияларды пайдалану бағалауды тиімді әрі



объективті етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, 2019.
2. Қ. Нұрпейісова. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы. Алматы, 2020.
3. Д. Жұмабаев. Мектеп әкімшілігінің ұйымдастыру қызметі. Нұр-Сұлтан, 2021.
4. Айтбаев Б. Педагогикалық мониторинг және бағалау әдістері. Алматы, 2019.
5. UNESCO. Handbook on Monitoring and Evaluation in Education. Paris, 2020.

ОЦЕНКА КАЧЕСТВА УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ И МЕТОДЫ ПРОВЕДЕНИЯ МОНИТОРИНГА

Аннотация. В статье рассматриваются методы оценки качества учебно-воспитательной работы в школе и проведения мониторинга. Автор анализирует системные подходы, применяемые для повышения эффективности учебно-воспитательного процесса. Кроме того, предлагаются пути оценки развития учащихся и качества воспитательной работы через педагогический контроль, сбор и анализ данных.

Ключевые слова: учебно-воспитательная работа, оценка качества, мониторинг, школьная администрация, педагогический контроль, развитие учащихся.

ASSESSMENT OF THE QUALITY OF EDUCATIONAL AND UPBRINGING WORK AND MONITORING METHODS

Abstract. The article examines methods for assessing the quality of educational and upbringing work in schools and conducting monitoring. The author analyzes systematic approaches used to improve the effectiveness of the educational process. Additionally, methods for evaluating students' development and the quality of upbringing work through pedagogical supervision, data collection, and analysis are proposed.

Keywords: educational and upbringing work, quality assessment, monitoring, school administration, pedagogical supervision, student development.

Авторлар туралы мәлімет/ Сведения об авторах

Қазақ тілінде:	Туремуратова Гульдана Бекжигитовна Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Б.Шалғынбаев атындағы №217 IT-мектеп-лицей» КММ Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы	guldana-67@mail.ru 87774812878
На русском:	Туремуратова Гульдана Бекжигитовна Заместитель директора по учебно-воспитательной работе КГУ «IT-школа-лицей №217 имени Б.Шалғынбаева» отдела образования по городу Кызылорда г.Кызылорда, Республика Казахстан	
На английском языке:	Turemuratova Guldana Bekzhigitovna Deputy Director for Educational and Upbringing Work KSU "B. Shalginbayev Named IT School-Lyceum No. 217" Department of Education of Kyzylorda City Kyzylorda, Republic of Kazakhstan	



Жасанды интеллект — дене шынықтыру сабақтарында ұлттық құндылықтарды дәріптеудің инновациялық құралы

Тұрсынбек Нұрдаулет
Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, заманауи технологияларды тиімді пайдалану арқылы сапалы білім мен тәрбие беру. Қазақстан Республикасында білім беру саласын цифрландыруға ерекше көңіл бөлініп, жасанды интеллект технологиялары оқу үдерісінің барлық бағыттарына енгізіле бастады. Бұл үрдіс дене шынықтыру пәніне де жаңа серпін беріп, сабақтың мазмұнын байытуға, оқушылардың қызығушылығын арттыруға және ұлттық құндылықтарды жаңаша форматта дәріптеуге мүмкіндік туғызуда. Дене шынықтыру пәні – тек қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыратын пән ғана емес, сонымен қатар ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды насихаттайтын маңызды тәрбие құралы. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ойындары, батырлық дәстүрлері, салт-дәстүрлері мен дене тәрбиесіне қатысты тәжірибесі бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде ерекше орын алады. Сондықтан дене шынықтыру сабақтарында ұлттық ойындарды, халықтық педагогика элементтерін және ұлттық спорт түрлерін жүйелі қолдану оқушылардың елжандылық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Ал жасанды интеллект осы бағыттағы жұмыстың тиімділігін бірнеше есе арттыра алатын инновациялық құрал болып табылады.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық әрекеттерін модельдеуге қабілетті заманауи технологиялар жиынтығы. Бүгінгі таңда ChatGPT, Gemini, Microsoft Copilot, Canva AI, Gamma AI, Suno AI сияқты платформалар мұғалімдердің күнделікті жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, шығармашылық ізденісіне де мүмкіндік береді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі жасанды интеллект көмегімен қысқа мерзімді жоспарлар дайындай алады, ұлттық ойындарға арналған тапсырмалар құрастырады, қауіпсіздік ережелерін жас ерекшеліктеріне қарай бейімдейді, сабақ сценарийлерін әзірлейді, бағалау критерийлері мен дескрипторларды автоматты түрде жасайды. Бұл мұғалімнің уақытын үнемдеп, сабақ сапасын арттыруға жағдай жасайды.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуде жасанды интеллекттің ең үлкен артықшылығы – білім мазмұнын оқушыға қызықты әрі түсінікті форматта ұсынуында. Мысалы, мұғалім жасанды интеллекттің көмегімен «Асық ату», «Арқан тарту», «Тоғызқұмалақ», «Ақсүйек», «Бес тас», «Қазақ күресі» сияқты ұлттық ойындардың шығу тарихын, тәрбиелік мәнін және орындалу әдістерін қамтитын көрнекі материалдар әзірлей алады. Сонымен қатар жасанды интеллект ұлттық ойындардың ережесін түсіндіретін анимациялар, бейнероликтердің

сценарийлері, инфографикалар мен презентациялар жасауға көмектеседі. Бұл оқушылардың ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттырып, теориялық білім мен практикалық әрекетті өзара байланыстырады.

Дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарды өткізу кезінде жасанды интеллектті пайдалану оқыту әдістерін әртараптандыруға мүмкіндік береді. Мәселен, мұғалім белгілі бір ұлттық ойынның мақсаты мен ережесін бірнеше тілде әзірлеп, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі терминдерді қатар қолдана алады. Бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытып қана қоймай, тілдік құзыреттілігін де жетілдіреді. Сонымен бірге жасанды интеллект әртүрлі жас ерекшелігіне сәйкес тапсырмаларды автоматты түрде бейімдеп, инклюзивті білім беру талаптарына сай сабақ ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Қазіргі оқушылар цифрлық технологиялармен тығыз байланыста өмір сүреді. Сондықтан дәстүрлі оқыту әдістерін цифрлық құралдармен ұштастыру – уақыт талабы. Жасанды интеллект арқылы мұғалім сабақ барысында ұлттық ойындардың виртуалды модельдерін көрсетіп, ойын ережелерін бейнеанимация арқылы түсіндіре алады. Сабақ соңында оқушылардың алған білімін тексеру үшін жасанды интеллект көмегімен интерактивті сұрақтар, викториналар және рефлексия тапсырмаларын дайындауға болады. Мұндай тәсіл оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына, ақпаратты есте сақтауына және пәнге деген қызығушылығының артуына оң әсер етеді.

Жасанды интеллект дене шынықтыру сабақтарында бағалау үдерісін де жетілдіреді. Мұғалім оқушылардың қозғалыс белсенділігіне, тапсырмаларды орындау сапасына және ұлттық ойындарға қатысу белсенділігіне сәйкес бағалау парақтарын автоматты түрде әзірлей алады. Сонымен қатар әр оқушының жетістігіне байланысты жеке ұсыныстар мен кері байланыс мәтіндерін дайындау мүмкіндігі бар. Бұл қалыптастырушы бағалаудың сапасын арттырып, әр білім алушының даму траекториясын бақылауға мүмкіндік береді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуде бейнематериалдардың маңызы ерекше. Жасанды интеллект платформалары арқылы мұғалім қазақ батырлары, ұлттық спорт түрлері, халық ойындарының тәрбиелік мәні туралы қысқа бейнероликтердің сценарийлерін әзірлей алады. Canva AI немесе Gamma AI көмегімен тартымды презентациялар жасалып, Suno AI арқылы ұлттық рухты көтеретін әуендер құрастыруға болады. Осындай цифрлық өнімдер сабақтың тәрбиелік әлеуетін арттырып, оқушылардың эмоциялық қабылдауына оң ықпал етеді.



Сонымен қатар жасанды интеллект мұғалімдердің кәсіби дамуына да ықпал етеді. Ол жаңа әдістемелік идеялар ұсынады, сабақтарды жетілдіруге арналған ұсыныстар береді, ғылыми мақалалар мен баяндамалар әзірлеуге көмектеседі. Мұғалім өз тәжірибесін талдап, жасанды интеллект көмегімен тиімді және әлсіз тұстарын анықтай алады. Бұл үздіксіз кәсіби дамудың маңызды құралына айналып отыр.

Дегенмен жасанды интеллектті қолдануда белгілі бір талаптарды сақтау қажет. Ол мұғалімнің кәсіби шеберлігін алмастырмайды, тек көмекші құрал қызметін атқарады. Ұлттық құндылықтарды түсіндіруде мұғалімнің жеке өнегесі, ұлттық дүниетанымы, педагогикалық шеберлігі мен тәрбиелік ықпалы әрқашан басты орында болады. Сондықтан жасанды интеллект ұсынған ақпараттың дұрыстығын тексеру, оны ұлттық ерекшеліктерге сәйкестендіру және оқушылардың жас ерекшелігіне бейімдеу міндетті болып саналады.

Бүгінгі таңда ұлттық тәрбие мен цифрлық технологияларды өзара үйлестіру – білім берудің жаңа бағыты. Дене шынықтыру сабақтарында жасанды интеллектті тиімді пайдалану арқылы ұлттық ойындардың мазмұнын жаңаша ұсынуға, оқушылардың

ұлттық мәдениетке деген құрметін қалыптастыруға және олардың шығармашылық белсенділігін арттыруға болады. Бұл тәсіл білім беру мазмұнын жаңғыртып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды цифрлық дәуір талаптарына сай дәріптеуге мүмкіндік береді.

ЖИ – дене шынықтыру сабақтарында ұлттық құндылықтарды насихаттаудың инновациялық әрі тиімді құралы. Ол мұғалімнің шығармашылық әлеуетін арттырып, сабақтың сапасын жақсартады, оқушылардың ұлттық мұраға деген қызығушылығын күшейтеді және тәрбиелік жұмыстың нәтижелілігін арттырады. Болашақта жасанды интеллект мүмкіндіктерін ұлттық білім беру мазмұнымен үйлестіре отырып пайдалану – жас ұрпақтың бойында ұлттық сана, патриоттық рух және салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды тетіктерінің бірі болмақ.



Балалардың шығармашылық дамуы мен жеке тұлға ретінде қалыптасуы

Қанбарова Гүлзира

КМҚК «Жадыра» бөбейжай - бақшасы» тәрбиешісі

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы олардың жеке тұлға болып қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Баланың шығармашылық әлеуетін ашудағы педагогтің, отбасының және дамытушы ортаның рөлі айқындалып, қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер сипатталады.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі тәрбие, шығармашылық қабілет, жеке тұлға, шығармашылық ойлау, танымдық белсенділік, ойын технологиясы, тәрбиелеу, дамыту.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңғыртудың басты бағыттарының бірі – баланың жеке тұлғасын жан-жақты дамытуға жағдай жасау. Мектепке дейінгі кезең – тұлғаның негізі қаланатын, мінез-құлқы, дүниетанымы, қабілеті мен қызығушылығы қалыптасатын ерекше кезең. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде шығармашылықты дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Шығармашылық – адамның жаңа идеялар ойлап табуына, мәселені жаңаша шешуіне, қоршаған ортаға өзіндік көзқарасын білдіруіне мүмкіндік беретін қабілет. Баланың шығармашылық әрекеті оның өмірге қызығушылығын арттырып қана қоймай, өзін еркін сезінуіне, өз мүмкіндігін танытуына ықпал етеді.

Баланың шығармашылық қабілетін дамытудың маңызы

Шығармашылық қабілет – туа біткен қасиет қана емес, оны жүйелі ұйымдастырылған тәрбие мен оқыту барысында дамытуға болады. Мектепке дейінгі кезеңде балалардың қиялы өте белсенді болады. Олар жаңа бейнелер жасап, әртүрлі жағдайларды елестетіп, ойын арқылы өмірді таниды.

Шығармашылықпен айналысатын бала:

- еркін ойлайды;
- өз пікірін ашық білдіреді;
- мәселені шешудің бірнеше жолын іздейді;
- қоршаған ортаға қызығушылық танытады;
- өзіне деген сенімділігі артады;
- дербес шешім қабылдауға үйренеді.

Осындай қасиеттер болашақта баланың табысты тұлға болып қалыптасуына негіз болады.

Жеке тұлғаның қалыптасуындағы педагогтің рөлі. Педагог – баланың шығармашылық қабілетін дамытатын негізгі тұлға. Тәрбиеші әр баланың жас ерекшелігін, қызығушылығын және қабілетін ескере отырып, оның шығармашылық белсенділігін қолдайтын білім беру ортасын ұйымдастыруы қажет.

Педагогтің міндеттері:

- баланың еркін ойлауына мүмкіндік жасау;
- шығармашылық бастамаларын қолдау;
- зерттеуге, бақылауға қызықтыру;
- ойын, тәжірибе және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру;

-әр баланың жетістігін бағалап, мадақтау.

Баланың әрбір жетістігін қолдау оның өз күшіне деген сенімін арттырып, тұлғалық дамуына оң ықпал етеді.

Шығармашылықты дамытудың тиімді әдістері

Мектепке дейінгі ұйымда шығармашылықты дамыту үшін келесі жұмыстар тиімді нәтиже береді:

Ойын технологиялары. Сюжеттік-рөлдік, дидактикалық және қимылды ойындар балалардың қиялын, сөйлеу мәдениетін және қарым-қатынасын дамытады.

Бейнелеу өнері. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және құрастыру барысында балалар өз ойларын шығармашылық тұрғыдан бейнелейді.

Көркем әдебиет. Ертегілерді оқу, кейіпкерлерді сахналау, әңгіме құрастыру балалардың тілін, қиялын және эмоциялық әлемін дамытады.

Музыка және театр. Ән айту, би билеу, драмалық қойылымдарға қатысу баланың шығармашылық белсенділігін арттырып, эстетикалық талғамын қалыптастырады.

Зерттеу әрекеті. Қарапайым тәжірибелер жасау, табиғатты бақылау және сұрақтарға жауап іздеу арқылы балалардың танымдық белсенділігі дамиды.

Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы

Баланың шығармашылық дамуы тек балабақшамен шектелмейді. Отбасындағы жылы қарым-қатынас, ата-ананың қолдауы мен қызығушылығы баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Ата-аналар:

- баламен бірге кітап оқуы;
 - сурет салып, шығармашылық жұмыстар жасауы;
 - табиғатқа серуен ұйымдастыруы;
 - баланың пікірін тындап, ойын құрметтеуі қажет.
- Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы шығармашылық тәрбиенің тиімділігін арттырады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, шығармашылық – баланың жан-жақты дамуының негізгі тетігі. Шығармашылықпен айналысатын бала өмірге қызығушылықпен қарайды, өз ойын еркін жеткізеді, қиындықтарды шешуге талпынады және қоғамда белсенді тұлға болып қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым педагогтері баланың табиғи қабілетін уақытында байқап, оны жүйелі түрде дамытуды басты міндеттердің бірі ретінде қарастыруы қажет. Шығармашылыққа негізделген білім беру ортасы ғана болашақта бәсекеге қабілетті, рухани бай, ізденімпаз және жауапкершілігі жоғары азамат тәрбиелеуге мүмкіндік береді.



Үй және дала құстары

Ж.Бекбергел

«Бегім ана» бөбекжай бақшасы КМҚК «Қу-
аныш» ересек тобының тәрбиешісі

Күні 28.10.2025ж

Тақырыбы: «Үй және дала құстары»

Ұйымдастырылған іс -әрекет (кіріктірілген)

Бағыты: **Коммуникативтік** дағды, танымдық және
әлеуметтік дағдыларын дамыту.

- Міндеттері: Балаларды заттық әлеммен
таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын
қалыптастыру. Заттардың қасиеттері және қолданылуы
туралы түсініктерін кеңейту. (Әлеуметтік дағды)

- Айналасындағы заттар мен сөздік қорын кеңейту:
қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын
түсіну. Заттардың атауларын, олардың бөліктерін
жасалған материалдардың белгілі және белгісіз
қасиеттерін қолдану.

- Зияткерлік дағдыларын дамыту. Сыни
ойлау дағдыларын қалыптастыру. 5-ке дейін санау
дағдыларын дамыту. 5 –ке дейін тура және кері санауға
жаттықтыру

Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміз ерек-
ше қызық болғалы тұр. Сондықтан мұқият тыңдаңыздар.
Ақылды тақтамыздағы бинероликке назар аударамыз.

-Балалар қазір жылдың қандай мезгілі?

-Күз мезгілі.

-Дұрыс айтасындар.

-Күз мезгілінде қанша ай бар?

Балалар жауабы.

Күз мезгілінде қандай ерекшеліктерді білесіңдер?

Балалар жауабы.

Жарайсындар.

Күн салқындап, жапрақтар сарғайып, күн болт болып
жаңбыр жауады. Аңдарымыз ұйқыға кетеді. Құстар жылы
жаққа ұшады, үстіміздегі киімдерді жылы киінеміз.

Үй құстарының бізге қандай пайдасы бар?

Балалар жауабы: (Жұмыртқа ет, тауық жүнінен
жастық жасаймыз).

Балалар құстар үй құстары және жабайы құстар деп
екіге бөлінеді екен. Дала құстары аты айтып тұрғандай
далада өмір сүреді. Олардың да табиғатқа тигізетін
пайдасы бар екен балалар. Талдарды зиянды құрттардан
тазартады екен.

Үй құстары туралы ертегі де бар екен. Ақылды

тақтадан тамашалаймыз ба?

-Балалар ертегі не туралы екен?

Балалар жауабы.

Үйрек тауық қаз дауласып жатыр . Әр бір үй құсының
адамға тигізетін пайдасы көп екен. Тауық бізге не береді
жұмыртқа.

Олай болса балалар «Сықырлы жұмыртқа» ойынын
ойнауға шақырамын.

Ойын: «Сыйқырлы жұмыртқа».

Бағыты: Балалардың саусақ моторикасын дамыту,
сыни ойлау дағдыларын дамыту. Балалардың ой өрісін
дамыту.

Шарты: Жұмыртқаларды жарып, ішінен шығатын
затты тамашалау.

-Балалар жұмыртқаның ішінен не шықты?

Я балалар жұмыртқадан балапан пайда болады екен.

(Балапандардың шырылдаған дауысы естіледі).

Ой балалар балапандарымыз шырылдап жатыр.

Аналарын іздеп жатыр балалар, балапандарды аналарына
жеткізу керек. Ендеше балалар «Жүйрік балапан ойынын»
ойнауға шақырамын.

Ойын: «Жүйрік балапан».

Шарты: Жіптің көмегімен балаландарды анасына
жеткізу.

Жылыған балапандарды анасына жеткіздік енді, осы
балапандарды өз қолымызбен көңілді балапандарды жасап
көрейікші.

Ойын: «Көңілді тауықтар».

Бағыты: Балалардың жеке ерешеліктерін ескере
отырып, ойын түрінде іске асыру.

Шарты: Трафарет көмегімен тауықты бояп шығу.

Балаларды мадақтау.

Балалар біз санау білеміз бе?

Ойын: «Дала құстары»

Құстардың санына қарай, сандарды орналастыру .

Балалар бүгінгі ойын сендерге ұнады ма?

Несімен ұнады ?

Біз қандай ойындар ойнадық?

Бізге үй құстарының қандай пайдасы бар екен?

Балаларды мадақтау.

Жарайсындар балалар сендер бүгінгі ойындарды
жақсы ойнап шықтыңдар. Керемет.



Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін пәнаралық интеграцияны ұйымдастыру

Тажиева Шолпан Айтбаевна

Түркістан облысы, Шардара ауданы Қасым Аманжолов атындағы жалпы білім беретін мектеп

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамның алған білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білуі, ақпаратты талдап, саралап, дұрыс шешім қабылдай алуы. Осы мақсатқа жетудің тиімді жолдарының бірі – пәнаралық интеграцияны ұйымдастыру.

Пәнаралық интеграция – әртүрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара байланыстыра отырып, білім алушының тұтас дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған үдеріс. Мұндай тәсіл оқушыларға білімді жеке-жеке емес, бір-бірімен тығыз байланыста қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, математика сабағында статистикалық деректерді талдау барысында география немесе биология пәндеріндегі нақты мәліметтерді қолдануға болады. Бұл оқушының есеп шығару дағдысын ғана емес, сонымен қатар ақпаратты өмірмен байланыстыру қабілетін дамытады.

Пәнаралық байланыс оқушылардың сыни ойлауын, зерттеушілік қабілетін және шығармашылық белсенділігін арттырады. Мәселен, жоба жұмыстары барысында әдебиет, тарих және өнер пәндерін біріктіру арқылы белгілі бір тарихи кезеңді жан-жақты талдауға болады. Бұл тәсіл білім алушыларды өз бетімен ізденуге, ақпарат көздерін салыстыруға және қорытынды жасауға үйретеді.

Сонымен қатар, пәнаралық интеграция цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға да жол ашады. Информатика сабағында алынған дағдыларды басқа пәндерде қолдану арқылы оқушылар деректерді өңдеп, презентациялар жасап, нәтижелерін ұсына алады. Бұл олардың коммуникациялық және цифрлық құзыреттілігін қалыптастырады.

STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) – пәнаралық интеграцияны жүзеге асырудың тиімді моделі. Ол білім алушылардың зерттеу, жобалау, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытады.

STEAM бағдарламасы:

- Теория мен практиканы байланыстырады
- Пәндер арасындағы шекараны жояды
- XXI ғасыр дағдыларын дамытады

Оқушының зерттеушілік және шығармашылық әлеуетін ашады

Қорытындылай келе, пәнаралық интеграция – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың маңызды тетігі. Ол оқытуды өмірмен ұштастырып, оқушыларды нақты мәселелерді шешуге бейімдейді. Сондықтан білім беру үдерісінде пәндер арасындағы байланысты жүйелі түрде ұйымдастыру – заман талабына сай, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеудің негізі болып табылады.



Баланың болашағы балабақшадан басталады

Баймбетова Сандигүл Ордабаевна

*№2 "Бөбек" санаториялық бөбекжай балабақшасы коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің тәрбиешісі, Педагог -сарапшы*

Қоғамның ең қымбат байлығы – тәрбиелі әрі білімді ұрпақ. Сол ұрпақтың тұлға болып қалыптасуына алғашқы қадам жасайтын орын – бөбекжай балабақша. Мен үшін тәрбиеші болу жай ғана мамандық емес, үлкен жауапкершілік пен жүрек қалауынан туған өмірлік жол. Әр таң сайын балабақша есігінен күлімдеп кірген бүлдіршіндерді қарсы алу, олардың алғашқы жетістіктеріне куә болу – менің ең үлкен бақытым. Әр бала – өзіндік мінезі, арманы мен қабілеті бар жеке тұлға. Сондықтан тәрбиеші ең алдымен баланың жүрегіне жол тауып, оған сенім мен мейірім сыйлай білуі керек. Балабақша бүлдіршін үшін екінші үй болса, тәрбиеші екінші анадай қамқор болуы тиіс. Осындай жылы ортада ғана бала өзін еркін сезініп, жан-жақты дамуға мүмкіндік алады.

Балабақшадағы тәрбиенің басты мақсаты – баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау. Бұл тек әріп танытып, сан үйретумен ғана шектелмейді. Біз балалардың ойлау қабілетін, тіл байлығын, шығармашылық қиялын және қарым-қатынас мәдениетін дамытуға ерекше көңіл бөлеміз. Сабақ барысында ойын технологияларын, шығармашылық тапсырмалар мен түрлі танымдық жұмыстарды пайдаланып, олардың қызығушылығын арттыруға тырысамыз. Әр баланың қабілеті әртүрлі болады. Бірі сурет салуға бейім болса, енді бірі ән айтып, би билегенді немесе құрастыру жұмыстарын жақсы көреді. Осындай ерекшеліктерді байқап, олардың талантын дамыту – тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі. Баланың әрбір жетістігі оның өзіне деген сенімін арттырып, болашаққа деген қызығушылығын қалыптастырады.

Балабақша – ұлттық тәрбиенің де алғашқы орда-сы. Біз балаларға үлкенді құрметтеуді, кішіге қамқор болуды, достық пен сыйластықты күнделікті іс-әрекет арқылы үйретеміз. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтарын мерекелік іс-шаралар, ұлттық ойындар, ертегілер, мақал-мәтелдер арқылы таныстырамыз. Домбыраның үнін тыңдап, туған тілдің қадірін сезініп өскен бала өз халқының мәдениетін құрметтей біледі. Ұлттық тәрбие мен заманауи білім қатар жүргенде ғана саналы әрі рухани бай ұрпақ тәрбиеленеді. Сондықтан тәрбие жұмысында халқымыздың асыл мұрасын насихаттау әрдайым маңызды орын алады.

Қазіргі уақытта цифрлық технологиялардың дамуы балалардың өміріне де ықпал етіп отыр. Ұялы телефон мен планшеттің алдында ұзақ уақыт отыру баланың табиғи дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан балабақшада балалардың уақытын пайдалы ойындармен, қимылды жаттығулармен, шығармашылық жұмыстармен тиімді ұйымдастыруға ерекше мән береміз. Табиғат аясындағы серуендер, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу,

құрастыру жұмыстары олардың ойлау қабілеті мен ұсақ моторикасын дамытады. Бірге ойнаған балалар бір-бірімен тіл табысуды, достасуды және ортақ шешім қабылдауды үйренеді. Осындай орта баланың денсаулығын нығайтып қана қоймай, оның тұлғалық қалыптасуына да оң әсер етеді.

Тәрбие жұмысында ата-анамен тығыз ынтымақтастықтың маңызы зор. Балабақша мен отбасы бір бағытта жұмыс істегенде ғана тәрбие өз нәтижесін береді. Біз ата-аналармен тұрақты байланыс орнатып, баланың жетістіктері мен мінез-құлқы туралы пікір алмасып отырамыз. Ашық оқу қызметтері, мерекелік шаралар мен шығармашылық көрмелер арқылы ата-аналар баласының жетістігін өз көзімен көріп, тәрбие жұмысына белсенді араласады. Өзара түсіністік пен сенім қалыптасқан кезде бала да өзін қауіпсіз әрі сенімді сезінеді. Сондықтан ата-ана мен тәрбиеші арасындағы серіктестік әрдайым бала игілігіне қызмет етуі тиіс.

Тәрбиеші болу үздіксіз ізденісті қажет етеді. Қоғам өзгерген сайын білім беру мен тәрбиелеу әдістері де жаңарып келеді. Біз жаңа педагогикалық технологияларды меңгеріп, кәсіби білімімізді жетілдіруге үнемі көңіл бөлеміз. Дегенмен қандай жаңашылдық енгізілсе де, оның негізінде мейірім, сабырлылық және адамгершілік жатуы керек. Балалар тәрбиешінің сөзінен бұрын оның ісіне қарап үйренеді. Сондықтан өзіміздің мәдениетімізді, сөйлеу әдебімізді және мінез-құлқымызды үнемі жетілдіріп отыру – кәсіби міндетіміздің бір бөлігі.

Балабақшадағы әрбір күн біз үшін жаңа қуанышқа толы. Баланың алғаш анық сөйлеген сөзі, өздігінен киінуге талпынуы, досына көмектесуі немесе сахнада еркін өнер көрсетуі – тәрбиеші еңбегінің жемісі. Осындай қарапайым көрінетін жетістіктердің артында үлкен еңбек, шыдамдылық және сүйіспеншілік жатыр. Кейде бір баланың бойындағы ұялшақтықты жеңу үшін көп уақыт қажет болады. Бірақ оның өзіне сенімді болып өскенін көргенде барлық еңбектің ақталғанын сезінесің. Бұл – тәрбиеші мамандығының ең үлкен қуанышы.

Мен үшін бөбекжай балабақша – болашақтың берік іргетасы қаланатын қасиетті мекен. Осында тәрбиеленген әрбір бала ертең елінің дамуына үлес қосатын азамат болып өседі. Сондықтан тәрбиеші әрбір бүлдіршіннің жүрегіне мейірім, білім және адамгершілік дәнін себуге жауапты. Сол дән уақыт өте келе үлкен өмірде жемісін береді. Болашақтың жарқын болуы бүгінгі балалардың алған тәрбиесіне байланысты. Сондықтан біз әрбір күнді жауапкершілікпен өткізіп, балалардың бақытты балалық шағы мен жарқын келешегі үшін адал еңбек ете береміз.



Инклюзивті білім беру жағдайындағы мектеп логопедінің кәсіби қызметінің ерекшеліктері

Меңлібай Айзат Қанатқызы

№19 санаторлық бөбекжай бақшасының логопед маманы

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі басты реформалардың бірі – инклюзивті білім беруді енгізу. "Әрбір балаға сапалы білім" деген қағиданы жүзеге асыру үшін жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар дені сау құрбыларымен бірге оқып, тәрбиеленуде.

Инклюзивті ортада оқу үдерісінің сәттілігі көптеген факторға байланысты. Оның ішінде баланың сөйлеу тілінің даму деңгейі басты орын алады. Өйткені сөйлеу – оқудың, жазудың, ойлаудың және әлеуметтік бейімделудің негізі.

Осыған байланысты мектеп логопедының қызметі тек медициналық-коррекциялық бағыттан шығып, педагогикалық, әдістемелік және әлеуметтік сипатқа ие болуда. Мақаламыздың мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайындағы логопед маманның жұмыс мазмұнын, бағыттарын және қиындықтарын талдау.

1. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЛОГОПЕДТІҢ ОРНЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Дәстүрлі логопункте логопед тек "дыбыс қоюмен" айналысса, инклюзивті мектепте оның функциясы 3 есе кеңейеді:

1. Диагностикалық міндет. 1-4 сынып оқушыларының 100% скринингтен өткізу. Мұғалімдер мен ата-аналардың сұранысы бойынша терең тексеру.

2. Түзету-дамыту міндеті. Жеке, топтық және сыныптағы сабақтарда жұмыс.

3. Әдістемелік және кеңес беру міндеті. Пән мұғалімдеріне, ата-аналарға, әкімшілікке ұсыныс беру.

Логопедтің басты мақсаты: Баланың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру арқылы оның білімді толық меңгеруіне және ұжымға сәтті интеграциялануына көмектесу.

2. ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ 5 БАҒЫТЫ

2.1 Кешенді диагностика

Оқу жылының басында "Ерте анықтау" жұмысы жүргізіледі.

Диагностикалық картада 5 бөлім бар:

1. Артикуляциялық аппараттың жағдайы
2. Дыбыс айту
3. Фонематикалық есту және қабылдау
4. Лексика-грамматикалық құрылым
5. Байланыстырып сөйлеу және жазба тілі

Нәтижесінде әр балаға "Жеке түзету бағыты" анықталып, ИПЖ-ға енгізіледі.

2.2 Түзету-дамыту жұмыстары

Аптасына 2-3 рет 20 минуттан өткізіледі. Инклюзиядағы ерекшелігі – сабақтың 50% ойын түрінде өтуі керек.

Сабақ құрылымы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: Нейрогимнастика "Кулак-ребро-ладонь"
2. Артикуляциялық гимнастика: Айна алдында, ертегі кейіпкерлерімен
3. Негізгі бөлім: Дыбыс қою, ажырату, сөздік қорды байыту
4. Қорытынды: Рефлексия "Бүгін мен нені үйрендім"

2.3 Пән мұғалімдерімен бірлескен жұмыс

Бұл – инклюзияның жүрегі. Логопед айына 1 рет мұғалімдерге "Логопедиялық минуткалар" шебер-классын өткізеді.

Мысал: Математика сабағында "3 алма + 2 алма" дегенде, ОНР бар балаға сурет арқылы көрсету ұсынылады. Ана тілі сабағында диктант орнына тест беру ұсынылады.

2.4 Ата-аналармен жұмыс

Ата-анасыз нәтиже болмайды. Жұмыс түрлері:

1. Жеке кеңес - айына 1 рет
2. "Ашық есік күні" - тоқсан сайын
3. WhatsApp дәптер - үйге 3 жаттығудан видео жіберу
4. Тренинг: "Үйде қалай сөйлесу керек"

2.5 ПМПК командасындағы жұмыс

Психолог, арнайы педагог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшімен бірге апта сайын "қиын" баланы талқылайды. Логопед сол жерде баланың сөйлеу ерекшелігіне байланысты ұсыныс береді.

3. ИНКЛЮЗИВТІ СЫНЫПТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР



Технология	*Мақсаты*	*Мысал*
1. IT-технологиялар	Назарды ұстау, мотивация	"Веселый логопед", Learningapps
2. Нейрогимнастика	Екі ми жартышарын қосу	"Сырғайма", "Сақина" жаттығулары
3. Арт-терапия	Сөздік қорды дамыту	Сурет арқылы әңгіме құрау
4. Құм терапиясы	Қолдың моторикасы, сөйлеу	Құмға әріп жазу
5. Кинезиология	Жад, назарды дамыту	"Алақан-жұдырық" ойыны

4. КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАР ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

1. Қиындық: Уақыттың жетіспеуі. Бір логопедке 40-50 бала келеді.

Шешімі: Топтық сабақты көбейту, мұғалімге тапсырма беру.

2. Қиындық: Ата-ананың жауапсыздығы.

Шешімі: Нәтижені 1 айда 1 рет салыстырып көрсету. Бейнеолик.

3. Қиындық: Мұғалімнің "маған уақыт жоқ" дегені.

Шешімі: 5 минуттық дайын тапсырмалар, жадынама беру.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім берудегі мектеп логопеды – бұл көпсалалы маман. Ол диагностикашы, түзетуші, мұғалімнің тәлімгері және ата-ананың серіктесі.

В.И. Селиверстов айтқандай: "Сөйлеуі түзелген бала – үйренуге дайын бала". Сондықтан логопедтің жұмысы

– бұл болашаққа салынған инвестиция.

Тек "мектеп + отбасы + мамандар" бірлескен жұмысы арқылы ғана біз әрбір балаға тең мүмкіндік бере аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы. – Астана, 2007. – 49 бап.

2. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Жол картасы.

3. Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В. Коррекция общего недоразвития речи у дошкольников. – СПб.: СОЮЗ, 2019. – 160 с.

4. Волкова Л.С. Логопедия: Учебник для студентов дефектол. фак. пед. вузов. – М.: ВЛАДОС, 2020. – 680 с.

5. Селиверстов В.И. Заикание у детей: психокоррекционные и дидактические основы логопедического воздействия. – М.: ВЛАДОС, 2021.

6. Жұмабаева Е.К. Инклюзивті білім беру: теориясы және тәжірибесі. – Алматы: Ұлағат, 2022. – 240 б.

7. Ткачева В.В. Технологии психологического изучения семей, воспитывающих детей с отклонениями в развитии. – М.: УМК "Психология", 2018.

8. Ахметжанова Г.В. Логопедиялық ритмика. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 180 б.

9. Вайзман Н.П. Психомоторика детей-логопатов. – М.: Педагогика, 2019.

10. Безрукова О.А. Методика определения уровня речевого развития детей дошкольного возраста. – СПб.: КАРО, 2020.



Қайталанатын жергілікті қауіпсіздік мәселелерін ведомствоаралық басқару: «қауіпсіз орта» регламентінің жобалық моделі

Жанаев Бауыржан Дәулетханұлы

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан

Андатпа. Мақалада Жамбыл облысында қайталанатын жергілікті қауіпсіздік мәселелерін полиция, жергілікті атқарушы органдар және тұрғындар арасында бірлесіп басқарудың жобалық моделі негізделеді. Зерттеу байланыс арналарының бар-жоғына емес, әртүрлі арнадан түскен ұқсас сигналдардың бір мәселе ретінде танылуы, себептерінің талдануы, әрекеттің нақты орындаушыға бекітілуі және нәтижесінің қайта өлшенуі арасындағы басқару сабақтастығына назар аударады.

Зерттеудің мақсаты. Қолданыстағы өтініш арналары мен мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін өзгертпей, қайталанатын қауіпсіздік мәселесін мәселеге бағдарланған бірыңғай ведомствоаралық циклге біріктіретін «Қауіпсіз орта» регламентінің ғылыми және институционалдық құрылымын әзірлеу.

Әдістері. Нормативтік-институционалдық талдау, рецензияланатын ғылыми еңбектерге мақсатты шолу, қолданыстағы процесті картаға түсіру, SARA логикасы негізіндегі ықпал ету тізбегін құру және алты айлық пилотқа арналған квазиэксперименттік бағалау дизайны.

Нәтижелері. Қолданыстағы 102, eOtinish, учаскелік қабылдау және тұрғындармен кездесу арналары жеке функцияларын орындағанымен, олардың дерегін ортақ мәселе нөміріне байланыстыратын міндетті тәртіптің жоқтығы анықталды. Бір мәселе паспортына негізделген алты кезеңді модель ұсынылды: сигналды дербес дерексіз белгілеу, қайталануды анықтау, себепті талдау, әрекетті бекіту, орындау мен кері хабар және 30, 90, 180 күндік бағалау.

Қорытынды. Ғылыми жаңалық жаңа цифрлық арна құруда емес, бар арналардан түсетін сигналды ортақ басқару бірлігіне айналдыруда. Модельдің әсері пилот дерегінен дәлелденбейді; төрт учаскеде енгізу толықтығын, салыстыру аумақтарын, хабарлау белсенділігін, құпиялылықты және ықтимал кеңістіктік ығысуды қатар бақылай отырып сынау қажет.

Түйін сөздер: қоғамдық қауіпсіздік, мәселеге бағдарланған полиция қызметі, SARA, полиция мен тұрғындардың өзара іс-қимылы, ведомствоаралық үйлестіру, рәсімдік әділеттілік, мәселе паспорты, Жамбыл облысы.

Кіріспе

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек құқық бұзушылыққа жедел жауап берумен шектелмейді. Қайталанатын қауіп көбіне полиция құзыретіндегі мінез-құлықпен бірге жарықтандыру, жол қозғалысы, бос нысандар, жастардың бос уақыты, әлеуметтік қолдау және аумақты күтіп ұстау сияқты салалық себептерден қалыптасады. Сондықтан тұрғын көретін түпкі нәтиже бірнеше мемлекеттік органның дерегі мен әрекетін бір мәселе төңірегінде үйлестіру қабілетіне тәуелді.

Жамбыл облысында 102 арнасы, eOtinish электрондық

өтініштері, учаскелік инспектор қабылдауы және тұрғындармен кездесулер қолданылады. Бұл арналар қажет, бірақ бір аумақ, уақыт немесе зиян белгісі бойынша ұқсас сигналдар әр жүйеде жеке оқиға ретінде қалса, ортақ себеп пен түпкілікті нәтиже көрінбеуі мүмкін. Өтінішке жауап беріледі, шақыртуға бару орындалады, бірақ қайталанатын мәселенің бірыңғай иесі мен кейінгі бағалау күні бекітілмеуі ықтимал.

Ресми деректер бойынша 2026 жылғы сәуір–мамырда полицияға толық сенетіндердің үлесі 72,2%, өз ауданында өзін толық қауіпсіз сезінетіндердің үлесі 67,4% болды. Жамбыл облысында 2026 жылдың алғашқы үш айында тіркелген қылмыстар 17,6%, құқық бұзушылықтар 19,6% азайған. Бұл оң көрсеткіштер маңызды, бірақ нақты аула немесе көше бойынша қайталанатын мәселенің бірнеше орғанмен қалай басқарылғанын ашпайды.

Зерттеу мәселесі: байланыс арналары бар болғанымен, ұқсас қауіпсіздік сигналдарын бір қайталанатын мәселе ретінде анықтап, себептерін талдап, әрекетті нақты орындаушыға бекітіп, нәтижесін белгіленген мерзімде қайта өлшейтін міндетті ведомствоаралық тәртіп жоқ. Мақаланың мақсаты — қолданыстағы арналар мен өкілеттіктерді өзгертпей, осы үзілісті жоятын «Қауіпсіз орта» регламентінің жобалық моделін ғылыми негіздеу.

Әдебиеттерге шолу (қысқаша)

Мәселеге бағдарланған полиция қызметінің теориялық бастауы Голдстейннің полиция ұйымын атқарылған операция саны бойынша емес, азаматқа зиян келтіретін нақты проблеманың өзгеруі бойынша бағалау ұсынысынан басталады. SARA үлгісі проблеманы анықтау (scanning), талдау (analysis), әрекет (response) және бағалау (assessment) кезеңдеріне бөлді. Хинкл және әріптестерінің жүйелі шолуы мәселеге бағдарланған тәсілдің қылмыс пен тәртіпсіздікті азайтуға жалпы оң әсерін анықтады, бірақ нәтиже проблеманың нақты анықталуына және шараның жергілікті себепке бейімделуіне тәуелді.

Қоғамға бағдарланған полиция қызметі азаматтардың қанағаттануына және полицияның заңдылығын бағалауына оң ықпал етуі мүмкін, бірақ қылмысқа әсері шектеулі. Рәсімдік әділеттілік әдебиеті пікір айту мүмкіндігі, бейтараптық, құрмет және шешім себебінің түсіндірілуін бағалайды. «Кері хабар» жалпы «шара қабылданды» деген жауаппен теңестірілмейді — ол қандай мәселе қаралып жатқанын, қандай орган не істейтінін және келесі бағалау күнін түсінікті тілмен көрсетуге тиіс.

Әдістері

Зерттеу нормативтік-институционалдық талдау, рецензияланатын ғылыми еңбектерге мақсатты шолу, қолданыстағы процесті картаға түсіру, SARA логикасы негізіндегі ықпал ету тізбегін құру және алты айлық пилотқа арналған квазиэксперименттік бағалау дизайнын біріктірді. Дерек



базасына Қазақстан Республикасының өзекті нормативтік актілері, ресми статистика және проблемалық әрі қоғамға бағдарланған полиция қызметі жөніндегі жүйелі шолулар енгізілді.

Нәтижелер: «Қауіпсіз орта» моделі

Қолданыстағы 102, еОtinish, учаскелік қабылдау және тұрғындармен кездесу арналары жеке функцияларын орындағанымен, олардың дерегін ортақ мәселе нөміріне байланыстыратын міндетті тәртіптің жоқтығы анықталды. Бір мәселе паспортына негізделген алты кезеңді модель ұсынылды:

1) Сигналды дербес дерексіз белгілеу. Әртүрлі арнадан түскен хабарламалар жеке тұлғаны анықтамайтын жалпы сипаттамаға (аудан, уақыт, зиян түрі) аударылады.

2) Қайталануды анықтау. Бір аумақ, уақыт аралығы немесе зиян белгісі бойынша ұқсас сигналдар бір мәселе паспортына біріктіріледі. Паспортта мәселе шекарасы, қайталану дәлелі, бастапқы дереккөздер және ашу күні көрсетіледі.

3) Себепті талдау (SARA). Полиция, жергілікті атқарушы орган және қажет болса басқа сала өкілдері ортақ талдау жүргізеді. Себеп мінез-құлық, физикалық орта, әлеуметтік жағдай немесе ұйымдық олқылық ретінде анықталады.

4) Әрекетті бекіту. Әр тапсырмаға бір орындаушы, мерзім және өлшенетін нәтиже көрсеткіші тағайындалады. Қос демеушілік (әкімдік + Полиция департаменті) ортақ нәтижеге саяси-әкімшілік жауап береді, ал бір үйлестіруші күнделікті жауапкершілікті нақтылайды.

5) Орындау мен кері хабар. Тапсырма орындалғаннан кейін тұрғынға уәжді кері хабар беріледі: қандай мәселе қаралғаны, қандай орган не істегені, ұсыныстың неге қабылданғаны/қабылданбағаны және келесі бағалау күні.

6) 30, 90 және 180 күндік бағалау. Процестік (циклдің толық орындалуы), нәтижелік (қайталама сигнал, зиян белгісі) және қорғау (рәсімдік әділеттілік, құпиялылық, хабарлау мүмкіндігі) көрсеткіштері бөлек өлшенеді.

1-кесте — Бағалау көрсеткіштерінің түрлері

Түрі	Көрсеткіш	Өлшеу тәсілі	Шектеу
Процестік	Циклдің толық орындалуы	Паспорттағы алты кезеңнің белгіленуі	Енгізу толықтығы нәтижеден бұрын тексеріледі
Нәтижелік	Қайталама сигнал / зиян	Базалық және 30/90/180 күндік салыстыру	Әртүрлі мәселе түрі бір шкалада біріктірілмейді
Қорғау	Рәсімдік әділеттілік	Қысқа ерікті сауалнама	Пікір айту, құрмет, түсіндіру бағаланады
Қорғау	Құпиялылық, қатысу теңдігі	Аудит, қатысу журналы	Бұзушылық болса масштабтау тоқтатылады

Ескерту: авторлық бағалау дизайны; SARA және рәсімдік әділеттілік әдебиеті негізінде.

Масштабтау үшін төрт шарт бірге орындалуы керек: мәселе паспорттарының кемінде төрттен үшінде алты кезеңнің толық орындалуы; қайталама сигнал немесе зиян белгісінің қолайлы өзгеруі; кері хабар мен рәсімдік әділеттілік бағасының нашарламауы; дербес дерекке қатысты ауыр бұзушылықтың болмауы.

Талқылау

Модельдің ғылыми жаңалығы төрт элементтің бір құрылымда байланысуында: 1) есеп бірлігінің өзгеруі — жеке өтініштен нақты шекарасы бар мәселе паспортына көшу; 2) қос демеушілік пен себепке қарай ауысатын үйлестіруші; 3) тұрғынға кері хабарды нәтижелік циклдің міндетті бөлігі ету; 4) процессті, қоғамдық қауіпсіздік нәтижесін және қорғауды бөлек өлшеу.

Практикалық артықшылығы — жаңа цифрлық жүйе-

ге тәуелді болмауы. Бастапқы пилоттың шешуші шарты: мәселені кім ашатыны, кім үйлестіретіні, тапсырманы кім қабылдайтыны және мәселені кім жабатыны туралы бірлескен мандат. Тәуекелдер: қосымша құжат жүктемесі, дербес деректің ашылуы, көрсеткішті жақсарту үшін сигнал санын жасанды төмендету, мәселенің көрші аумаққа ығысуы.

Сыртқы жарамдылық шектеулі. Модельдің өзгермейтін өзегін (бір паспорт, SARA кезеңдері, нақты жауапкершілік, кері хабар, бағалау, құпиялылық) жергілікті бейімделетін бөліктен (учаске саны, мәселе санаты, қатысу арнасы) ажырату қажет. Масштабтау бір өңірдің табысты мысалына емес, әртүрлі контекстегі қайталанған дәлелге сүйенуі тиіс.

Қорытынды

Қайталанатын жергілікті қауіпсіздік мәселесін полицияның жеке міндетінен ортақ мемлекеттік басқару цикліне айналдыру үшін жаңа арна ашу жеткіліксіз. Бар арналардан түсетін сигналды бір мәселе паспортына біріктіріп, себепке сәйкес әрекетті нақты органға бекітіп, тұрғынға уәжді кері хабар беріп, нәтижені алдын ала белгіленген мерзімде қайта өлшейтін міндетті ведомствоаралық регламент қажет.

«Қауіпсіз орта» моделі осы талапты алты кезең арқылы іске асырады. Әкімдік пен Полиция департаментінің қос демеушілігі ортақ нәтижеге жауап береді, ал себепке қарай белгіленетін бір үйлестіруші күнделікті жауапкершілікті нақтылайды.

Практикалық бірінші қадам — Жамбыл облысының әкімдігі мен Полиция департаментінің төрт учаскедегі алты айлық пилот туралы бірлескен актісін әзірлеу. Пилот нәтижесі бір ғана көрсеткішпен бағаланбайды: циклдің толық орындалуы, қайталама сигнал мен зиянның өзгеруі, рәсімдік әділеттілік, хабарлау мүмкіндігі және құпиялылық бірге қаралады.

Модельдің әсері қазірше жобалық гипотеза болып қалады. Ғылыми негізделген ұстаным — алдымен енгізу сапасын өлшеу, салыстыру аумағын пайдалану, нәтижесіз мәселелерді де есепке алу және бірнеше өңірдегі сынақтан кейін ғана үлгілік тәртіп ұсыну. Осындай сақтық қоғамдық қауіпсіздік реформасын есептік белсенділіктен дәлелге негізделген басқаруға көшіреді.

Негізгі пайдаланылған дереккөздер

1. «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдама». Үкімет қаулысы № 200, 2025.

2. «Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024–2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы». Үкімет қаулысы № 1233, 2023.

3. Goldstein H. Improving Policing: A Problem-Oriented Approach // Crime & Delinquency. 1979. Vol. 25, No. 2.

4. Hinkle J.C. et al. Problem-oriented policing for reducing crime and disorder: An updated systematic review // Campbell Systematic Reviews. 2020.

5. Gill C. et al. Community-oriented policing to reduce crime, disorder and fear // Journal of Experimental Criminology. 2014.

6. Mazerolle L. et al. Procedural justice and police legitimacy: a systematic review // Journal of Experimental Criminology. 2013.

7. U.S. Department of Justice. Problem Solving: SARA model. COPS Office.

Автор туралы мәлімет

Жанаев Бауыржан Дәулетханұлы — Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты, Астана, Қазақстан.



От информирования к соуправлению: оценка механизмов взаимодействия государственных органов с молодёжью в Павлодарской области

А.С. Курумбаев

*Академия государственного управления при Президенте
Республики Казахстан, Астана, Казахстан*

Аннотация. Цель. Выявить институциональные и коммуникационные причины разрыва между формальным охватом молодёжи мероприятиями и её реальным влиянием на управленческие решения в Павлодарской области, а также обосновать переход к партиципаторной модели взаимодействия.

Методы. Смешанный дизайн: контент-анализ законодательства и стратегических документов, анализ официальной региональной статистики, неслучайный квотный опрос 3 890 молодых людей 14–35 лет, девять полуструктурированных экспертных интервью, тематическое кодирование и триангуляция данных.

Результаты. Только 6% опрошенных считают, что государство всегда учитывает мнение молодёжи; 44% полагают, что оно не учитывается. Часто участвуют в мероприятиях 8%, тогда как 55% готовы или, возможно, готовы включаться в общественную работу при наличии реальных возможностей. Очень полезными онлайн-платформы считают 63% респондентов. Предложена четырёхкомпонентная модель: обязательная мотивированная обратная связь, независимое молодёжное представительство, цифровой замкнутый цикл рассмотрения предложений и мониторинг вовлечённости.

Выводы. Проблема региона состоит не столько в отсутствии институтов, сколько в слабой связи между выраженным мнением молодёжи и административным решением. Предложенные меры требуют пилотной апробации; из-за неслучайного характера выборки результаты характеризуют опрошенную совокупность и не используются для причинных выводов о всей молодёжи области.

Ключевые слова: государственная молодёжная политика, участие молодёжи, государственное управление, обратная связь, молодёжный маслихат, цифровое участие, Павлодарская область, доверие.

1. Введение

Государственная молодёжная политика становится результативной не тогда, когда государственные органы проводят большое число мероприятий, а тогда, когда молодые граждане понимают доступные им способы участия, используют их и видят прослеживаемую связь между своим предложением и принятым решением. Для Казахстана этот вопрос приобрёл дополнительную значимость после законодательного расширения возрастной категории молодёжи до 35 лет.

Национальная нормативная система предусматривает советы по делам молодёжи, молодёжные ресурсные центры, форумы, грантовые инструменты и индекс развития молодёжи. Концепция государственной молодёжной поли-

тики на 2023–2029 годы отдельно выделяет гражданское участие и участие в принятии решений. Однако наличие организационной инфраструктуры ещё не доказывает, что молодёжь влияет на содержание решений.

Павлодарская область обладает развитой сетью молодёжных организаций и ресурсных центров, но одновременно сталкивается с устойчивым миграционным оттоком. На 1 июня 2026 года в области проживало 743,6 тыс. человек; за январь–май 2026 года миграционное сальдо составило минус 1 817 человек. Научная проблема статьи состоит в объяснении парадокса институциональной насыщенности: почему при наличии центров, советов, форумов, мероприятий и грантов значительная часть молодых людей не ощущает влияния на решения и редко участвует в предлагаемых форматах.

Цель статьи — оценить действующие механизмы взаимодействия государственных органов с молодёжью в Павлодарской области и обосновать инструменты перехода от информирования к участию в выработке решений. Рабочая гипотеза: результативность ограничивает не дефицит институтов, а преобладание нисходящей модели коммуникации над партиципаторной, отсутствие обязательной мотивированной реакции на предложения и слабая представленность работающей, сельской и нереорганизованной молодёжи.

2. Обзор литературы и теоретическая рамка

Теоретическая граница между информированием и участием наиболее последовательно раскрыта в модели Ш. Арнштейн («лестница гражданского участия»). Информирование и консультирование относятся к промежуточному уровню, если гражданин может высказать позицию, но не получает гарантии её рассмотрения. Р. Харт адаптировал лестницу к работе с молодёжью; Х. Ширер подчеркнул, что для устойчивого участия необходимы возможность, организационная процедура и обязанность включать молодёжь в процесс.

ОЕСД подчёркивает, что публичная консультация становится значимой при наличии ясной цели, обратной связи о результатах и институциональной ответственности. Казахские исследования (Килыбаева и соавт., Толен и соавт., Жолдыбалина и соавт.) показывают сочетание роста выражения мнений в социальных сетях с дистанцированием от формального участия и более высокую готовность к будущей, особенно цифровой, вовлечённости.

Для анализа используется четырёхкомпонентная аналитическая рамка: институциональный (советы, центры, полномочия), коммуникационный (ресурсы, обратная связь), партиципаторный (влияние на решение, обязанность отве-



та) и поддерживающий (гранты, инфраструктура, обучение).

3. Материалы и методы

Исследование выполнено в логике смешанного дизайна. Нормативный блок: Закон «О государственной молодёжной политике», изменения 2022 года, Концепция на 2023–2029 годы. Статистический контекст — данные Бюро национальной статистики по Павлодарской области. Полевой этап (I квартал 2026 г.): неслучайный квотный опрос 3 890 молодых людей 14–35 лет (49% мужчин, 51% женщин; 44% — Павлодар, 53% — другие города и районы; 38% учащихся/студентов, 41% работающих). Качественный блок: девять полуструктурированных интервью с представителями госуправления, маслихата, науки, образования, молодёжной политики, промышленности, предпринимательства и цифровой сферы. Тематическое кодирование по категориям: институциональная фрагментация, обратная связь, представительство, цифровое участие, кадровое обеспечение, территориальная инклюзия.

Основные ограничения: возможный самоотбор, повышенная представленность связанной с молодёжными организациями аудитории, отсутствие вероятностной основы выборки и поперечный характер данных.

4. Результаты

4.1 Институциональный контекст и количественная диагностика

Нормативная архитектура Казахстана включает консультативно-совещательные органы, форумы, молодёжные ресурсные центры и индекс развития молодёжи. В Павлодарской области действуют областной Центр развития молодёжных инициатив и сеть городских и районных ресурсных центров. Однако отчётность, ориентированная на количество мероприятий и охват, не показывает, какое число предложений молодёжи было принято или отклонено с объяснением.

Ключевые результаты опроса (n = 3 890): только 6% считают, что государство всегда учитывает мнение молодёжи, 44% — что не учитывается; часто участвуют в мероприятиях 8%; готовы или, возможно, готовы участвовать — 55%; онлайн-платформы очень полезны — 63%; хорошо знают о ресурсных центрах — 28%; не получили реальной пользы от центров — 54%; необходимы дополнительные гранты — 70%. Таким образом, выявлена комбинация низкого фактического участия и выраженного потенциального спроса.

Таблица 1 — Ключевые результаты опроса (n = 3 890)

Измерение	Доля, %	Аналитическое значение
Мнение учитывается всегда	6%	Дефицит прослеживаемой реакции
Мнение не учитывается	44%	Слабая связь с управленческим решением
Часто участвуют в мероприятиях	8%	Форматы охватывают активное меньшинство
Готовы / возможно готовы участвовать	55%	Наличие латентного резерва вовлечения
Онлайн-платформы очень полезны	63%	Высокий спрос на доступный цифровой канал

Примечание: составлено автором по агрегированным результатам опроса.

4.2 Экспертная карта барьеров

Экспертные интервью выявили пять повторяющихся тем: 1) символический характер консультаций — органы

чаще передают информацию «сверху вниз»; 2) секторальный разрыв — наиболее доступна «видимая» молодёжь (студенты, волонтеры), работающая, вахтовая и сельская молодёжь включена слабее; 3) фрагментация ответственности — запрос проходит по ведомствам без единой истории рассмотрения; 4) кадровая и территориальная неоднородность ресурсных центров; 5) технологическое несоответствие — молодёжь ожидает быстрого цифрового взаимодействия и видимого статуса обращения.

4.3 Модель перехода к партиципаторному взаимодействию

Предлагается связать четыре элемента в единый цикл:

1) Обязательная мотивированная обратная связь. Предложения молодёжных советов должны получать ответ в установленный срок с указанием статуса (принято / принято частично / отклонено с обоснованием). Обезличенный результат публикуется в открытом реестре.

2) Представительство с реальным доступом к решению. Молодёжный маслихат при областном маслихате формируется через открытый набор и стратифицированный отбор с обязательным присутствием студенческой, работающей, сельской молодёжи и молодых предпринимателей. Представители включаются в рабочие группы.

3) Цифровой замкнутый цикл. На базе существующей инфраструктуры создаётся раздел, где пользователь подаёт предложение, видит ответственный орган, срок, текущий статус и итоговый мотивированный ответ. Общедоступная аналитика показывает число предложений, долю ответов в срок и долю принятых инициатив.

4) Мониторинг вовлечённости. Операционная панель с пятью подиндексами: осведомлённость о каналах; фактическое участие; завершённость обратной связи; воспринимаемое влияние и доверие; репрезентативность участников.

Модель предполагает поэтапную апробацию: регламент ответа и карта полномочий (6 месяцев); формирование представительства и открытый реестр (следующие 6 месяцев); тестирование цифрового раздела и повторное измерение; независимая оценка.

5. Обсуждение

Полученные результаты подтверждают различие между институциональным присутствием и реальным участием. В терминах Арнштейн это указывает на преобладание информирования и консультации без гарантированного перехода к партнёрству. Сочетание низкого фактического участия с высокой потенциальной готовностью соответствует новейшим данным по Казахстану (Жолдыбалина и соавт.).

Цифровизация не должна интерпретироваться как самостоятельное решение: положительная оценка онлайн-платформ указывает на удобство канала, но не подтверждает последующий рост доверия. Расширение возраста молодёжи до 35 лет усиливает потребность в сегментации — универсальная событийная повестка может быть доступна студентам и одновременно неудобна работающим гражданам.

Научный вклад статьи состоит в применении четырёх-компонентной модели к индустриальному региону и в эмпирическом выявлении дисбаланса между её компонентами. Институциональные и поддерживающие инструменты развиты сильнее, чем партиципаторные. Исследование имеет ограничения: неслучайная выборка, отсутствие коэффициента отклика, поперечный дизайн, малая эксперт-



ная выборка.

6. Заключение

Исследование показало, что взаимодействие государственных органов с молодёжью в Павлодарской области нельзя оценивать только по числу центров, форумов и мероприятий. При развитой институциональной базе значительная часть опрошенных не видит устойчивой связи между выраженным мнением и управленческим решением: только 6% считают, что мнение учитывается всегда, 44% — что не учитывается, часто участвуют 8%.

Одновременно выявлен резерв вовлечения: 55% готовы или потенциально готовы участвовать, 63% считают онлайн-платформы очень полезными. Для перехода от информирующей к партиципаторной модели предложены четыре взаимосвязанных элемента: обязательная мотивированная обратная связь; независимое и сегментированное молодёжное представительство; цифровой замкнутый цикл; мониторинг вовлечённости.

Рабочая гипотеза о преобладании информирующих механизмов над вовлекающими получила описательную поддержку. Предлагаемая модель должна рассматриваться как предмет пилотной проверки. Критериями результата являются доля мотивированных ответов в срок, разнообразие состава участников, число предложений, повлиявших на документы и бюджетные решения, а также изменение воспринимаемой отзывчивости. Такой подход позволяет перевести принцип «слушающего государства» из декларации в

измеряемую административную практику.

Основные источники

1. О государственной молодёжной политике: Закон РК от 9 февраля 2015 г. № 285-V.
2. Концепция государственной молодёжной политики РК на 2023–2029 годы. Постановление Правительства РК от 28 марта 2023 г. № 247.
3. Arnstein S.R. A Ladder of Citizen Participation // Journal of the American Institute of Planners. 1969. Vol. 35, No. 4.
4. Hart R.A. Children's Participation: From Tokenism to Citizenship. Florence: UNICEF, 1992.
5. OECD. Citizens as Partners: Information, Consultation and Public Participation in Policy-Making. Paris, 2001.
6. Zholdybalina A., Yermakhanova S., Akhantayeva S. Civic Engagement in Kazakhstan // Frontiers in Political Science. 2026. Vol. 8.
7. Makulbayeva G., Sharipova D. Social Capital and Performance of Public Councils in Kazakhstan // Journal of Eurasian Studies. 2025.

Сведения об авторе

Курумбаев Айдар Сарсенбайулы — магистрант образовательной программы «7М04122 — Государственное управление» (Executive MPA), Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан.



Ішкі көшіп-қонушыларды бейімдеуді басқарудың институционалдық моделі: Павлодар облысының мысалы

Құсан Еркін Аманкелдіұлы

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясының магистранты, Астана, Қазақстан

Андатпа. Мақаланың мақсаты — Павлодар облысының мысалында ішкі көшіп-қонушылардың қабылдаушы өңірде бейімделуі мен орнығуын басқаруға арналған институционалдық модельді негіздеу. Зерттеу аралас әдістер дизайнына сүйенеді: нормативтік құқықтық актілер мен ресми статистикаға мазмұндық талдау, 1 546 қатысушының сауалнама нәтижелері, төрт сарапшымен жартылай құрылымдалған сұхбат. Нәтижелер қолдау шараларының бар болғанына қарамастан, жұмыс, тұрғын үй, ақпарат және әлеуметтік бейімделу қызметтерінің бір отбасы үшін бірізді байланыспайтынын көрсетті. Респонденттердің 42%-ында көшкеннен кейін жауапты кеңесші болмаған, 65%-ы жаңа өңірде қалуға нақты бекінбеген, 83%-ы кешенді бейімдеу орталығына қажеттілік білдірген. Автор көшу алдындағы дайындықты, қабылдауды, алты айлық сүйемелдеуді және 12–36 айлық нәтижелік бағалауды біріктіретін модель ұсынады. Зерттеудің практикалық маңызы — жергілікті атқарушы органға қарасты пилоттық бейімдеу орталығының функцияларын, дерек алмасу тәртібін және нәтижелік көрсеткіштерін анықтау.

Түйін сөздер: ішкі көші-қон, бейімделу, орнығу, еңбек ұтқырлығы, мемлекеттік басқару, бір терезе, Павлодар облысы.

Кіріспе

Қазақстандағы ішкі көші-қон халықтың аумақтық орналасуына, өңірлік еңбек нарығының теңгеріміне және әлеуметтік инфрақұрылымға түсетін жүктемеге тікелей ықпал етеді. Еңбек ресурстары артық өңірлерден кадр тапшылығы байқалатын аумақтарға ерікті қоныс аударуды қолдау мемлекеттік саясаттың дербес бағытына айналды. Қолданыстағы саясат көшу шығынын өтеу, тұрғын үйге байланысты төлемдер және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу құралдарын қамтиды. Алайда көшудің рәсімделуі мен отбасының жаңа ортада орнығуы бірдей нәтиже емес.

2025 жылғы ресми статистика бойынша Павлодар облысының өңіраралық көші-қон айырымы –7 661 адамды құраған. Уәкілетті органнан алынған мәліметте 2017 жылдан бері өңірге 21 814 адам қабылданғаны, оның 16 422-сі ішкі қоныс аударушы екені және 1 556 адамның кері көшкені көрсетілген. Зерттеу мәселесі қолдау құралдарының мүлде болмауында емес, олардың бір отбасының көшуге дейінгі шешімінен бастап орнығуына дейін бірізді байланыспауында. Қоныс аударушы жұмыспен қамту, тұрғын үй, білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік көмек мәселелері бойынша әртүрлі мекемеге жүгінеді. Әр орган өз өкілеттігін орындауы мүмкін, бірақ өтініштер жиынтығының түпкі нәтижесіне жауап беретін бірыңғай тұлға болмағанда қызмет сабақтастығы үзіледі.

Мақаланың мақсаты — Павлодар облысының эмпи-

рикалық деректері негізінде ішкі көшіп-қонушылардың бейімделуі мен орнығуын басқарудың институционалдық моделін әзірлеу және оны бағалау шарттарын айқындау. Зерттеудің ғылыми жаңалығы ішкі көшіп-қонушыны бейімдеуді жекелеген әлеуметтік шара емес, отбасының көпсалалы қажеттіліктерін бір маршрутқа біріктіретін жергілікті мемлекеттік қызмет ретінде тұжырымдауда көрінеді. Авторлық үлес: жеке кеңесші, бос орынды алдын ала растау, дерек иесін белгілеу, 3–36 айлық бақылау және «келгендер саны» көрсеткішінен «орныққан отбасы» нәтижесіне көшу қағидалары.

Әдебиеттерге шолу (қысқаша)

Көші-қон теориялары (Равенштейн, Ли, Зелинский, Массей) адамның аумақ ауыстыруын әртүрлі деңгейде түсіндіреді. Қазақстандық зерттеулер (Курманова және т.б., Садовская) көші-қонның демографиялық және аумақтық айырмаларын сипаттайды. ИОМ бағалауы жұмыс орны, тұрғын үй, ақпараттың анықтығы және отбасы мүшелерінің қажеттіліктері қатар орындалғанда ғана қоныстанудың тұрақтылығы артатынын көрсетеді. «Халықтың көші-қоны туралы» Заң, Әлеуметтік кодекс, 2030 жылға дейінгі көші-қон саясатының тұжырымдамасы қолдау элементтерін қамтиды, бірақ отбасының бірнеше айлық траекториясын бір кеңесші арқылы басқару және оны орнығу көрсеткішімен бағалау тетігі қосымша нақтылануды қажет етеді. «Бейімделу» мен «орнығу» бір ұғым емес: бейімделу жаңа ортаға үйренуді, орнығу тұрақты еңбек, тұрғын үй және әлеуметтік байланыстардың бекінуін білдіреді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу қолданбалы сипаттағы аралас әдістер дизайны бойынша жүргізілді. Сандық база 1 546 респонденттің жиынтық сауалнама нәтижелерінен тұрады (2021–2026 жж. оңтүстік өңірлерден солтүстік қоныстандыру өңірлеріне көшкен адамдар). Іріктеме ықтималдық үлгі ретінде қарастырылмайды; пайыздар тек жауап берген топтың тәжірибесін сипаттайды. Сауалнама демографиялық сипаттарды, көшу тарихын, жұмыс пен тұрғын үй жағдайын, мемлекеттік қолдау сапасын, жауапты кеңесшінің болуын, өңірде қалу ниетін және кешенді орталыққа сұранысты қамтыды. Сипаттамалық талдау және айқас салыстыру қолданылды.

Сапалық бөлік төрт жартылай құрылымдалған сұхбаттан құралды (мемлекеттік орган, бағдарлама қатысушысы, жұмыс беруші, психолог). Қосымша дереккөздер: Ұлттық статистика бюросының 2025 жылғы көші-қон жарияланамы, Павлодар облысының өңірлік статистикасы, уәкілетті басқарманың әкімшілік мәліметі және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер. Триангуляция қағидасы бойынша негізгі тұжырым кемінде екі дерек түрімен қолдау тапқанда ғана орнықты деп бағаланды.



Зерттеу нәтижелері

Қоныс аударушылар тәжірибесіндегі негізгі алшақтықтар

Сауалнамаға қатысушылардың 51%-ы ер, 49%-ы әйел; 66%-ы некеде тұрған; 18–39 жас аралығындағы адамдар 54%-ды, жоғары немесе арнаулы орта білімі барлар 74%-ды құрады. Бес ұпайлық шкалада жұмысқа орналасу қиындығы 3,54, тұрғын үй кедергісі 3,47, жауапты адамның болуы 2,94 ұпаймен ең төмен бағаланған. Мемлекеттік қолдаудың жалпы бағасы 3,05 ұпай деңгейінде қалды.

Респонденттердің 35%-ында тұрақты жұмыс болған (65%-ы жұмыссыз немесе уақытша жұмыспен қамтылған). Көшкеннен кейін жауапты кеңесшісі болмағандар 42%-ды құрады. Жаңа өңірде тұрақты қалуға бекінгендер 35% болса, 32% кетуге ниет білдірген, 33% әлі шешім қабылдамаған — яғни 65%-ы орнығу туралы нақты оң шешім көрсетпеген. 83% кешенді бейімдеу орталығын қажет деп санаған.

Айқас салыстыру кету ниеті жұмыс мәртебесіне қарай айқын бөлінбейтінін көрсетті: тұрақты жұмысы бар, уақытша жұмыс істейтін және жұмыссыз топтарда кетуді ойлағандардың үлесі шамамен 47–49% аралығында болған. Қиындық себептері: әлеуметтік орта — 26%, жұмыс — 25%, қаржы — 25%, тұрғын үй — 24%. Бұл жұмыс орнының қажет екенін жоққа шығармайды; керісінше, оны тұрғын үй, отбасы және әлеуметтік орта мәселелерімен бір пакетте қарастыру керектігін білдіреді.

1-кесте — Сауалнама нәтижелерінің басқарушылық түсіндірмесі

Көрсеткіш	Нәтиже	Басқарушылық мәні
Тұрақты жұмысы барлар	35%	Еңбек шартының жасалуын ғана емес, алты айлық жұмыста қалуды өлшеу қажет
Жауапты кеңесшісі болмағандар	42%	Отбасы өтініштерін бір жоспарға біріктіретін жеке жауапкершілік тетігі қажет
Өңірде қалуға нақты бекінбегендер	65%	Орнығу жұмысқа қоса тұрғын үй, әлеуметтік орта және отбасы қызметтеріне тәуелді
Кешенді орталықты қажет деп санайтындар	83%	Бір терезе үлгісіне жоғары сұраныс бар, бірақ сұраныс тиімділіктің дәлелі емес
Жұмыс мәртебесі бойынша кету ниеті	47–49%	Жұмыспен қамту қажетті, бірақ жалғыз жеткілікті шарт емес

Ескерту: көрсеткіштер авторлық сауалнаманың жиынтық нәтижелерінен алынды (N=1 546).

Сараптамалық бағалау және деректерді біріктіру

Төрт сарапшының пікірі сауалнамада байқалған бөлшектенуді әр қырынан түсіндірді. Мемлекеттік орган өкілі көшіру рәсімінен кейінгі бейімдеу жұмысының әлсіздігін атады; бағдарлама қатысушысы алғашқы алты айдағы тұрақты байланыс пен алдын ала расталған жұмыс орнын маңызды деп санады; жұмыс беруші нақты кәсіпорын сұранысымен сәйкестендіруді ұсынды; психолог әлеуметтік және эмоциялық бейімделудің рөлін көрсетті. Ортақ нүкте — қоныс аударушыны бір қызметке жіберу емес, бірнеше қызметтің орындалуын бір маршрутпен бақылау қажеттігі.

Деректерді біріктіру нәтижесінде үш деңгейлі алшақтық анықталды. Ақпараттық деңгейде бос жұмыс орны, жалақы, елді мекен және тұрғын үй туралы мәлімет көшуге дейін толық тексерілмейді. Үйлестіру деңгейінде әр орган

өз өтінішін қарайды, бірақ отбасының жалпы жоспарына жауапты тұлға жоқ. Нәтижелік деңгейде келгендер мен төлемдер саны есептеледі де, алты айлық жұмыста қалу, он екі айлық орнығу және кері көшу бірдей әдіспен бақыланбайды.

Ұсынылатын институционалдық модель

Анықталған алшақтықтарға жауап ретінде жергілікті атқарушы органға қарасты ішкі көшіп-қонушыларды бейімдеу орталығын пилоттық тәртіппен құру ұсынылады. Коммуналдық мемлекеттік мекеме нысаны тұрақты штат, бюджет және есептілік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Орталық жаңа жәрдемақы енгізбейді және мансап орталығының, тұрғын үй немесе әлеуметтік қорғау бөлімінің өкілеттігін алмастырмайды. Негізгі міндеті — қатысушы үшін бір байланыс нүктесін қалыптастыру, отбасының жеке жоспарын жүргізу, өтінішті уәкілетті органға жіберу, мерзімін бақылау және нәтижені растау. Әр отбасыға бекітілетін кеңесші мәселенің бәрін өзі шешпейді; ол жауапкершілік пен ақпараттың жоғалмауын қамтамасыз етеді.

Кезеңдік модель: 1) Көшуге дейін — отбасы құрамы, кәсіп, бос орын, жалақы және тұрғын үй шартын тексеру (ақпараттандырылған шешім және жеке жоспар); 2) Қабылдау — жеке кеңесші бекіту, құжат, алғашқы баспана және қызмет картасын келісу; 3) 0–3 ай — жұмысқа, білімге, денсаулық пен тұрғын үйге өтініштерді үйлестіру (еңбек шарты және негізгі қызметтерге қолжетімділік); 4) 3–6 ай — жұмыс жағдайын, отбасы бейімделуін және тәуекелдерді қайта бағалау (еңбек қатынасының сақталуы); 5) 12–36 ай — орнығуды, кері көшуді, шығын мен қанағаттануды тәуелсіз бағалау (тарату, түзету немесе тоқтату туралы шешім).

Модельдің деректік негізі бірыңғай қатысушы жазбасына сүйенеді (отбасының келісімі, бастапқы жағдайы, өтініш иесі, жауапты орган, соңғы мерзім және расталған нәтиже). Нәтиже логикасы «ресурс — қызмет — тікелей өнім — ұзақ мерзімді нәтиже» тізбегімен құрылады.

Талқылау

Алынған нәтижелер Э. Лидің қабылдау орны мен аралық кедергілер туралы тұжырымын қолданбалы деңгейде толықтырады. Қатысушыны өңірге тартатын жұмыс орны көшу туралы шешімге ықпал еткенімен, орнығу кезеңінде тұрғын үй, әлеуметтік орта және отбасы жағдайы алдыңғы қатарға шығуы мүмкін. Жұмыс мәртебесіне қарамастан кету ниетінің 47–49% шамасында сақталуы осы көпфакторлылықты көрсетеді. Сондықтан саясаттың бір секторға негізделген моделі отбасы траекториясын толық басқара алмайды.

83 пайыздық сұраныс модельдің қоғамдық қабылдауын көрсетеді, бірақ тиімділігін дәлелдемейді. Қызметке сұраныс пен қызметтің әсері әртүрлі зерттеу сұрағы. Ұсынылатын КММ-нің артықшылығы — тұрақты жауапкершілік, штат және есептілік; әлсіз жағы — әкімшілік шығынның өсуі және қолданыстағы органдар міндетінің қайталану қаупі. Пилот басталғанға дейін қызмет картасы жасалып, әр функцияның иесі белгіленуі керек.

Себептік бағалаудың қолайлы нұсқасы — орталық қызметін алған қатысушыларды бастапқы жағдайы ұқсас, бірақ қызметті әлі алмаған топпен салыстыру. Зерттеудің шектеулері: сауалнама іріктеуінің толық құжатталмауы репрезентативтілікке кепілдік бермейді; төрт сұхбат пікір



алуанын толық қамтымайды; әкімшілік көрсеткіштер әртүрлі кезеңді қамтиды. Сондықтан модельді республикаға бірден таратуға емес, өлшенетін пилотқа негіз бар деген қорытынды жасалады.

Қорытынды

Зерттеу ішкі көші-қон саясатының нәтижесін көшіру фактісінен кейінгі бейімделу мен орнығу арқылы бағалау қажеттігін көрсетті. Қолданыстағы заңнама мен бағдарламалар қаржылық және жұмыспен қамту қолдауын қамтиды, алайда отбасының бірнеше айлық жолын бір жауапты тұлға арқылы байланыстыратын тұрақты қызмет және бірыңғай нәтиже өлшемі жеткіліксіз.

1 546 респонденттің жиынтық жауабы ұйымдық алшақтықтың эмпирикалық белгілерін берді: тұрақты жұмысы барлар 35%, жауапты кеңесшісі болмағандар 42%, жаңа өңірде қалуға нақты бекінбегендер 65%, кешенді орталықты қажет деп санайтындар 83% болды. Жұмыс мәртебесі бойынша кету ниетінің елеулі ажырамауы орнығудың көпфакторлы табиғатын айқындады. Төрт сарапшының пікірі жеке сүйемелдеу, расталған жұмыс орны және психологиялық-әлеуметтік қолдаудың бір жүйеде болуын қолдады.

Осы нәтижелер негізінде көшуге дейінгі тексерілген ақпаратты, қабылдау кезіндегі жеке кеңесшіні, 0–6 айлық көпсалалы сүйемелдеуді және 12–36 айлық нәтижелік бағалауды біріктіретін институционалдық модель ұсынылды. Пилоттық орталықтың негізгі өлшемдері: үш айда жұмысқа орналасу, алты айда жұмыста қалу, он екі айда орнығу, он екі және отыз алты айда кері көшу, мәселені шешу мерзімі, қызметке қанағаттану және бір орныққан отбасыға жұмсалған шығын.

Зерттеу болжамының ұйымдық бөлігі — кешенді әрі жауапты сүйемелдеуге сұраныс бар деген тұжырым — деректермен жанама қолдау тапты. Бірақ КММ құрудың орнығуға және кері көшуге себептік әсері қазіргі көлденең дерекпен дәлелденген жоқ. Сондықтан басқарушылық шешім

қайтымды болуы қажет: пилот бастапқы көрсеткіштермен салыстырылады, нәтиже болмаған немесе шығын негізсіз артқан жағдайда модель түзетіледі не тоқтатылады. Практикалық тұрғыдан Павлодар облысының әкімдігіне пилотқа дейін қызметтердің қайталануын тексеру, дерек сөздігін бекіту, кеңесші жүктемесінің шегін белгілеу және жұмыс берушілермен нақты нәтиже туралы келісім жасау ұсынылады. Модельді өзге өңірге тарату тек екі-үш жылдық салыстырмалы және қаржылық бағалаудан кейін қарастырылуға тиіс.

Негізгі пайдаланылған әдебиеттер

1. «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы.
 2. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі. 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII.
 3. ҚР көші-қон саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Үкіметтің 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 1081 қаулысы.
 4. Қазақстан Республикасындағы халықтың көші-қоны, 2025 жыл. Ұлттық статистика бюросы.
 5. Lee E.S. A Theory of Migration // Demography. 1966. Vol. 3, No. 1. P. 47–57.
 6. Massey D.S. et al. Theories of International Migration // Population and Development Review. 1993. Vol. 19, No. 3.
 7. Creswell J.W., Plano Clark V.L. Designing and Conducting Mixed Methods Research. 3rd ed. SAGE, 2018.
 8. Оңтүстіктен солтүстікке қоныс аудару бағдарламасын бағалау. Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым, 2021. Автор туралы мәлімет
- Құсан Еркін Аманкелдіұлы — Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының «7M04122 — Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасының магистранты. Зерттеу бағыты: ішкі көші-қон саясаты, өңірлік еңбек ұтқырлығы және мемлекеттік қызметтерді институционалдық үйлестіру.



Тарихи қаладағы құрылыс инвестицияларын мемлекеттік реттеу: Түркістанға арналған тәуекелге негізделген интеграцияланған модель

Д.С.Мауленов

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
Астана, Қазақстан

Андатпа. Мақаланың мақсаты — тарихи-мәдени мұра объектісі орналасқан қалада құрылыс инвестицияларын мемлекеттік реттеудің жеделдік, құқықтық айқындық және мұраны сақтау талаптарын бір жүйеге біріктіретін моделін негіздеу. Зерттеу Түркістан қаласының кейсіне құрылған. Әдіснама: нормативтік-құқықтық актілерді мазмұндық талдау, ресми статистика, Түркия, Өзбекстан және Сингапур тәжірибесін функционалдық салыстыру, 240 респонденттің сауалнамасы, бес сарапшы пікірін тақырыптық кодтау және триангуляция. Сауалнамаға қатысушылардың 54,2%-ы мемлекеттік реттеуді тиімсіз немесе өте тиімсіз деп бағалаған; 59,2%-ы жобалау-сметалық құжаттаманы келісуді, 51,7%-ы рұқсаттар мен мұра сараптамасын негізгі қиындық ретінде атаған. Зерттеу нәтижесінде төрт компоненттен тұратын модель ұсынылды: матрицалық жобалық үйлестіру, мұра тәуекелін жасыл-сары-қызыл бағытқа ерте бөлу, қолданыстағы цифрлық жүйелер арасында мәртебе алмасу және нәтижелік мониторинг. Модельдің ғылыми ерекшелігі — инвестициялық рәсімді жеделдетуді жоғары тәуекелді жобаларға қолданбай, мұраға әсерді бағалауды шешім қабылдаудың бастапқы кезеңіне енгізуінде. Нақты әсері пилоттық апробациядан кейін ғана бағалануы тиіс.

Түйін сөздер: құрылыс инвестициялары, мемлекеттік реттеу, Түркістан, тарихи-мәдени мұра, мұраға әсерді бағалау, цифрлық ықпалдасу, жобалық басқару, тәуекелге негізделген тәсіл.

1. Кіріспе

Құрылысқа бағытталған инвестициялар қаланың кеңістіктік құрылымын, инфрақұрылымын және еңбек нарығын өзгертеді. Сапалы мемлекеттік реттеу жоба туралы талаптың алдын ала белгілі болуын, қауіпсіздік пен қоғамдық мүдденің қорғалуын, жауапты органдардың келісілген әрекетін және қабылданған шешімнің кейінгі нәтижесін бағалауды қамтиды. Бұл қағида әсіресе құрылыс белсенділігі жоғары әрі тарихи-мәдени құндылығы ерекше қалалар үшін өзекті.

Түркістан 2018 жылдан кейін облыс орталығы ретінде жедел дамып, ірі мемлекеттік және жеке жобалардың шоғырлану аймағына айналды. Өңірдегі негізгі капиталға салынған инвестиция 2024 жылы 1 396,1 млрд теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 143,7% болды; 2025 жылы тағы 21,6%-ға өсті. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі 2003 жылдан бері ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген. Мұндай ортада құрылыс жобасының техникалық сәйкестігі оның мұраға зиянсыз екенін автоматты түрде білдірмейді. ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұра комитетінің 2025 жылғы шешімі «Әзірет Сұлтан» аумағын абаттандыру жобасының құрамдас бөліктерін ICOMOS

оң қорытынды бергенге дейін іске асырмауды сұрады.

2026 жылғы Құрылыс кодексі, 2030 жылға дейінгі инвестициялық саясат тұжырымдамасы және Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы заң жаңа құқықтық негіз қалыптастырды. Зерттеу проблемасы: инвесторға болжамды әкімшілік маршрут қажет, ал мемлекет қауіпсіздік, кеңістіктік үйлесім және мұраның айрықша құндылығын қорғауға міндетті. Мәселе «жеделдік немесе қорғау» таңдауы емес, жобаларды тәуекеліне қарай ажырататын басқару архитектурасын қалыптастыруда.

Мақаланың мақсаты — Түркістан қаласындағы құрылыс инвестицияларын мемлекеттік реттеудің тарихи-мәдени мұраны сақтау, қолданыстағы органдардың құзыретін сақтау және инвестор үшін рәсімнің болжамдылығын арттыру талаптарын біріктіретін тәуекелге негізделген интеграцияланған моделін негіздеу. Негізгі гипотеза: егер учаске мен жоба параметрлері мұра тәуекелі бойынша бастапқы кезеңде жіктелсе, ведомствоаралық әрекет жобалық үйлестіру арқылы байланыстырылса және цифрлық жүйелер арасында бірыңғай мәртебе алмаса, қайталанатын әрекеттерді азайтуға және шешімнің болжамдылығын арттыруға болады.

2. Әдебиеттерге шолу (қысқаша)

Теориялық негіз — институционалдық экономика (Норт), көпорталықты басқару (Остром), ақпарат асимметриясы (Стиглиц) және OECD инфрақұрылымды басқару ұсынымдары. Тарихи мұра контекстінде UNESCO/ICOMOS нұсқаулығы ықтимал әсерді шешім қабылданғанға дейін анықтауды талап етеді. Халықаралық тәжірибе: Түркияның № 2863 заңы қорғалатын аумақтарға ықпал ететін жобаларды мамандандырылған құрылымдарға береді; Самарканд бойынша ЮНЕСКО шешімдері алдын ала бағалау қажеттігін көрсетеді; Сингапурдың CORENET X жүйесі ортақ BIM-модель мен параллель қарау қағидасын ұсынады. Қазақстандық зерттеулерде тарихи қала контекстінде инвестициялық сүйемелдеу, мұра тәуекелі және цифрлық жүйелерді бір контурда байланыстыратын қолданбалы үлгі жеткіліксіз зерттелген.

Әдебиеттерден төрт қағида шығады: 1) реттеу сапасы рәсім санына емес, ереженің айқындығына тәуелді; 2) көп органның қатысуы ортақ дерек пен есептілік болмаса транзакциялық шығынды арттырады; 3) цифрландыру нашар ұйымдастырылған рәсімді жай электрондық форматқа көшірмеуі тиіс; 4) тарихи мұраға ықпал ететін жобаларда жеделдік бағалау тереңдігін төмендетуге негіз бола алмайды.

3. Зерттеу әдістері және деректер

Зерттеу дизайны аралас және кейстік. Нормативтік талдау: Құрылыс кодексі (2026), инвестициялық саясат



тұжырымдамасы, Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы заң, тарихи-мәдени мұра туралы заң, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс, АЭА туралы заң және «TURAN» ережесі. Статистика: Ұлттық статистика бюросының 2024–2025 жылғы деректері (облыстық көрсеткіштер контекст ретінде). Эмпирикалық материал: 240 респонденттің жинақталған сауалнамасы (ықтималдық емес іріктеу) және бес сарапшының тақырыптық қорытындысы (девелопмент, жергілікті басқару, инвестиция, мұра, цифрлық технология). Халықаралық салыстыру: Түркия, Өзбекстан, Сингапур — үш функция бойынша (мұра сараптамасын ерте қосу, ведомствоаралық үйлестіру, цифрлық өтінім).

4. Зерттеу нәтижелері

4.1 Нормативтік түйісу және сауалнама нәтижелері

Құқықтық талдау үш жүйелік түйісу мәселесін анықтады: 1) учаске мен жоба туралы кеңістіктік, құрылыс, мұра және инвестициялық деректің әртүрлі контурда сақталуы; 2) инвестор үшін жобаның жиынтық қозғалысы мен жауапты тұлғаның әрдайым айқын болмауы; 3) мұраға ықпал туралы талаптың кейде кеш анықталуы.

Сауалнама нәтижелері (n=240): мемлекеттік реттеуді тиімсіз немесе өте тиімсіз деп 54,2% бағалаған; жобалау-сметалық құжаттаманы келісу — 59,2%; рұқсаттар мен мұра сараптамасы — 51,7%; жер рәсімі — 49,2%. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды қиын немесе өте қиын деп 68,3% көрсеткен. Түркістанның инвестициялық тартымдылығын 32,5% жоғары, 51,7% орташа, 15,8% төмен деп бағалаған. Сарапшылар кеңістіктік шектеу туралы ақпараттың кеш ашылуын, құзырет пен мерзімді үйлестіру қиындығын, жоба мәртебесінің әртүрлі көрінуін, мұра ықпалын бастапқы кезеңде бағалау қажеттігін және деректердің оқшау сақталуын атаған.

4.2 Тәуекелге негізделген интеграцияланған модель

Төрт өзара тәуелді компоненттен тұратын модель ұсынылды:

1) Матрицалық жобалық үйлестіру. Облыс/қала әкімдігі жанындағы шағын жобалық офис инвесторға бастапқы маршрут береді, уәкілетті органдардың жауапты тұлғаларын бекітеді, қайшылық пен қайтару себебін тіркейді. Офис рұқсат бермейді және әкімшілік органның орнына шешім шығармайды. Өнімі — жоба картасы, іс-қимыл кестесі және мәртебе журналы.

2) Мұра тәуекелін ерте бағыттау. Учаскенің координаттары бас жоспар, қорғау және буферлік аймақтар, археологиялық дерек пен көрініс дәлізімен салыстырылады. Жоба параметрлері бойынша жасыл, сары немесе қызыл бағыт белгіленеді. Жіктеу қажетті бағалау тереңдігін жобалаудың алдында көрсетуге арналған.

3) Цифрлық ықпалдасу қабаты. Жаңа дерекқор емес, мемлекеттік қала құрылысы кадастры, eQuylus және инвестициялық сүйемелдеу жүйелері арасында мәртебе алмасу интерфейсі. Бір рет ұсынылған құжат қайта сұралмайды.

4) Нәтижелік мониторинг. Әр жоба бойынша медианалық қарау мерзімі, қайтару саны, қайталанып сұралған құжат, мұра скринингі, тәуекел санаты, преференция және оның қарсы міндеттемесі тіркеледі.

1-кесте — Құрылыс жобаларын мұра тәуекелі бойынша бағыттау

Бағыт	Негізгі белгі	Қарау логикасы	Қорғау шарты
Жасыл	Мұра аймағынан тыс; параметрлер айқын	Стандартты құжаттарды қатар қарау	Техникалық қауіпсіздік толық сақталады
Сары	Буферлік аймақ немесе ықпалдың белгісіздігі	Қысқаша скрининг; МӨБ қажеттігін орган анықтайды	Мұра органының қорытындысы алынбайынша маршрут өзгертілмейді
Қызыл	Айрықша құндылыққа елжулі/қайтымсыз ықпал ықтималдығы	Толық МӨБ, баламаларды салыстыру, тәуелсіз қарау	UNESCO/ICOMOS қарауы аяқталмайынша іске асыруға жол берілмейді

Ескерту: UNESCO әсерді бағалау әдістемесі мен 47 COM 7B.79 шешімі негізінде әзірленген.

Іске асыру үш кезеңге бөлінеді: дайындық (бастапқы көрсеткіш, құзырет матрицасы, ГАЖ өзектілігі); шектеулі пилот (20–30 жоба); бағалау (рәсім ұзақтығы, қайтару, мұра скринингі бастапқы деңгеймен салыстырылады). Пилоттың нысаналы көрсеткіштері: өтінімдердің 100%-ына маршрут картасын беру; мұра аймағындағы жобалардың 100%-ын алдын ала скринингтен өткізу; қызыл бағыттағы жобаны міндетті қарау аяқталғанға дейін іске қоспау; қайталанып сұралған құжат санын төмендету; инвестор қанағаттануын кемінде 15 пайыздық тармаққа көтеру.

5. Талқылау

Басты мәселе рұқсаттардың абсолюттік саны емес, бірнеше заңды режимнің бір жоба циклінде жеткілікті байланыспауы. Ұсынылған жобалық офис классикалық «бір терезеден» ажыратылады: өкілеттікті иемденбей, жауапты тұлғаларды, қайшылықты және мерзімді бір журналға біріктіреді. Мұра тәуекелін үш бағытқа бөлу реттеуші ресурсты тәуекелге сай бөлуге мүмкіндік береді — жасыл жобаға артық зерттеу, қызыл жобаға жеткіліксіз бағалау қаупін азайтады.

Сингапур тәжірибесінің сабағы — технологиялық платформаның атауы емес, деректің ортақ стандарты мен параллель қарау қағидасы. Түркия мен Самарқанд кейстері мұра органын жоба циклінің басында қосудың маңызын растайды. Модельдің ғылыми жаңалығы — мұра тәуекелін ерте бағыттау, қолданыстағы ұлттық цифрлық жүйелерді қайталамай мәртебені байланыстыру және инвестициялық преференция мен рұқсат нәтижесін бір көрсеткіштер жүйесінде бақылау комбинациясында.

Зерттеу шектеулері: сауалнама ықтималдық емес; сараптамалық сұхбаттың толық транскрипті жоқ; қала деңгейіндегі толық уақыт қатары жоқ; 2026 жылғы Құрылыс кодексінің практикалық әсерін бағалауға жеткілікті кезең қалыптаспаған; модель пилоттан өтпеген. Болашақ зерттеу бастапқы база жасауды, «дейін және кейін» талдауын және квазитәжірибелік дизайнды қажет етеді.

6. Қорытынды

Зерттеу Түркістандағы құрылыс инвестицияларын мемлекеттік реттеудің негізгі мәселесі құқықтық актілердің жетіспеуі емес, құрылыс, жоспарлау, мұра, инженерлік инфрақұрылым және инвестициялық сүйемелдеу шешімдерінің бір жоба циклінде жеткілікті үйлеспенуі екенін көрсетті.

Авторлық сауалнама: 54,2% реттеуді тиімсіз деп бағалаған; 59,2% жобалау-сметалық құжаттаманы, 51,7% рұқ-



саттар мен мұра сараптамасын, 49,2% жер рәсімін қиындық ретінде атаған. Төрт компоненттен тұратын модель негізделді: матрицалық жобалық үйлестіру; мұра тәуекелін жасыл-сары-қызыл бағытқа ерте бөлу; цифрлық жүйелер арасында мәртебе алмасу; нәтижелік мониторинг.

Модельдің негізгі қорғау қағидасы — әкімшілік жеделдету жоғары тәуекелді жобаның мұраға әсерін бағалауды қысқартпайды. Қызыл бағыттағы жоба бойынша толық МӘБ жүргізіліп, UNESCO/ICOMOS қарауы аяқталмайынша іске асыруға жол берілмеуі тиіс. Ұсыныстың нақты тиімділігі пилотта тексерілуі тиіс: медианалық қарау мерзімі, қайтару үлесі, қайталанған құжат, мұра скринингі, инвестор қанағаттануы және преференция міндеттемесінің орындалуы бастапқы және қорытынды кезеңде бірдей әдіспен өлшенуі қажет.

Тарихи қаладағы тиімді мемлекеттік реттеу жеделдік пен қорғаудың бірін таңдауға емес, тәуекелге сай рәсім құруға негізделеді. Түркістан үшін басқару сапасының өлшемі — жобаның тез өтуі ғана емес, талаптың ерте ашылуы, шешімнің дәлелділігі, заңды құзыреттердің үйлесуі, мұра құндылығының сақталуы және нәтижеге есеп беру.

Негізгі пайдаланылған әдебиеттер

1. North D.C. Institutions, Institutional Change and

Economic Performance. Cambridge: CUP, 1990.

2. Ostrom E. Governing the Commons. Cambridge: CUP, 1990.

3. ҚР Құрылыс кодексі. 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 253-VIII.

4. ҚР инвестициялық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Үкімет қаулысы № 1185, 2025.

5. Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы ҚР Заңы. 2025 жылғы 3 наурыздағы № 165-VIII.

6. UNESCO, ICCROM, ICOMOS, IUCN. Guidance and Toolkit for Impact Assessments in a World Heritage Context. 2022.

7. UNESCO World Heritage Committee. Decision 47 COM 7B.79: Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi. 2025.

8. OECD. Recommendation of the Council on the Governance of Infrastructure. 2020.

9. CORENET X. Overview. Government of Singapore. Автор туралы мәлімет

Мауленов Даурен Сапарғалиевич — «7M04120 — Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасының магистранты, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан.